

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
«Кәсіпкор» Холдингі коммерциялық емес акционерлік қоғамы

**ҚАНЖІГІТОВ Е.Қ., ҚОЙБАҒАРОВ Қ.У.,  
АХАНОВ Д.Д., ДОСПУЛОВ Ж.А.**

**ЖАНУАРЛАРҒА ЖАСАНДЫ ҰРЫҚТАНДЫРУ ЖҮРГІЗУ**

*1513000 –«Ветеринария» мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім жүйесі үшін өзектендірілген үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары бойынша оқу құралы ретінде әзірленген*

Астана, 2018 ж.

ӘОЖ 619. (075)

КБЖ 48.1 я 73

Ж 26

Жануарларға жасанды ұрықтандыру жүргізу: оқу құралы Қанжігітов Е.Қ., Қойбағаров Қ.У., Аханов Д.Д., Доспулов Ж.А. - Астана: «Кәсіпқор» Холдингі коммерциялық емес акционерлік қоғамы, 2018 ж.

ISBN 978-601-333-607-7

Оқу құралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы «31» қазандағы №553 бұйрығының 414-қосымшасында баяндалған ТжКБ берудің «Ветеринария» мамандығы бойынша ұлгілік оқу бағдарламасының оқыту нәтижелеріне сүйеніп жазылған.

Аталық және аналық малдардың жыныс мүшелерінің анатомиясы мен физиологиясын зерделеу тақырыбының оқыту нәтижесінде: ауылшаруашылығы малдардың жыныс мүшелерінің құрылышы, анатомиясы мен физиологиясы туралы мәліметтер берілген.

Ауылшаруашылығы малдарының акушерлік ауруларын емдеу бөлімінің оқу нәтижесінде: буаз малдарды диагностикалау оларға емдік көмек көрсету, буаз малдардың туу белгілерін анықтау, жаңа туылған төлдерді күтіп бағу, төлдің бұрыс келуіндегі акушерлік көмек көрсету әдістері баяндалған.

Жаңа туған аналық малдардың және сұт бездерінің ауруларын зерттеу тақырыбындағы оқу нәтижесінде: жаңа туылған төлдің өмір сүру қабілетін анықтау, төлдердің іш қату аурулары, сұт бездерін зерттеу және ауыл шаруашылық малдарын гинекологиялық ауруларын емдеу әдістері туралы мәлімет берілген.

Жануарларды жасанды ұрықтандыру тақырыбының оқыту нәтижесінде: жасанды ұрықтандыруға қажетті құрал-жабдықтарды, ерітінділерді, құйттеуші малды дайындау, өндіруші аталық малдардан ұрық алу, ұрықтың сапасын анықтау, буаз малдарды күтіп бағу және буаздықты зерттеу әдістері баяндалған.

Жануарларға жасанды ұрықтандыру жүргізу оқу құралы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің ауылшаруашылығы колледждерінің «Ветеринария» мамандығының «Ветеринарлық фельдшер», «Ветеринарлық фельдшер инспектор» және «Жануарлар мен құстарды жасанды ұрықтандыру операторы» біліктіліктері бойынша оқытын студенттерге арналған.

Оқулықты жазу барысында жұмыс берушілердің ескертулері мен ұсыныстары ескерілді.

ӘОЖ 619. (075)

КБЖ 48.1 я 73

### **Рецензенттер:**

Ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, Қапланбек аграрлық-техникалық колледжінің оқытушысы – Қ.Гуламқадиров;

Арнайы пәндер оқытушысы, Қапланбек аграрлық-техникалық колледж директорының өндірістік тәжірибе бойынша орынбасары – Б.Шығанов;

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринарлық бақылау және қадағалау комитетінің Сарыағаш аудандық аумақтық инспекциясының басшысы – О.Көкеев.

«Кәсіпқор» Холдингі коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ғылыми-әдістемелік кеңесімен мақұлданған 26.09.2018 ж. № 2 хаттама

## МАЗМУНЫ

КІРІСПЕ .....	5
I БӨЛІМ. АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ МАЛДАРЫНЫң ЖЫНЫС МУШЕЛЕРІНІҢ АНАТОМИЯСЫ МЕН ФИЗИОЛОГИЯСЫ .....	7
1.1. Ұрғашы малдың жыныстық мүшелерінің анатомиялық және топографиялық ерекшеліктері.....	7
1.1.1. Ішкі жыныс мүшелері .....	7
1.1.2. Сыртқы жыныс мүшелері.....	10
1.2. Еркек малдың жыныстық мүшелерінің анатомиялық және топографиялық ерекшеліктері.....	11
1.3. Күйіттеуші малды дайындау, жыныстық айналым, жыныстық феномен және шағылыстыру әдістері.....	16
1.3.1. Күйіттеуші малды дайындау әдістері .....	16
1.3.2. Жыныстық айналым феномендерін анықтау .....	17
1.3.3. Шағылысу .....	19
II БӨЛІМ. ЖАСАНДЫ ҰРЫҚТАНДЫРУ .....	21
2.1. ШӘҮЕТ АЛУ .....	21
2.1.1. Айғырдан шәует алу .....	21
2.1.2. Бұқадан шәует алу .....	22
2.1.3. Қошқардан шәует алу .....	24
2.1.4. Қабаннан шәует алу. ....	25
2.2. ШӘҮЕТТІҢ САПАСЫН БАҒАЛАУ .....	26
2.2.1. Шәует сапасын органолептикалық бағалау әдісі.....	26
2.2.2. Шәуетті спермийлерін белсенділігіне және қоюлығына қарап бағалау	27
2.2.3. Шәуетті спермийлердің қозғалыс белсенділігіне қарап бағалау .....	28
2.2.4. Тірі спермийлердің пайызын анықтау. ....	29
2.2.5. Шәуеттің сапасын тыныс коэффициенті бойынша анықтау .....	30
2.2.6. Патологиялық спермийлердің пайызын анықтау .....	30
2.2.7. Шәуеттегі спермийлердің концентрациясын анықтау .....	31
2.2.8. Спермийлердің абсолюттік өміршешендігін анықтау .....	34
2.2.9. Шәуеттің pH ортасын анықтау .....	35
2.3. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ МАЛДАРЫН ЖАСАНДЫ ҰРЫҚТАНДЫРУ .....	36
III БӨЛІМ. МАЛ ДӘРІГЕРЛІК АКУШЕРЛІК ICI .....	59
3.1. Буаздық физиологиясы және диагностикасы .....	59
3.1.1. Буаздықты тік ішек арқылы анықтау .....	61
3.1.2. Iрі қара мал буаздығын зерттеу әдістері .....	64
3.2. Туу және туу сатылары.....	66
3.3. Буаздық, туу және туганнан кейінгі патологиялар .....	69
3.4. Төлдің бұрыс келуінде көрсетілетін акушерлік көмек .....	79
IV БӨЛІМ. ЖАҢА ТУҒАН ТӨЛ ГИГИЕНАСЫ, АУРУЛАРЫ ЖӘНЕ СҮТ БЕЗДЕРІНІҢ АУРУЛАРЫ .....	93
4.1. Жаңа туылған төл күтімі .....	93
V БӨЛІМ. ГИНЕКОЛОГИЯЛЫҚ АУРУЛАР .....	100
5.1. Ұрғашы буаз малдарды гинекологиялық зерттеуден өткізу әдісі .....	100

5.2. Ауыл шаруашылық малдарының бедеулігі мен белсіздігі және эмбрионды	
көшіріп қондыру.....	102
ҚОРЫТЫНДЫ.....	106
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....	107

## **KIPICPE**

Мал шаруашылығы өнімдері өндірісінің жоғарылауы ауыл шаруашылық малдарының үдайы өсуін ұйымдастыру деңгейіне тікелей байланысты. Жасанды ұрықтандыру ірі көлемді селекцияның ұйымдастырушылық-техникалық негізі ретінде, өнімділігі жоғары өндіруші аталықтарды кең көлемде пайдалану есебінен, өнімділік көрсеткіштері төмен малдардың сапасын жақсарту қарқының жеделдетуге мүмкіндік туғызады. Қазіргі таңда ауыл шаруашылығы малдарының асыл тұқымдық базасын құру мақсатында, шет елдерден етті, сұтті бағыттағы тұқымдардың өнімділіктері жоғары малдарын біздің елімізге алып келуде.

Еліміздің мал шаруашылығында қызмет атқаратын мамандарының алдына үлкен талап қойып отыр. Шет елдерден алып келінген ауылшаруашылық малдардың генетикалық потенциалын сақтап, оны одан әрі дамытуы барысында жергілікті тұқымдарды жақсарту.

Ірі қара мал шаруашылығында малдарды селекциялау жұмысы өндіруші бұқалар арқылы жүргізіледі, себебі малдарды асылдандыру шаруашылықтарында өндіруші бұқалардың сапасын бағалап, қатаң сұрыптаудан өткізеді. Малдардың жалпы генетикалық көрсеткіштерін жақсарту кезінде өндіруші бұқаның қосатын үлесі 80-90% ды құрайды. себебі бұқалардан, сиырларға қарағанда анағұрлым жоғары ұрпақ алынады. Осы себептерге байланысты, ірі қара мал шаруашылығын үдемелі дамытудың негізгі элементі болып – сиырлар мен құнажындарды жасанды ұрықтандыруды ұйымдастыру болып саналады.

Ірі қара мал шаруашылығында сиырлар мен құнажындарды жасанды ұрықтандырудың тиімді шаралары.

1. Сиырлар мен құнажындарды жасанды ұрықтандыру кезінде өнімділіктері жоғары, өте құнды өндіруші бұқалардың ұрықтарын неғұрлым кең көлемде пайдалануға мүмкіндік туады, осыған байланысты сиырлардың асыл тұқымдық және өнімділік көрсеткіштерін өте тиімді және аз уақыт аралығында жақсартып алуға болады: сиырлар мен құнажындарды жасанды ұрықтандыру арқылы селекциялық жұмыстын қарқының, басқа әдістермен салыстырғанда 2-3 есеге жоғарлатуға болады;

2. Жасанды ұрықтандыру, белгілі бір мал табынының генетикалық көрсеткіштерін есепке ала отырып, соған сай келетін өндіруші бұқаны таңдап алуға үлкен мүмкіндіктер туғызады;

3. Жасанды ұрықтандыру әдісі, малдарды ерікті қашыру кезінде таралатын жыныс жолдарының жүқпалы ауруларының алдын алады;

4. Экономикалық жағынан да жасанды ұрықтандыру әдісі өте тиімді болып саналады, себебі бұл әдіс бұқаларды күтіп бағуға жұмсалатын шығындардың көлемін бірнеше есеге дейін төмендетеді;

5. Жасанды ұрықтандыруды пайдалану, табындағы малдарды алғашқы зоотехникалық есепке алу және асыл тұқымдық есеп жүргізу жұмыстарын айтарлықтай женілдетеді.

Осы себептерге байланысты, Қазақстан Республикасында, болашақта ауылшаруашылық малдарының асыл тұқымдық және өнімділік сапаларын жақсарту бағыттары бойынша іске асырылатын, етті және сүтті бағыттағы мал шаруашылығын дамыту селекциялық стратегия – ол сиырлар мен құнажындарды жасанды ұрықтандыру арқылы, өндіруші бұқаларды неғұрлым кеңірек пайдалануға бағытталуы қажет.

Бірақ, бұл жұмысты ойдағыдай жүзеге асыруға бірнеше кедергілер бар, ол: сиырлар мен құнажындарды жасанды ұрықтандыратын білікті мамандардың аздығы және жасанды ұрықтандыру бекеттерінде, малдарды жасанды ұрықтандыруға қажетті құрал-жабдықтардың, құрал-саймандардың жетіспеуі. Сондықтан, осы оку құралында, ауылшаруашылық малдарын жасанды ұрықтандыру әдісін пайдаланған кезінде осы жұмыстың тиімділігін айтарлықтай жоғарлататын, негізгі үйымдастыру-техникалық және технологиялық шараларға түсініктемелер берілген.

# I БӨЛІМ. АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ МАЛДАРЫНЫҢ ЖЫНЫС МУШЕЛЕРІНІҢ АНАТОМИЯСЫ МЕН ФИЗИОЛОГИЯСЫ

## 1.1. Ұрғашы малдың жыныстық мүшелерінің анатомиялық және топографиялық ерекшеліктері

**Мақсаты:** Ұрғашы малдардың жыныс мүшелерін оқып біледі.

**Материал және жабдықтар:** Суреттер, плакаттар, муляждар, (табиғи) ұрғашы малдардың жыныс мүшелерінің анатомиялық оқу препараторы, ауыл шаруашылық жануарлары (сиырлар, қойлар, ешкілер және т.б.).

**Тапсырма:** оқу құралдары мен материалдарын пайдалана отырып, ұрғашы малдардың жыныс мүшелерінің құрылышын, бөлімдерінің анатомиялық құрылышын ерекшеліктерін және топографиясын оқып білетін болады.

### 1.1.1. Ішкі жыныс мүшелері

**Жұмыртқалық** (ovaria, oophorop) – аналық малдың жұп мүшесі, негізгі атқаратын қызметі аналық жыныс жасушасын (клетка) және жыныс гормондар түзіп шығарады.

Сыртқы пішіні дөңгелек, сопақша, тығыз, көлемі: сиырда  $3 \times 2$  см; ұсақ малдарда  $1,5 \times 1$  см; биeler жұмыртқалықтары бүйрек тәрізі, көлемі  $5 \times 3$  см; мегежіндердің жұмыртқалықтары  $3 \times 2$  см; Жұмыртқалықтың көлемі, салмағы малдың әртүрлі физиологиялық жағдайларына байланысты өзгеріп, отырады.

Жұмыртқалық сыртынан эпителлий ұлпасымен мен қапталған. Осы қабаттың астында ақзаттық қабат орналасады. Жұмыртқалықты тіліп зерттегендеге екі, яғни сыртқы- фолликулярлы және ішкі-милы (қан, лимфа тамырлары, жүйке жүйесі) аймақтардан тұратынын ажыратады (1-сурет).


Эпителлий ұлпасы (грекше *epi* — үстінде, *thele* — қеуделік емізікше) ағзаны сыртқы жағынан қаптап, ішкі мүшелердің кілегейлі және сірлі қабықтарын астарлайтын және әртүрлі бездер паренхимасын түзетін ұлпа.

Фолликулярлы аймақта алғашқы, дамушы, пісіп жетілген фолликулдар (граафов көпіршігі) және сары денелер орналасқан.

Жұмыртқалық сиырда, қойда және ешкіде жамбас қуысында, биеде құрсақ қуысында оң жағынан 3-4-ші, ал сол жағынан 4-5-ші бел омыртқалар астында. Мегежінде, қаншықта, мысықта құрсақ қуысының артқы бөлігінде орналасады.



**Сурет 1.**  
**Жұмыртқалықтың**  
**құрылышы (нобайы)**  
 1-алгашқы эпителій;  
 2-фолликулярлық  
 аймақ;  
 3-тамырлы аймақ;  
 4-жұмыртқалық  
 қақпасы; 5-қан



**Сурет 2. Ұргашы малдардың жыныс мүшелері:**

*A – бие; Б – сиыр; В – қой; Г – мегежін;*

1 – шүртекей; 2 – жыныс ернеулері; 3 – қынап кіреберісі бездерінің  
 вентральды және дорсальды арналары; 4 – қынап кіреберісі (несеп  
 жыныс синусы); 5 – несеп-жыныс арнасының саңылау; 6 – құнажындық  
 перде; 7 – қынап (ашылған); 8 – қуық; 9 – жатыр мойынының қынаптық  
 бөлігі; 10 – жатыр мойыны; 11 – жатыр денесі; 12 –  
 жұмырткалықтың арнайы байламы; 13 – жұмыртқалық; 14 –  
 жұмыртқалық тұтігі; 15 – жатыр тармагы (жылқыда - сол жақ  
 тармагы, сиыр мен қойда - оң жақ); 16 – жатыр шарбысының  
 (жатырдың кең байламы) артерия қан тамырлар.  
 тамыры; 6-алгашқы эпителийдің перитонеалді эпителийге айналу шегі;  
 7-граафов көпіршілігі.

**Жатыр тұтікшелері** (salpinx) - негізгі қызметі аналық және аталық жыныс торшалардың кездесуін қамтамасыз ету. Ол үш қабаттан (кілегейлі, етті, сірлі) тұратын өте жіңішке, жұмыртқалық пен жатыр тармағын жалғастыратын иректелген тұтік.

Жатыр тұтікшесінің ішкі кілегейлі қабаты кірпікшелі эпителлийден тұрады. Ұзындығы биеде, түйеде, сиырда, мегежінде 25-30 см, қойда және ешкіде 10-15 см, тұтіктің ішкі диаметрі жұмыртқалыққа жақындаған сайын кеңейе береді де, ақырында жалбырланып жатыр тұтігінің құлақша өсінділерімен (бахромка) аяқталады. Кейде тіпті жұмыртқалықты қоршап жатады.


**Жатыр** (uterus, hystera, metra) - негізгі қызметі төлдің өсіп дамуын қамтамасыз етеді. Жануарлар жатыры күрделі жатыр және жай жатыр болып 2 бөлінеді. Күрделі жатыр (кос тармақты екіге бөлінген - сиырда, түйеде, қойда ешкіде, мегежінде, қаншықта және биеде, есекте; қос жатыр - кеміргіштерде), ал жай жатыр - приматтарда. Жатыр қабырғасы кілегейлі, етті, сірлі қабаттардан тұрады.

Жатыр жамбас қуысында орналасқан. Сиырлардың жатыр тармақтары жамбас қуысында жатады. Кейде көп туған немесе сақа сиырларда құрсақ қуысына қарай ығыса орналасады, ал биенің, мегежіннің, қаншық пен мысықтардың жатыр тармақтары құрсақ қуысында жатады. Олар жатыр шарбысы арқылы бел омыртқа бұлшық еттеріне бекітіледі.

Жатыр үш бөліктен тұрады: жатыр мойынынан, денесінен және тармақтарынан.

Жатыр мойыны (cervix uteri) қынап пен жатыр денесін жалғастырып тұрады, өте тығыз, бұлшық етті ағза. Оның диаметрі 3-4 см цилиндр тәрізді, ұзындығы сиырларда 10-15 см.

Жатыр мойының кілегейлі қабаты ұзындынан (биеде) және көлденең (сиырда, қойда, ешкіде, мегежінде) қатпарлар түзеді (3-сурет).



**Сурет 3. Қойдың жатыр мойыны (кесінді көрінісі)**

Осы көлденең қатпарлардың ұштары мегежіннен басқа малдарда қынапқа қарай бағытталып, бір-бірімен түйісіп тұрады. Мегежінде бұл қатпарлардың ұштары бір-бірімен түйіспейді. Жатыр мойының кілегейлі қабатының эпителий ұлпалары муцин тәрізді кілегейлі шырыш бөледі, ол ауаның әсерінен қоюланып жатыр мойында тығын түзеді.

Жатыр денесі (corpus uteri) жұмсақ, ұзындығы 2-3 см, бие жатырының денесі кең, ұзындығы 10-15 см, себебі биенің төлі жатыр денесінде және

тармағында өсіп дамиды, ал қалған малдарда төл жатыр тармақтарында өсіп дамиды.

Жатыр тармақтары (*cornua uteri*) жатыр денесінен әрі қарай жіңішкере келеді де, ұрық түтікшелерін құрайды. Жатыр тармақтарының екіге бөлінген жерін *биfurkация* деп атайды. Жатыр денесінен осы бифуркацияға дейін тармақ аралық өзек түзіледі. Сиырдың жатыр тармақтары қошқар мүйізі тәрізденіп астына қарай бүктеліп жатады, ұзындығы 20-30 см. Биенің жатыр тармақтары алға қарай, төмен түсіп барып, тармақтарының ұштары жоғары қайырылып тұрады, яғни дөңес жағы астында да, ойыс жағы үстіне қараған.

Мегежіннің жатыр тармақтары ішек тәрізді иректеліп күрсақ қуысында жатады, ұзындығы 1,5-2 м. Құйіс қайыратын малдардың жатыр тармағында кілегейлі қабаттан түзілген, арнайы құрылымдар – (*карункулалар*) орналасады, олардың жалпы саны 80-120 дейін жетеді, олар жатыр тармақтарда 3-4 қатар, ал жатыр денесінде ретсіз орналасады. Карункулалардың беткейінде кішкентай тесіктер бар, олар (*крипталар*) деп аталады. Сиырлардың карункулаларының беткейі дөңестеніп келеді де, ал ұсақ малдарда түйме тәрізді ойыстанады.

Басқа малдарда карункулалар болмайды, сол себепті крипталар жатырдың кілегейлі қабатының беткейінде орналасады. Мұнымен қоса жатырдың кілегейлі қабатында жатыр бездері орналасады.

**Қынап** (*vagina, colpos*) жамбас қуысында, тік ішектің астында орналасқан. Негізгі қызметі шағылысады қамтамасыз етеді және толғактың әсерінен іштегі төл жылжитын бөлігі. Оның ұзындығы ірі малда 30-35 см, уақ малда 10-20 см түтік, (кілегейлі, етті, адвентиция) қабаттарынан тұрады. Кілегейлі қабаты көп қабатты жалпақ эпителиймен қапталып, ұзындан орналасқан көптеген қатпарлар түзеді.

Қынаптың вентральдік бөлігінде ұзындан орналасқан (*гартинер жолдары*) жатыр. Қынаптың краниальдік бөлігінде, жатыр мойнының жоғарғы жағында кеңейген күмбез тәрізді кеңістік түзіледі. Қынап пен қынап кіреберісін кішкентай ғана көлденең қатпар бөліп тұрады ол - *құнажындық перде* (*hymen*) деп аталады.

### 1.1.2. Сыртқы жыныс мүшелері

**Қынап кіреберісі** (*vestibulum vaginae*) жыныс саңылауынан басталып қынапқа қосылатын, ұзындығы ірі малда 8-14 см болатын түтікше мүше. Сиырда, койда, ешкіде және мегежінде зәр шығатын саңылау кішкентай көлденең қатпармен екіге бөлінген, оның үстіңгі бөлігі зәр шығатын арнаға, яғни қуыққа барады да, ал төменгі саңылау тереңдігі 2 см болатын тұйық-дивертикул (*diverticulum suburetrale*) түзеді. Бұл анатомиялық ерекшеліктерді мал ұрықтандырғанда немесе қуыққа катетер салғанда ескеру қажет. Биеде дивертикул болмайды. Қынап кіреберісінің атқаратын негізгі қызметі жыныстық қатынасты (шағылысады) қамтамасыз етеді.

Қынап кіреберісінің қабырғасы: кілегейлі, етті және дәнекер ұлпалы қабаттан тұрады. Кілегейлі қабат көп қабатты жалпақ эпителиймен қапталған және ол әр түрлі қалындықта қатпарлар түзеді. Қынап кіреберісінің екі

жағында, кілегейлі қабаттың астында екі қатар орналасқан шырыш бөлетін түтік тәрізді бездер орналасады.

Жыныс саңылауынан 1,5-2,5 см терендікте, сарпайдың жоғарғы бұрышына жақын, етті қабаттың ішінде қынап кіреберісінің үлкен (вестибулярлық) бездері (gl. vestibulares major) және кіші безі (gl. vestibulares minores) орналасқан. Мұнымен қоса биеде, мегежінде, қанышқта қынап кіреберісінің екі жағында, сарпай сфинктерінің астында тереніректе, тығыз фиброзды қабықпен қапталған екі қуыс немесе каверналық денелер (bulbus vestibuli) орналасқан. Бұл денелер жыныстық қатынас кезінде қанға толып, сарпайды ісіндіреді.

Қынап кіреберісінің төменгі жағында, шонданай сүйегінің үстінде, аталық жыныс мүшесініңrudimentі - *шұртекей* (clitoris, cunnus) орналасады. Ол екі түрлі кавернозды денеден (венозды және артериалды) тұрады. Шұртекей жүйке ұштарына өте бай, мүше басынан, денесінен және аяқтарынан тұрады.

**Сарпай** (vulva) сыртынан нәзік түкті терімен қапталған екі жыныс ернеулерінен (labia vulvae) тұрады. Осы жыныс ернеулерінің жоғарғы жағы биеде сүйірленіп (cornmissura labiorum superior) және төменгі бөлігі доғалдана (cornmissura labiorum inferior) қосылып, жыныс саңылауын құрайды.

### **Бақылау сұрақтары**

1. Биelerдің жыныс мүшелері қандай бөліктерден тұрады?
2. Шұртекей дегеніміз не?
3. Эр тұліктің ұрғашы малдарының қынап кіреберісінің және қынап шекарасын қалай анықтайды?
4. Қандай жануарларда қынап жиынтығы болады?
5. Қандай жануарларда жатыр тұтігінің көлденең қатпарлары жақсы жетілген?
6. Қай жануарларда овуляциялық (ұрықтану) шұнқыр болады?
7. Жануарлардың қандай түрінде бұдырлы жұмыртқалық кездеседі?

## **1.2. Ерек мальдың жыныстық мүшелерінің анатомиялық және топографиялық ерекшеліктері**

**Мақсаты:** зоотехникалық және ветеринарлық тәжірибеде ерек мальдардың жыныс мүшелерінің анатомиялық құрылымын және ерекшеліктерін әртүрлі жануарларда (бұқа, қой, қабан, айғырлар, бие, мысық) зерттеу.

**Материал және жабдықтар:** суреттер, плакаттар, муляждар, (табиги) ерек үй жануарларының жыныс мүшелерінің анатомиялық оқу препарраттары, хирургиялық қысқыштар, пышақтар, инелер, несеп катетері, өлшеуіш сизғыштар, ауыл шаруашылық жануарлары.

**Тапсырма:** оқу-әдістемелік құралдарын пайдалана отырып, ерек мальдардың жыныс мүшелерінің құрылышын және топографиясын оқып біледі.

Ерек мальдардың жыныс мүшелері еннен, несеп бөлу түтігінен (ен қосалқысынан, ұрық жолдарынан, несеп жынысы түтігінен), қосалқы жыныс бездерінен, қамшы немесе қасадан және күпектен тұрады.

**Ерек мальдың жыныс ағзаларына ұма**, ен, ен қосалқысы, ұрық түтікшелері, қосымша жыныс бездері, жыныстық мүше (қаса, қамшы, шыбық, шүкі) және күпек жатады. (4-сурет).

**Ұма** (scrotum) - екі қабаттан тұратын қапшық. Сыртқы қабаты тері, өте жұқа, жұмсақ. Онда тер бөлетін бездер өте көп. Ішкі қабаты серпімелі етті қабықтан тұрады. Екі қабығы бір-бірімен өте тығыз байланысқан.

Ұманың негізгі атқаратын қызметі ен мен ен қосалқысын сыртқы ортанды зиянды әсерінен сақтау және температуралы реттеу. Ұманың ішіндегі температура дене температурасына қарағанда 3-5°C төмен. Мұндай температура спермиогенездің дұрыс өтуіне және шәуектің сапасына әсер етеді.

**Ен** (testis, orchis, didymis) - бұл мүше эндокринді мүшеге жатады. Ен сағағына ілініп, ұманың қынаптық қуысында жатады. Сыртқы пішіні жұмыртқа тәрізді сопақша, тығыз, серпімелі, өте қурделі түтікті без. Оның басқа эндокринді бездерден өзгешелігі ол миллиардтаған тірі торшаларды (спермийлерді) тұзеді.

Еннің ұзындығы: бұқада 12-15 см, диаметрі 6-7 см, салмағы 300 гр. Ұманың ішінде тігінен орналасқан. Қошқардың ені шамалы көлемі жағынан кіші. Қабанның ені көлбеу, ал айғырдың ені көлденең орналасады.


Ен сыртынан ақзаттық қабықпен қапталған. Ақзаттық қабық еннің ішіне қарай еніп орталық қалқан тұзеді. Осы қалқаннан қалқаншалар тарап, енді 300-400 бөліктерге бөледі. Әр бөліктің ішінде 4-5 ирек түтікшелер орналасады. Спермийлер осы ирек түтікшелерде тұзіледі. Әр бөліктен тік түтікшелер шығып, бірігіп ен торын құрайды.

**Ен қосалқысы** (epididymis). Ен қосалқысының басын ен торынан шыққан ұрық шығарушы түтікшелер құрайды. Осы түтікшелер бір ортақ арнаға ауысып ен қосалқысының денесін құрайды, әрі қарай кеңейе келіп ен қосалқысының құйрығын қалыптастырады. Ен қосалқысы енді бойлап, жабысып жатады. Спермийлер ен қосалқысында 2-3 ай сақталады. Ен қосалқысында аталақ ұрық жасушалары анабиоздық құйге тұседі.

**Ен бауы** (funiculus spermaticus) сірлі қабат ішінде орналасқан ұрық жолынан, қан тамырларынан, жүйкелерден және бұлшық ет талшықтарынан тұрады. Ол еннен және ен қосалқысынан басталып бау тәрізденіп шап өзегіне бағытталады. Оның ұзындығы бұқада 20-25 см. Ен бауында әлсіз дамыған бұлшық ет талшықтары бар, олар енді көтергіш етті (m. cremaster internus) тұзеді. Ен бауының ішімен өте иректелген ішкі ендік артерия (a. spermatica interna) және ендік вена (v. spermatica interna) өтеді.

**Ұрық жолдары** (ductus deferens) ен қосалқысының арнасынан басталады да, енбауының құрамында құрсақ қуысына өтіп, қуықтың үстіндегі жағында ампула тәрізденіп кеңейіп, несеп жолына барып қосылады. Әрі қарай бұл жол несеп-жыныс арнасы деп аталады.

**Қосымша жыныс бездері.** Көпіршік тәрізді жұп бездер (gl. vesiculares), олар қуықтың дорсалдік бөлігінде, ұрық тұтікшесінің кеңейген жерінде екі жағынан орналасқан ұзындығы - ірі қара малда және қабанда 10-15 см, диаметрі 4-5 см. тік ішек арқылы қол салып қарағанда анық білінеді. Төбетте және жабайы андарда бұл без жоқ.



**Сурет 4. Ерек малдардың жыныс мүшелері:**

**А-айғыр; Б-бұқа; В-қошқар; Г-қабан;**

1 – көпіршік безі; 2 – қуық асты безі; 3 – Купер безі; 4 – жыныс мүшесі немесе қамиши (penis); 5 – ұма; 6 – ен қосалқысы; 7 – ен; 8 – күпек; 9 – қамишының (соңғы бөлігі) басы; 10 – ұрық жолдары; 11 – ен бауы; а – бұйрек; б – несеп ағар; в – тік ішек; г – қуық; д, е – несеп жыныс өзегінің жамбас және жыныс мүшесі бөлігі

Бадана безі (gl. prosta<sup>t</sup>a) жеке дара без, айғырда және төбетте жақсы дамыған, қуықтың дорсалдік жағында, несеп-жыныс өзегінің басталған жерінде орналасқан.

Купер бездері (gl. bulbouretralis) жұптасып, несеп-жыныс өзегінің дорсалдік бөлігінде, екі жағында жамбас қуысынан шығатын жерінде, қасаға сүйектерінің маңында орналасқан. Көлемі 3-4 см (қабанда 6-12 см) болатын екі бөлек безден тұрады. Төбетте бұл без болмайды. Осы жоғарыда айтылған бездердің арналары несеп-жыныс өзегіне келіп ашылады.

Уретралдық бездер несеп-жыныс өзегінің қабырғасында орналасқан.


Қосымша жыныс бездерінің негізгі қызметі, өзінің бөліп шығаратын сөлі арқылы ен қосалқысынан келген қою шәуекті сұйылтып, көлемін ұлғайтады, спермийлерді үйқыдан оятып, қозгалыс белсенділігін арттырады, ал шәует бөлінер алдында уретралық бездер өзінің шырышымен (секретімен) несеп-жыныс өзегін тазалап өтеді.

**Жыныс мүшесі** (penis) бұқада - қамшы, қабанда, қошқарда - *шыбық*, айғырда - қаса, төбетте, мысықта - *шукі* деп аталады. Шәуекті (ұрықты) ұргашы малдың жыныс жолдарына апарып салатын жыныстық қатынас ағзасы.

Жыныс мүшесінің қасаға сүйектеріне бекитін түбірі, айғырда жуан, басқа малда жінішкелеу, ұзын денесі және басы болады. Қабанның жыныстық мүшесі спираль тәрізді. Жыныстық мүшениң вентральдік бөлігінде несеп-жыныс өзегі орналасады. Бұл өзекті жан-жағынан каверналды дене қоршап жатады. Каверналды денені ірі-ірі қуыстарға айналған қан тамырлары деп білуіміз керек.

Эрекция кезінде осы каверналар (куыстар) қанға толып жыныстық мүше жуандап қатаяды. Ұзарып, күпектің сыртына шыбып кетеді. Жыныстық мүшениң ұзындығы айғырда 100 см, бұқада 150 см, қошқарда 50 см, қабанда 80 см. Күйіс қайыратын малдардың жыныстық мүшесінің басында 2-3 см бөлек шыбып тұратын несеп-жыныс өзегінің өсіндісі болады, ол эякуляция кезінде дірілдеп шәуекті жатыр мойынына айналдыра шашады. Айғырда бұл өсінді өте қысқа, жыныстық мүшениң басынан аспайды.

Күпек (praerutium) жыныстық мүшениң басын жауып тұратын, терінің катпарларынан тұратын қапшық. Күрсақтың вентралдік бөлігінде, ұманың алдыңғы жағында орналасқан. Күпек ішкі жағынан кілегейлі кабықпен қапталған, бұл қабық өз кезегінде жыныстық мүшениң денесіне аудысады. Қалыпты жағдайда айғырдың күпегінің катпарлары, қос қабатты қапшыққа үқсайды. Эрекция кезінде бұл катпарлар жазылып кетеді.



**Сурет 5. Ен және ен қосалқысының құрылышы** (кесінді көрінісі)

1-дәнекер тоқымалы калқаншалар; 2-тік және ирек тұтікшелер; 3-ен торы; 4- ен торынан шығарушы өзектер; 5- ен қосалқысының басы; 6 -ен қосалқысының денесі;7-ен қосалқысының құйрығы; 8-ұрық жолы.

*Спермиогенез дегеніміз* енде спермийлердің түзіліп, дамып жетілуін айтады. Ұл ұдеріс аталық малда жыныстық жетілуден басталып, қартайғанға дейін үздіксіз жүреді.

Спермийлер ирек тұтікшелерде түзіледі. Ирек тұтікшенің қабырғасының ішкі жағында (мембранасында) бірнеше қатар болып сперматогоний орналасқан.

Спермиогенез ұдерісінде көбею, өсу, пісіп-жетілу және қалыптасу сияқты төрт сатыны ажыратамыз. Көбею сатысында әрбір сперматогоний екіге бөлініп бірінші дәрежелі сперматоциттер пайда болады, олар - тағы екіге бөлінеді де, екінші дәрежелі сперматоциттер пайда болады. Екінші дәрежелі сперматоциттер біраз ұлғайғаннан кейін екіге бөлініп, сперматидтер пайда болады. Сперматидтердің ядросында хромосомдар гаплоидты (жартылай) болады. Сперматидтер қалыптасып спермийлерге айналады, мұны қалыптасу сатысы деп атайды.

Калыптасу ұдерісі ирек тұтікшенің Сертоли торшаларының протоплазмасында өтеді. Спермийлер осы жерде өздігінен қозғалатын жағдайға жетіп, жылжи отырып ен қосалқысының арнасына келіп түседі. Мұндағы қышқылды орта әсерінен спермийлердің қозғалысы бәсендеп, кейін мұлдем тоқтайды, яғни олар анабиоздық жағдайға түседі. Сапасы жоғары спермийлер ен қосалқасы құйрығының арнасында жатады. Ұл жерде спермийлер 2-3 айға дейін өзінің сапасын жоғалтпай, сақталып тұра береді. Ен қосалқысын осындай жағдайда спермийлердің жиналып, сақталып тұратын уақытша қоймасы деп қараймыз.

Спермиогенез тоқтаусыз жүретін ұдеріс болғанымен жыл мезгіліне қарай, азықтандыру мен бағып күтуге, аталық малды пайдалануға байланысты (шәует алу режимі, күйекке салу) кейде карқынды, кейде төмендеп қалады.

Ен паренхимасында тек қана спермийлер ғана емес, сонымен қатар аталық жыныстық гормон *тестостерон* (Лейдиг торшаларында) түзіледі. Ұл гормон негізінен жыныс мүшелерінің дамып жетілуіне, сонымен қатар аталық малдың өзіне тән белгілерінің пайда болуына және ұрғашы малға деген жыныстық инстинктің пайда болуына әсер етеді. Піштірілген малда ондай рефлекстер болмайды.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Ен қабы қандай қабаттардан тұрады?
2. Енді сыртқа көтеретін бұлшық еттің қызметі қандай?
3. Айғыр қасасымен қабан қамшысының басының айырмашылығы неде?
4. Қандай жануарларда ұма мойыны әлсіз дамыған?
5. Қандай жануарларда ұма артқы жағында орналасқан?
6. Қайсы жануардың ені салмақ жағынан ауыр келеді?
7. Ен бауының құрамына нелер енеді?

### **1.3. Күйіттеуші малды дайындау, жыныстық айналым, жыныстық феномен және шағылыстыру әдістері.**

**Мақсаты:** күйіттеуші малды дайындау және пайдалану, жыныстық айналым оның сатыларын, феномендерін, жарамды және жарамсыз жыныстық айналым, жыныстық қатынас, аталық малдардың жыныстық рефлекстерін және шағылыстыру әдістерін оқып үйрену.

**Материал және жабдықтар:** Суреттер, плакаттар, муляждар, (табиғи) күйіттеуші аталық және күйлеп тұрған ұрғашы малдар (бұқалар, қошқар, қабан, теке, күйлеп тұрған сиырлар, қойлар, ешкілер және т.б.). қынап айнасы, бір реттік полиэтилен акушерлік қолғаптар, жасанды қынаптар, стетофонендоскоптар, термометрлер, алжапқыш, малды бекемдеу құрылғысы (станок), сабын, залалсыздандырғыш ерітінділер, шприцтер, дәрілік заттар, жануарларды тіркеу параптасы, ультрадыбыстық зерттеу құралдары және т.б заттар.

**Тапсырма:** оқу құралдары мен материалдарды пайдалана отырып, күйіттеуші малды дайындау, аталық малдың жыныстық феномендерін, рефлекстерін анықтау және шағылыстыру.

#### **1.3.1. Күйіттеуші малды дайындау әдістері**

Жасанды ұрықтандыру жұмысы нәтижелі болу үшін, аналық малдың күйлеу уақытын өткізіп алмай, дер кезінде ұрықтандырып отыру керек. Жасанды ұрықтандыру кезеңінде ұрықтандыру уақытын шырыш ағу және жыныстық қозу белгілері бойынша анықтаған жағдайда 30%-дан астам малдың күйге келмегендігі анықталады. Бұған қоса күйлеу уақыты кейбір малда өтіп кетуі мүмкін. Кейде табынды 4-5 рет қарап бақылағаның өзінде күйлеу уақыты өткен сиырлар саны 20%-ға жетеді, ал жыныстық қозу белгілері байқалмағандары 40% жоғары болады. Сондықтан күйіттеуші малды пайдаланудың маңызы орасан зор.

Күйіттеуші-аталық мал дегеніміз күйге келген аналық малды табу үшін, жыныстық рефлекстері толық сақталған, арнайы дайындалған ерекек мал. Күйіттеуші - аталық мал тек күйлеген малды тауып қана қоймайды, ол сонымен қатар аналық малдың жыныстық қызметін ынталандырып, реттеудің тиімді факторларының бірі болып саналады.

Күйлеу - бұл ұрғашы малдың ерекек малға оң жыныстық шағылуы, сондықтан оны қүйіттеуші малдың көмегімен нақты анықтауға болады. Сиырларды ұрықтандырғаннан кейінгі дұрыс ұйымдастырылған сынақ барысында (проба) буаздықты және бедеулікті сенімді түрде анықтауға мүмкіндік береді.

Күйіттеуші-аталық малды жергілікті тұқымды немесе ет бағытындағы, жыныстық жағынан белсенді, дені сау, 8-10 айлық жас бұқалардан дайындейді. Оларды індегік және инвазиялық ауруларға (туберкулез, бруцеллез, кампилобактериоз, трихомоноз, вибриоз, т.б.) зерттейді.

Күйіттеуші - бұқаларды 1-1,5 жылға ғана пайдаланған жөн, ал кейінен бордақылап етке өткізеді. Күйіттеуші-бұқалар піштірілген бұқаларға қарағанда жылдам өседі, салмақтары жарамсыздыққа шығару уақытына дейін 500 кг-нан асады және терісінің сапасы жоғары болады. Оларға аса көп, қосымша шығын шығарылмайды, сөйтіе тұра олардан келетін пайда үлкен, ең бастысы бұл бедеуліктің алдын алуда өте тиімділігі.

Күйіттеуші - бұқаларды дайындауда бірнеше сенімді ота әдістер қарастырылған. Кез келген бұқаға ота жасауға болады, бірақ оны 8-10 айлығында жасағанда, жеңіл және ыңғайлыштың 150-200 бас сиырға 1 күйіттеуші бұқадан дайындалады.

Күйіттеуші малды жыныстық қатынасқа түсे алатын, бірақ ұрықтандыра алмайтын және жыныстық қатынасқа мүлде түсे алмайтындай етіп дайындауға болады.

### **1.3.2. Жыныстық айналым феномендерін анықтау**

*Шырыш ағу феномені.* Жыныс мүшелерінің кілегейлі қабығындағы эпителий жасушалары көбейіп, бірнеше қабат өсіп, сөл бөліп шығара бастайды. Пайда болған сөл жыныс саңлауынан ағып шығады да, сарпайынан жіп тәрізді шұбатылып, мөлдір түсті, ақшыл сұйық түрінде көрініп тұрады. Бұл құбылысты шырыш ағу феномені деп атайды: осы кезеңде жатыр мойнының, қынаптың, қынап кіреберісінің кілегейлі қабықтары домбығып, ісініп, қызарады.

Шырыш ағу үдерісі 2-3 тәулікке созылады. Бұл кезде жатырдың тонусы күшіне түседі, тік ішек арқылы сипап зерттегендеге жылдам жиырылып серпіледі.

Алғашқы күндері аққан шырыштың мөлшері аз болады да, оның малдың жатқан жерінде немесе құйрығына жабысып тұрғаны байқалады. Бұдан кейін шырыштың мөлшері көбейіп бөлінеді де, шырыш ағу феноменінің аяқталу кезеңінің соңына қарай төмендейді. Бұл кезде шырыш коюланып, бұлыңғырланады. Кейбір сиырларда, қаншықтарда ұсақ қан тамырлары жарылуы салдарынан қан араласқан сұйық ағады. Осы кезеңдегі жағындыны микроскоп арқылы қарағанда кілегейлі эпителлий жасушалары көптеп түсे бастағаны байқалады. Шырыш ағу үдерісінің соңына қарай, жоғарыда айтылған барлық пролиферативті үдерістер бәсендейді. Қан айналымы төмендеп, кілегейлі қабықтың түсі бозғылт тартады.

Шырыш ағу феномені басқа феномендерден бұрын басталып, кейін аяқталады. Күзде, қыстың суық күндері бұл үдеріс қысқа мерзімде, баяу өтеді, ал көктемнің, жаздың жылды күндері, керісінше, өте айқын, карқындал, 3-4 күнге созылады.

Шырыш ағу үдерісінің маңызы өте зор. Сұйықтық көп аққан сайын, жыныс жолдары тазарады; кілегейлі сұйық, аталық торшалардың (спермийлердің) қозғалуын қамтамасыз ететін қолайлы орта тудырады.

Шырыш ағу үдерісі басталғаннан 1-1,5 тәулік өткен соң, келесі феномен -жыныстық қозу басталады.

*Жыныстық қозу* (жалпы реакция) *феномені* малдың мінез-құлқының өзгеруімен сипатталады. Мал мазасыздынып, бір орында түрмай, әр түлік өзіне тән дыбыстар шығарып, аяғымен жер тарпиды, азыққа қарамай, сүтінің құрамы өзгеріп, мөлшері азаяды. Мысалы: сиырлар жайылымда жүргенде, аулаға шығарғанда басқа сиырларға асылып шағылышқандағыдай әрекет жасайды, бірақ бұқаны жолатпайды. Жыныстық қозу феномені 15-20 сағатқа созылып, кейде бұл феномен мүлде байқалмай өтуі мүмкін.

*Күйлеу феномені* ұрғашы малдың шағылышуға, ұрықтануға дайын екенін көрсетеді. Бұл кезеңде күйлеген мал ерек малды өзі іздейді, оған жақындашып шағылышуға ыңғайланып, ерек мал үстіне асылғанда қозғалмай тұрады. Сиырларда күйлеу феномені орта септен 20 сағатқа созылады. Қыстың күндері бұл көрсеткіш 10-13 сағатқа, ал жаздың күндері бір тәулікке созылуы мүмкін. Малдың күйлегенін күйіттеушілерді (бұқа, қошқар, қабан, айғыр) қолдану арқылы анықтайды.

*Овуляция* деп пісіп жетілген фолликулдің жарылып, фолликулярлы сүйкепен бірге аналық жыныс жасушасының бөлініп шығу үдерісін айтады.

Ірі малдағы овуляция үдерісін тік ішектерде арқылы, жұмыртқалықты сипалап білуге болады. Күйлеп жүрген малдың жұмыртқалығында аумағы 0,6-1,0 см, сырты жылтыр, былқылдаған күлдіреуік байқалады. Ол өсе келе жұмыртқалықтың пішінін өзгертіп жібереді, дөңгелек шар тәрізді немесе сопақша, ұшбұрышты, алмұрт пішінді бола береді. Пісіп жетілген фолликулдің қабырғасы коллагеназа ферментінің әсерінен әбден жұқарады, ішкі қысым арта түседі де, фолликул жарылады. Бұл үдерістің өтуі фолликул ынталандыруши гормон мен лютеиндеуші гормонын тікелей әсер етуімен іске асады.

Пісіп жетілген фолликулдің көлемі - ірі қарада 1,5-2 см, биеде 4-5 см шамасы. Сиырда овуляция малдың күйлеуі тоқтаған соң, 10-15 сағаттан кейін өтеді. Күйіттеуші мал жанасып, шағылышқа түсіп жатса малдың күйлеуі де, овуляциясы да жылдам өтеді. Арық, қажыған, ауру мал овуляциясы кешігіп өтеді, 30% жағдайда овуляция болмай қалады (ановуляторлық айналым).

Овуляциядан кейін жұмыртқалықтың көлемі кішірейіп, жұмсақ дене болып қалады. Жарылған фолликулдың орыны шұңқырланып, оған ұйыған қан толады, ол фолликулярлы эпителлийдің жасушаларымен араласа есіп, оған лютеинді фермент сіңіп, сары денеге (уақытша без) айналады. Овуляциядан 4-5 күннен кейін-ақ, сары дене жұмыртқалықта бұлтиып біліне бастайды. Жыныстық циклдің феномендерінің өту уақыты I-кестеде көрсетілген.

Егер де овуляциядан кейін мал тоқтап кетіп буаз болған жағдайда, сары дене мал төлдегенге дейін өзінің қызметін тоқтатпай, сақталып калады. Мұндай сары денені буаздықтың сары денесі деп атайды. Ал егер де, буаздық болмай жыныстық цикл қайталаңатын болса, пайда болған сары дене 7-10 күннің ішінде ыдырап, жоқ болып, сіңіп кетеді де, ұрық безінде қайтадан фолликулдер өсіп жетіле бастайды.

## 1-кесте. Малдың күйләйтін мерзімі және овуляция өтетін уақыты

Мал тұлғі	Күйләйтін мерзімі			Овуляция өтетін* уақыты
	Төлдегеннен кейін	Қайталануы	Ұзақтығы	
Сиыр	20-30 күнде	21 күнде	15-20 сағат	Күйлеуі тоқтағаннан кейін 10-15 сағаттан соң.
Бие	7-9 күнде	21 күнде	4-7 тәулік кейде 10-12 тәуліке созылады	Күйлеуі тоқтардың алдында, таңға жуық мезгілде.
Қой, ешкі	15-30 күнде кейде 1,5-2 ай өткенде	16-17 күнде	1,5-2 тәулік	Күйлеу басталғаннан кейін бір тәулік өткен соң
Мегежін	20 күн өткенде немесе торайын бөлген соң 3-5 күн өткенде	21 күнде	2-2,5 тәулік	Күйлеу басталғаннан -кейін бір тәулік өткен соң басталып 1-2 күнге созылады.
Қаншық, мысық	-	3-6 ай	8-14 тәулік	Күйлеу үдерісі нағыз қызған кезде бірнеше күн бойы өтеді
Түйе	Бірнеше күн өткен соң	50 тәулік	15-65 тәулік	Шағылысқаннан соң өтеді.

Мұндай жағдайда сары дене жыныстық айналым сары денесі деп аталады. Буаздықтың сары денесі мал төлдегеннен кейін 30 күннің ішінде, жыныстық айналымның сары денесі 15-20 күннің ішінде ыдырап сіңіп кетпей тұрып қалса, ондай сары дене тұрып қалған немесе *персистентті сары* дене деп аталады. Бұл аурудың белгісі.

Көп төлді жануарлардың жұмыртқалығында бір мезгілде бірнеше фолликулдар пісіп жетіледі де, овуляция үдерісі ұзаққа созылады.

### 1.3.3. Шағылысу

Ұргашы және ерекек малдың арасында болатын, негізінен шартсыз жыныстық рефлекстерден тұратын өте күрделі физиологиялық құбылыс. Жыныстық қатынас мынадай рефлекстерден құралады: іздеп-тауып жақындау; эрекция; асылу; қатынас рефлексі және эякуляция.

Бұл рефлекстер өзара тығыз байланысты және осындай ретпен өтеді де, эякуляциямен аяқталады. Осы рефлекстердің жиынтығын жыныстық инстинкт деп атайды. Жыныстық инстинкт жыныстық жетілумен қатар

овогенез, спермиогенез үдерістерінің нәтижесінде қалыптасады. Піштірлген ерекк мaldың жыныстық инстинкті болмайды.

Іздеп-тауып жақындау рефлексі деп ерекк мaldың күйлеген ұрғашы мaldы табуын айтамыз, кейде күйлеген мал ерекк малға өзі жақындайды. Бұл ит, мысықта, жабайы андарда өте айқын байқалатын рефлекс. Алғашқы кезде бұл рефлекс, дұрыс қалыптаса қоймайды, ерекк мал күйлемеген малға да жақындаап барып, иіскелеп сүйкенуі мүмкін, кейін ғана олар шартты рефлекстердің қосылуына қарай тәжірибе жинап, тек күйлеген мaldы дәл табатын болады.

Эрекция болатан кезде жыныс мүшесі қанға толып, жуандап ұлғайып қатаяды, яғни жыныс мүшесін ұрғашы мaldың жыныс жолдарына апарып салуға (енгізуге) қолайлыш жағдай туады.

Асылу рефлексінде ерекк мал күйлеген ұрғашы мaldың артқы жағынан келіп, үстіне асылып алдыңғы аяқтарымен оның екі бүйірінен қысып тұрады. Бұл рефлекс айғыр мен қабанда жақсы байқалады, қабандар тіпті тұлышқа да асыла береді.

Асылу рефлексіне қабаттаса жыныстық қатынас рефлексі басталады. Бұл рефлекстің мәні ерекк мал, күйлеген ұрғашы мaldың жыныс жолдарына (қынабына) өзінің жыныс мүшесін енгізген соң ерсілі-қарсылы, ырғакты қозғалыстар жасап, ақыры өз бойынан шәует (ұрық) бөліп шығарумен аяқтайды. Бұл құбылысты әяқуляция рефлексі деп атайды.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Күйіттеуші мал дегеніміз не?
2. Жыныстық феномендерді атап беріңіз
3. Жыныстық айналым дегеніміз не?
4. Қандай жануарлар күйіттеуші мал бола алады?
5. Шағылысу дегеніміз не?
6. Овуляция дегеніміз не?
7. Жыныстық қозу ІКМ-да қанша сағатқа созылады?

## **II БӨЛІМ. ЖАСАНДЫ ҰРЫҚТАНДЫРУ**

**Ауыл шаруашылық малдарынан шәует алу және малдарды қолан ұрықтандыру, буаз малдардың жыныс мүшелерінің ерекшеліктері, буаз малдарды күтіп бағу және буаз малдарды зерттеу әдістері**

**Мақсаты:** ауыл шаруашылық малдарынан шәует алу және малдарды қолдан ұрықтандыру, буаз малдардың жыныс мүшелерінің ерекшеліктерін, буаз малдарды күтіп бағу және буаз малдарды зерттеу әдістерін оқып үйрену.

**Материал және жабдықтар:** Суреттер, плакаттар, муляждар, (табиғи) күйіттеуші аталық және күйлеп тұрған ұрғашы малдар (бұқалар, қошқар, қабан, теке, күйлеп тұрған сиырлар, қойлар, ешкілер және т.б.). қынап айнасы, бір рет қолданылатын полиэтилен акушерлік қолғаптар, жасанды қынаптар, стетофонендоскоптар, термометрлер, алжапқыш, станок, сабын, залалсыздандырылғыш ерітінділерлер, шприцтер, дәрілік заттар, жануарларды тіркеу парақшасы, ультрадыбыстық зерттеу құралдары және т.б заттар.

**Тапсырма:** оқу құралдары мен материалдарды пайдалана отырып, ауыл шаруашылық малдарынан шәует алу және малдарды қолдан ұрықтандыру, буаз малдардың жыныс мүшелерінің ерекшеліктерін, буаз малдарды күтіп бағу және буаз малдарды зерттеу әдістерін оқып үйрену.

Еліміздің мамандарының алдына үлкен талап қойылды – ол, осы шет елдерден алып келінген малдардың генетикалық потенциалын сақтап қалу және оны одан әрі дамытып жақсарту.

### **2.1. ШӘУЕТ АЛУ**

Аталық малдан шәуетті жасанды қынапқа алған жөн. Жасанды қынап - әдейі шәует алуға арналған құрал. Онда аталық малдың шәует бөлуін (эякуляция) қамтамасыз ететін қолайлы жағдай жасалған (қысым, температура және сырғанау).

Қынапты жинағаннан кейін, оның ішкі жағын 96° спиртпен заарсыздандырады, арнайы тесігі арқылы 1,5-2,5 литр ыстық су құйып, ауызын бұрандалы тығынмен жабады. Қынаптың ішкі жағын залалсыздандырылған вазелинмен немесс шәует сұйылтуға арналған жасанды ортамен майлайды. Бұқа мен қошқарға дайындалған жасанды қынаптың шәует қабылдағыш бесітілген шетін 3-4 см аралықта майламай таза қалдырады, сонаң соң шәует қабылдағышты кигізіп, сыртынан оны ұстап тұратын заарсызданған резенке қалпағын кигізеді.

Ұрық алар алдында жасанды қынаптың температурасын заарсызданған термометрмен тексереді.

#### **2.1.1. Айғырдан шәует алу**

Ұрық алар алдында айғырды күйлеген биеге жіберіп, шаптырып алады. Ұрық алу жұмысын қауіпсіздендіру үшін биенің артқы аяқтарын шідерлеп бекітеді. Биенің құйрығын түбірінен бастап төмен қарай таза бинтпен

орайды. Ұрық алар алдында биенің сыртқы жыныс мүшелерін жылы сумен тазартып жуады.

Айғыр биеге асылған кезде, жасанды қынапты  $30\text{-}35^{\circ}$  бұрышпен, шәует қабылдағышын жоғары қаратып, айғырдың қасасын қынап ішіне қолмен бағыттап, мықтап ұстап тұру керек. Эякуляция болғаннан соң жасанды қынаптың шәует қабылдағыш жағын төмен қаратып, шәует қабылдағышты ажыратып алады да, бетін заарсызданған сүрткішпен жауып зертханаға өткізеді.

Шәуетті алдын-ала заарсызданған 4 қабат дәке арқылы  $25\text{-}30^{\circ}$ -қа дейін жылытылған мензуркаға сүзіп алып, Петри ыдысымен жауып қояды. Дәкеде сүзіліп қалған қосалқы жыныс бездерінің секретін алып тастайды. Жасанды қынаптағы суды төгіп, оны 2 %-дық соданың ерітіндісімен тазартып, жылы сумен жуып-шайып кептіреді. Шәует қабылдағышты әбден тазартып, заарсыздандырады.



Сурет 6. Айғырдан шәует алу

### 2.1.2. Бұқадан шәует алу

Шеуettі бұқадан соңғы рет шәует алған күннен 3 күннен соң, азықтандырылғаннан 2 сағаттан кейін алған жөн. Бұқалардан шәуettі тек бір техник алу керек, өйткені олар сол адамға үйреніп қалады. Шәуettі манежде арнайы дайындалған жасанды қынапқа, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтай отырып алады.

Әр бұқаға кем дегенде екі жасанды қынап дайындалу керек. Жасанды қынапты және шәует қабылдағышты қолдану алдында  $10\text{-}30$  КПа ( $0,1\text{-}0,3$  кгс/см $^2$ ) автоклавта немесе  $20\text{-}30$  минуттай тазартылған суда қайнатып заласыздандырады. Шәует алу қазіргі ережелерге сай жүргізіледі. Камераның ішкі жағын кіреберістен  $17\text{-}25$  см терендікте сүйилтуға арналған, заласыздандыранған сары уыздық ортамен майлайды. Шәует қабылдағыштың қабырға аралық) кеңістігіне  $30\text{-}35^{\circ}\text{C}$  жылы су күяды да, резенке тығынмен жабады. Шәует қабылдағышты жасанды қынапқа бекіткеннен кейін, резенке камераның қабырғалары жанасқанша ауа үрлейді. Сонда қошқарларға арналған қынаптың тесігіндегі көрініс ирек тәрізді болады, ал бұқаларға

арналған қынапта үш бұрышты көрніс болады. Қынап ішіндегі қысым сынап бағанасының 40 мм қурау керек.

Жасанды қынаптың жыныстық мүше кіретін жағын залалсызданған жасанды ортамен майлап, поролонмен жабады. Қынаптағы температура шәует алу кезінде 40-42° болу керек. Бұқалардан шәует алу үшін астына қозғалмайтын механикалық станок (гидропневматикалық) немесе өзі жылжитын қондыргы-тұлыш (чучело) өгіз манекені пайдаланылады.

Күйлеген малды және жасанды қынапты дайындағаннан кейін, манежге санитарлық өндөуден өткен бұқаны жетектегіш таяқ көмегімен кіргізеді. Өте қозып тұрған бұқаны станоктың жаңына 2-3 минут (дұрыс секіруі үшін және толық эякуляция болу үшін) еркіне жібермей ұстап тұрады. Асылдырмай ұстап тұру және қоздыру, қосалқы жыныс бездерінің секреттерінің көп бөлінуіне, әсіресе уретралді бездердің секреттері бөлініп, несеп-жыныс арнасын зәр қалдығынан және микробтардан тазаруын қамтамасыз етеді. Бұған қоса бөлінетін шәует көлемін көбейтіп, оның сапасын жақсартады.

Бұқаны шәует алғанға дейін манежге ерте кіргізуге және станоктың жаңында 5 минуттан артық ұсташа болмайды. Себебі, бұның бәрі жыныстық рефлекстерінің тежелуіне әкеп соғады.

Астына қойылатын мал ретінде биік, ұлken, сауыры кең малды пайдаланбайды.

Бұқа асылғанда астындағы малдың сауырына жақын тұруға, бұқаның жыныс мүшесіне жанасуға, тиісуге болмайды. Себебі, оның жыныстық рефлекстері тежеледі.

Бұқа малға асылғанда техник малдарға жылдам жақындал, жасанды қынапты оң қолымен ыңғайлап ұстап, сол қолмен бұқаның жыныстық мүшесін күпегінен еппен ұстап, жасанды қынаптың тесігіне бағыттайды. Қынапты малдың жамбасына қапсыра, көлденең сзызыққа 35-45° бұрышпен шәует қабылдағышын жоғары қаратып (әсіресе бұқа қатты сургенде мықты ұсташа керек) ұстайды. Бұқа асылғанда және эякуляция кезінде жасанды қынап, оның жыныстық мүшениң бағытымен сәйкес, ал қынаптың шүмелі техниктің алақаны жағында болуы керек.

Бұқаның жыныстық мүшесі қынапқа енгеннен кейін, ол бірнеше рет тәнді қозғалыстар жасайды, бұл қозғалыстар жасанды қынаптың механикалық, термиялық тітіркендірушілерін жыныстық мүшениң жүйке рецепторларымен қабылданып, эякуляцияның болуын қамтамасыз етеді. Бұл кезде бұқа алға қарай қатты итеріп, қозғалыс жасайды.

Бұқа шәует бөлгеннен кейін, ақырындал сырғып түседі. Жасанды қынаптың шәует қабылдағышын төмен қаратып ұстап, шүмекті ашып ауасын шығарады. Егер шәует жақсы болса, шәует қабылдағышты абылап (жұлып алмай) қынаптан ажыратады. Заарарсыздандырылған қақпақпен шәует қабылдағышты жауып, зертханага жібереді.

Алынған эякулятты көзбен көріп мұқият тексеру керек. Кемшілігі бар (ластанған, ірің араласқан, қан араласқан) шәуетті жарамсыздыққа шығарады. Мұндай жағдайда жасанды қынапты мұқият жуып, заарарсыздандырады. Жасанды қынаптың резенке камерасын майлайтын

заттар қалдығынан соданың 2-3 %-дық ерітіндісімен жуып-шайып тазартып, кептіріп, заарсыздандырады.



**Сурет 7. Бұқадан шәует алу**

### **2.1.3. Қошқардан шәует алу**

Қошқарлардан шәует алудың алдында қынаптың жарамдылығын, дұрыс жиналғанын, ая және су жібермейтінін, ішкі түтік қабырғасының тым тартылып немесе бұралмауын тексеру керек. Ишкі түтіктің жұмыс істейтін жағы тегіс болуы тиіс.

Дайындалған жасанды қынапқа 50-55°C, 150-180 мл су құяды. Соңан соң орталық түтікшеге дайындалған шұмекті тығындаپ отырғызады, қынаптың бір шетіне шәует қабылдағышты бекітеді. Қынаптың ішкі бетін (шәует қабылдағышқа дейін 3-4 см аумақ қалдырып) жасанды ортандың ерітіндісімен немесе вазелинмен жұқалап майлайды.

Бір қабырғалы шәует қабылдағышты пайдаланғанда манеждегі температура 18°C-тан төмен болмау керек. Егер манеждің температурасы 18°C-тан төмен болса, шәует қабылдағышты (мақта немесе поролон қалдығымен 60x60x80) арнайы ойылған материалмен қаптайтын немесе екі қабырғалы шәует қабылдағышты пайдаланады. Шәует қабылдағышта 30-35°C жылдылық болатындағы есеппен екі қабырға арасындағы қуысқа 40-45°C 50 мл су құяды.

Жұмыстың алдында қынаптың қабырға аралық қуысына, шұмек арқылы түтіктің ішкі қабырғалары жанасатындағы етіп ая үрлейді. Қынаптағы температура 40-42°C болу керек, оны заарсыздандыру термометрмен анықтайтындағы.

Техник жасанды қынап пен шәует қабылдағышты сұқ саусақпен және бас бармақпен ұстай отырып, астына қойылған малдың сауырының тұсында 35° бұрышпен ұстайды. Жасанды қынап, қошқардың жыныс мүшесінің бағытына сәйкес, ал шұмек техник жағында болуы керек.

Техник қошқар асылғанда оның күпегінен сол қолымен ұстап жыныстық мүшесін жасанды қынапқа бағыттайтындағы. Жыныстық мүше қынапқа енгеннен кейін, қошқар жыныстық қатынасқа тән қозғалыстар жасап, алға

қарай қаттырақ сүріп жібереді, бұл қымыл шәует бөлінгенін (эякуляция) білдіреді.

Шәует бөлгеннен кейін, қошқар малдың үстінен ақырын түсे бастайды, сол кезде жасанды қынапты шәует қабылдағышымен төмен қарай ұстап, шүмекті ашып ауаны шығарып, сүн ағызбай қайта жабады. Соң соң шәует қабылдағышты ажыратып алып, аузын шыны қақпақпен жауып, сапасын анықтауға зертханаға жібереді.

Жұмыс біткеннен кейін жасанды қынапты жоғарыда айтылған әдістермен тазартып, ал шәует алған манежді мұқият механикалық тазартады және күйдіргіш натрийдің 1 %-дық ерітіндісімен заарсыздандырады.

#### **2.1.4. Қабаннан шәует алу.**

Қабаннан шәует алғанда тұлыш (чучело) қолданылады. Тұлыш ағаштан немесе темірден жасалады, өйткені олар резенке жапқышпен немесе пластикпен қапталып, тазартылып, заарсыздандыруға ыңғайлыш.

Тұлыштың (чучело) ішінде жасанды қынапты орналастыратын ұя және одан басқа жылытуға арналған электр шамдары орналасады. Тұлышта сүйір бұрыштары, шегелері, сынған жырық жерлері т.б. кедергілер болмауы тиіс. Өйткені олар қабанды жарақаттауы мүмкін.

Қабанды тұлышпқа асылдырып үйрету үшін алдымен күйлеген мегежінмен бірнеше рет шағылыстырады, соң соң оның орнына тұлышты қояды. Қабанның жыныстық рефлекстері тұлышпқа 1-3 асылғаннан кейін қалыптасады. Тұлыштың артқы жағына күйлеген мегежіннің қынабынан алынған шайындыны жағып немесе шашып қойса қабандардың жыныстық рефлекстері жақсы көрінеді. Ол үшін заарсызданған резенке баллонды алып оған 100-150 мл 0,9 %-дық натрий хлоридінің ерітіндісін сорып алып, оны күйлеген мегежіннің қынабына жібереді. Қынаптан аққан сұйықты банкаға жинап алып, тұлышпқа жағады немесе шашып, себеді.

Тұлышты әр кезде жұмысты аяқтаған соң сабынды сумен жуып, құрғатып сұртіп хлороминнің 2%-дық ерітіндісімен немесе 3%-дық сутегі асқын тотығымен залалсыздандырады.

Шәует алар алдында қабанды жуындырып, үстін кептіреді. Құпегінің айналасын жылы сумен жуып, құрғатып сұртеді.

Дайындалған қынапты тұлыштың ішіне орналастырады. Соң соң қабанды алып келіп шағылыстыруды үйімдастырады. Шәуєттің бөлінуі қабандарда орта есеппен 7-8 минутқа созылады. Қабан асылғаннан кейін алдымен жыныстық қатынас рефлексін бақылауға болады, соң соң қабан тынышталады да, шәует бөліне бастайды. Шәуєттің негізгі бөлігі бөлінгенде қабанның құйрығы жоғары қарай иіріліп кетеді, ендері тартылып, ұмасы босаңқырайды, артқы аналь тесігі кезектесіп жиырылып, сосын босаңсиды.

Эякуляция біткеннен кейін қабанды манежден шығарып, тұлыштан жасанды қынапты алып, одан ауасын шығарады купер бездерінің секретіне қойылған сұзгіні алып тастап, қақпағын жауып, шәуєттің сапасын анықтауға зертханаға жібереді, ал жасанды қынапты жуатын бөлмеге жібереді.

Жас қабаннан (8-10 айлық) шәуетті аптасына бір рет алады, әрі қарай жыныстық пайдалануды көбейте береді. Ересек қабаннан (жыл бойы пайдаланғанда) 3-4 қунде бір эякулят алады. Қажеті болса қабаннан 2 қунде бір рет эякулят алуға болады, осылай 3 айға дейін ғана пайдалануға болады. Аталған уақыт өткен соң оларға 10-15 құн демалыс беріледі. Қабанға ұзақ уақыт үзіліс берсе, алынған шәуеттің сапасы төмендеп, онанизм қалыптасуы мүмкін. Жыныстық рефлекстері төмендеп, жыныс мүшелерінің қабынулары және т.б. өзгерістерге үшырауы мүмкін.

Шәует алу кезінде манежде 18-20°C температураны сактаған дұрыс. Бір рет пайдаланатын шәует қабылдағыш болмаса, онда жарты, литрлік банканы жасанды қынап корпусына резенке муфті арқылы бекітіп қояды. Банканы бекітпей тұрып оның ауызына 2-1 қабат дәке салу керек, бұл сұзгі купер бездерінің (түйіршікті секретін сұзіп қалады.)

Шәует алғаннан кейін жасанды қынаптан шәует қабылдағышты ажыратып алғып, дәке сұзгішті алғып тастайды және шәует қабылдағыштың бетін заарсыздандыру қақпақпен жабады. Қабан орта есеппен 200-400 мл шәует бөледі.

## 2.2. ШӘҮЕТТІҢ САПАСЫН БАҒАЛАУ

### 2.2.1. Шәует сапасын органолептикалық бағалау әдісі

Шәуетті алдысмен тез арада оның көлемін, түсін, иісін және консистенциясын анықтайды. Шәуеттің түр-түсін, иісін шәует қабылдағышта анықтайды. Сонымен қатар ірің, зәр, қан араласса, оны анықтап, зерттейді.

Шәуеттің түсі малдың түріне және спермийлердің шоғырлануына байланысты. Атап айтсак, кошқардың шәуеті түсі ақшыл-сарғылт; бұқанікі көбінесе ақ түсті, кей кезде сарғылт; айғырдікі және қабандікі ақ-сұрғылт (сұйық, сұт тәрізді).

Шәуеттің иісі қалыпты жағдайда білінбейді. Тек қана кошқардың шәуетінде шайырдың иісі болады. Бұқаның шәуетінің иісі жаңа сауылған сұттің иісіне ұқсас болады. Шәуette жағымсыз иістің болуы, атальқ малдың жыныстық мүшелеріндегі қабыну үдерісін көрсетеді. Қызыл тұс - жыныстық мүшелері зақымданғандағы қанның араласуынан болады. Қара қызғылт тұс - несеп жыныс арнасындағы капиллярлардың жарылуынан болады, қызыл-күрең тұс - жыныстық мүшеде бұрын болған зақымданудың салдарынан. Патологиялық қоспалары бар және шірік иісті шәуетті ұрықтандыруға пайдаланбайды.

Шәуеттің консистенциясы ондағы спермийлердің шоғырлануына байланысты. Кошқар шәуетінің қалыпты жағдайдағы консистенциясы кілегей тәрізді, бұқанікі кою сұтке ұқсайды, айғыр мен қабандікі су тәрізді болады. Айғырдың шәуетінде көпіршік бездерінің желім тәрізді қоспалары болады, ал қабан шәуетінде купер бездерінің желім тәрізді дәнді шырышының қоспалары кездеседі.

Барлық өлшеуге арналған құралдарды алдын ала заарсыздандырады, ал оларды пайдаланар алдында, спермийлерді температуралық шоқтан

сақтандыру үшін 30°C-қа дейін жылытады. Айғырдың шәуетінің көлемін анықтау үшін алынған эякуляты қабат дәкеден жасалған сұзгіш арқылы заарсыздандырылған жылы (30°C) мензуркаға құйып алады және оның бетін шыны жапқышпен жауып қояды.

Аталған әдіспен қабан шәуетінің көлемін анықтайды. Шәует алар алдында шәует қабылдағышқа сұзгі (фильтр) орналастырады, онда бадана бездерінің желім тәрізді дәнді шырышының қоспалары сүзіліп қалады. Егер арнайы сұзгі болмаса, шәуетті 4 қабат дәке арқылы сүзеді. Шәуетті пластмастық шәует қабылдағышқа алғанда көлемін онда көрсетілген бөлінді сызықтарға қарап анықтайды.

Эякулят көлемі малдың түріне (түлігіне) байланысты. Атап айтсақ қошқарлар, бұқалар, текелер шәуетті аз мөлшерде бөледі. Олардың шәуетінің көлемін миллилитрлеп өлшайді. Айғырлар, қабандар көп көлемде эякулят береді, олардың шәуетінің көлемін 10, 100-деген миллилитрлеп өлшайді.

Әр аталақ малдың эякулятының көлемі шәуеттің басқа да көрсеткіштері тәрізді өзгеріп тұруы мүмкін, ол өндірушіні пайдалану мерзіміне, бағып-күтілуіне байланысты. Өндірушіні азықтандыру және пайдалану қалыпты жағдайдан ауытқыса шәуеттің көлемі тиісті деңгейден күрт төмендеп кетеді.

## **2.2.2. Шәуетті спермийлерін белсенділігіне және қоюлығына қарап бағалау**

Спермийлер өте жарық сәуледе дұрыс көрінбейді, сондықтан микроскоппен қарағанда кішкене қарайтып көрген дұрыс. Шәуетті микроскоп арқылы қарағанда бөлме температурасы 18-20°C болу керек. Аталған температуралы ұстап тұру үшін арнайы термостаттар немесе электрлік-жылдықтың ұстелін қолданады.

Термостатта керекті температуралы ұстап микроскопты дайындаған соң шәуеттен басылған тамшы препаратын дайындайды. Ол үшін таза және құрғақ төсеніш шыныға алдын-ала қыздырылып, заарсыздандырылған тамызғышпен немесе шыны таяқшамен бір тамшы шәуетті тамызып, жапқыш шынымен жауып қояды. Шәуеттің қоюлығын дұрыс бағалау үшін жапқыш шынының астын жаңадан алынған шәуетпен біркелкі етіп толтыру керек.

Микроскоп ұстеліне (тамшысымен) төсеніш шыныны қойып жарықты ұстап, шәуеттің қоюлығын және спермийлердің, белсенділігін препаратты жылжыту арқылы микроскоптың бірнеше көру алаңында анықтайды.

Шәуеттің қоюлығын бағалау. Шәуеттің қоюлығын қарап анықтағанда шәуеттегі спермийлердің санын жобамен білуге болады. Шәуеттің қоюлығы ондағы спермийлердің шоғырлану дәрежесіне байланысты. Қоюлығы жөнінен шәуеттің қою, орташа және сүйық деп бөледі.

Қою шәует (К) – микроскоппен қарағанда спермийлердің арасында бос орын көрінбейді. Бұндай шәуеттің 1 мл-де спермийлердің саны 2 млрд-тан асады.

Орташа қою шәует (ОК) - микроскоппен қарағанда спермийлердің арасында бір спермий сиятында орын болғанда айтады. Шәуеттің 1 мл-де 0,2-1 млрд. спермийлер болады.

Сұйық шәует (С) – спермийлер арасында кеңістік өте үлкен, 1 мл шәуетте 0,1-0,2 млрд. спермийлер ғана болады.

Қошқарлар қалыпты жағдайда қою шәует бөледі. Бұқалар қою және орташа қою, айғырлар мен қабандар көбінесе орташа қою және сұйық шәует бөледі.

Шәуеттің қоюлығын анықтау спермийлердің қозғалыс белсенділігін анықтаумен толықтырылады. Егер қою шәуетте спермийлердің қозғалыс белсенділігі төмен болса, ондай шәует пайдалануға жарамайды.

### **2.2.3. Шәуетті спермийлердің қозғалыс белсенділігіне қарап бағалау**

Микроскоптың көру алаңында шәуеттің құрамындағы спермийлер қозғалысы әр түрлі болып кездеседі. Сапалы, құнды спермийлер қалыпты жағдайда алға қарай түзу сызық бойымен үдемелі жылжиды. Сапасыз, әлсіз спермийлер айналып жылжып немесе бір орнында тербеліп тұра береді. Спермийлерді мұздатып немесе кейбір органикалық қышқылдар әсер еткенде олардың қозғалысы баяулап барып мұлдем тоқтап қалады. Егер шәуетті жылжытса, қозғалыс белсенділігі қайта қалпына келеді.

Шәуеттегі спермийлер белсенділігін микроскоппен қарап анықтайды. Ол үшін спермийлердің түзу сызық бойымен алға қарай үдемелі жылжу пайызын анықтап, соған байланысты белсенділік балдарын қояды. Бұл кезде айналып жылжитын, бір орнында тербелетін және мұлдем жылжымайтын спермийлердің барлығын өлі деп есептейді.

Егер спермийлердің барлығы 100% түзу сызық бойымен алға қарай үдемелі қозғалса, оған 10 балл қояды, 90%- 9 балл, 20% - 2 балл қояды және т.б. Егер спермилердің 10% алға түзу сызық бойымен үдемелі қозғалса, онда жалғыз деген белгі қояды (Ж). Барлық спермийлер мұлдем қозғалмаса, Н-деп белгілейді (некроспермия).

Қалың шрифтпен белгіленген бұқа шәуетіндегі көрсеткіштер шәуетті өндіріске пайдалануға болатындығына рұхсат етеді.

Спермийлердің жақсы қозғалысының белгісі құйын тәрізді жылжуы. Қою шәуетте бір бағытта қозгалатын спермийлері бірігіп "толқын-ағым" қурайды. Аталған ағымдар бір-бірімен түйіскенде микроскоппен көру алаңында орайланып кетеді де, тез тарқамай, жәй тарқайды. Спермийлер қатты құйынды қозғалған кезде, 10 балл беріледі. Одан сөл төмендеу болса 9-8 балл болады. Спермийлердің құйынды тәрізді жылдам қозғалуын, шеңбер бойымен әлсіз спермийлердің қозғалуымен шатастырмау керек.

Спермийлердің қозғалу белсенділігін микроскоп арқылы көріп анықтауды бірнеше қайталап, әбден игеріп алған дұрыс. Сонымен қатар баға берудің дұрыстығын төмендегідей жолмен жүргізеді: әуелі бір бағытта түзу сызық бойымен үдемелі қозғалыстағы спермийлердің пайызын анықтайды, одан кейін қозғалмайтын, шеңбер бойымен және тербелмелі жылжыған

спермийлердің жалпы пайызын анықтайды, жүргізілген санақты қорытындылағанда барлығы 100 % болуы керек.

Шәуеттің жалпы бағалануы әріппен белгіленеді, онда спермийлердің белсенділігі баллмен көрсетіледі. Мысалы, K-8; OK-3; C-7 және т.б. Осы бағаларға қарап, шәуетті сақтауга және ұрықтандыруға қажеттілігін анықтайды. Жақсы, сапалы, жаңадан алынған қошқардың шәуеті K-8-ден төмен бағаланбайды. Ал айғыр және қабан шәуеттері OK-6-дан төмен болмауы керек.

Төмендегі кестеде бұқаның жаңадан алынған шәуетінің коюлығына және спермийлер белсенділігіне қарап баға берудің мүмкіндік жобасы көрсетілген.

#### **2.2.4. Тірі спермийлердің пайызын анықтау.**

Бұл әдіс тірі спермийлердің сыртқы қабатының бояуды өткізбеуіне (мысалы эозин бояуын), ал өлі спермийлердің сыртқы қабатының бояуларды өткізуіне негізделген.

Жағындыны бояп дайындау. Жағындыны таза және майдан тазартылған төсеніш шыныларда дайындейдьы, оларды алдын ала ыстық сумен жуып, суық сумен шаяды, ал алдында қолданған шыныларды сода ерітіндісінде немесе күл қосып қайнатып алады. Шыныларды таза майлықпен сұртіп, банкаға күйылған 96%-дық спирт пен эфирдің (1:1) қосындысына салып, банканы арнайы тығынмен тығындалап, жауып тастайды. Жұмыс басталар алдында пинцетпен шыныларды алышп, таза дәкемен сұртіп қолдануға болады.

Майдан тазартылған төсеніш шынының бір жақ бұрышына шыны таяқшамен немесе тамызғышпен сұйытылған шәуеттің кішкене тамшысын тамызып, оның қасына басқа көз тамызғышымен сондай эозин бояуын 5%-дық судағы ерітіндісін тамызады. Эозиннің орнына 1%-дық Конго-рот немесе нигрозин және эозин қосындысын қолдануға болады. (10 гр нигрозин+0,5 гр эозин 100 мл суға ерітеді).

Шыны таяқшамен (немесе өндөлген шынының бұрышымен) 1 сек 2 тамшыны арапастырып, тез арада боялған шәуеттің жағындысын дайындейдьы. Ол үшін төсеніш шыныға өндөлген шынының қысқа қырымен тақап тұрып, 40-45° бұрышпен тамшыға жақындастып, тамшы шынының қыры бойымен таралған кезде, төсеніш шынының бетімен тез арада жағып өткізеді. Жағынды жұқа болғаны дұрыс, төсеніш шынының аяғына дейін жетпей жағынғаны жөн. Сондықтан шәуеттің және бояудың тамшылары аз көлемде болғаны жөн. Қалың жағынды тез арада кеппей қалады, сондықтан спермийлер өліп, боялып кетуі мүмкін.

*Tірі спермийлердің пайызын және санын анықтау.* Жағынды, кепкеннен кейін микроскоптың бірнеше көру алаңында 500 спермийлерді қатарынан санайды. Әр бір микроскоп алаңында боялған спермийлерді бөлек, боялмағанын бөлек жазып қояды. Шәуетті бояған кезде тірі болған спермийлердің басы ак немесе сұр түсті болады. Тірі спермийлердің пайызын барлық спермийлерге шағып, мынадай формуламен шығарады:

$$\mathcal{K}\% = \frac{\mathcal{K} - 100}{500}$$

Мұндағы,  $\mathcal{K}\%$  — тірі спермийлер пайызы;

$\mathcal{K}$  — басы боялмаған спермийлер саны. Спермийлерді санағанда жағындының аяқ жағына қарайды өйткені ондағы спермийлер бояуы жалпы бояу түсімен жабылмайды.

### 2.2.5. Шәуеттің сапасын тыныс коеффициенті бойынша анықтау

Аталған әдіс спермийлердің метилен бояуын оттегі жетіспеген кезде ағартып жіберуіне негізделген. Шәуеттің құрамында спермийлер неғұрлым көп болса, соғұрлым тыныс алуды жоғарыладап тез ағарып кетеді. Шәуетте жүретін биохимиялық реакциясының нәтижесінде сутегі бөлініп шығады, ол қоршаған ортадан шәуетке түскен оттегімен байланысады. Оттегі болмаған кезде метилен бояуы сутегі акцепторы болуды мүмкін. Метилен бояуы сутегін қосып алып, түссіз қосылымфа-лейкометилен көгіне айналып кетеді. Спермийлердің сапасын бағалау  $20-22^{\circ}\text{C}$  температурада өткізіледі. Спермийлердің тыныс алуды олардың қымылдау жылдамдығына және қоршаған ортаның температурасына байланысты болудың ескерген жөн. Температура жоғарылағанда метилен көгі тез ағарып кетеді.

Ерітіндін алдын-ала дайындаиды. Әуелі тазартылған суда хлорлы натрийдің 1 % ерітіндісін дайындалған алдып, оның 1000 мл-не 100 мг метилен бояуын қосады. Дайындалған ерітіндіні жақсыладап жабылған банкада сақтайды. Таза және құрғақ төсөніш шынысына көз тамызғышымен зерттейтін шәуеттің 1 тамшысын тамызып, оған басқа тамызғышпен 1 тамшы көк бояуын тамызады. Шыны түтікшемен шәуетті ерітіндімен араластырып қоспаны түтікшеге сорып алады (түтікше ұшына араластырғыштың резенке түтікшесін кигізіп қояды). Түтікшедегі шәуеттің боялған бағанасы 2-3 см болу керек. Бағанада ауа көпіршігі болса бағалану дұрыс болмайды. Шәуетпен толтырылған түтікшені ақ қағазға қойып. сағатқа қарап түсінің жойылып кетуін анықтап, уақытын белгілейді (бағананың шет жағындағы көгілдір түске көңіл аудармаған жөн, өйткені оның шетіне ауа кіреді).

### 2.2.6. Патологиялық спермийлердің пайызын анықтау

Шәуетті микроскоппен зерттегендеге, онда спермийлердің қалыпсыз және кейіпсіз пішіндерін көруге болады. Мұндай құбылыс, тератоспермия деп аталады. Бұл ендердің ен қосалқыларының және жыныс аппаратының басқа бөлімдерінің әртүрлі ауруларынан спермогенездің бұзылуына байланысты. Мысалы, ен қосалқысы аурулары кезінде шәуетте құйрығы қисық, сынық, құйрықсыз, басы жоқ спермийлер пайда болады. Шәуеттегі спермийлердің патологиялық формаларының пайызы жоғары болса, өндірушілердің бедеулігіне әкеп соғады.

Әрбір өндірушінің шәуетінде спермийлердің патологиялық формаларының пайызын жылына 3-4 рет анықтап түрған дұрыс. Майдан тазартылғаннан, құрғақ сұртілген төсөніш шынының шетіне шыны

тамызғышпен немесе таяқшамен шәуетті тамызып және тегістелген шынымен жағынды дайындайды. Жағындыны ауда кептіріп, 96% спиртпен спермийлердің түрінің өзгеруін болдырмау үшін бекітеді. Бұл үшін жағынды жасалған шыныларды спирт құйылған моншаға салады немесе кювета үстіне көлденен орналасқан арнары үстемеге ұзынынан орналастырады және көз тамызғышымен жағындыға үстіне спиртті қабаттастырады. 1-2 минут бекіткеннен кейін жағындыны сумен шайып тамызғышымен бояу ерітіндісін жағынды үстіне қабаттастырып (немесе банкадағы бояуға малып алады). 3-5 минут бояйды. Одан кейін жағындыны тағы да шаяды да, ауда кептіріп, микроскоппен бірнеше көру алаңында зерттеу жүргізеді. Әр бір микроскоп алаңындағы қалыпты және патологиялық спермийлерді жеке жазып, санақ жүргізеді, барлығының саны 500-ден кем болмауы керек.

Спермийлердің санын анықтауды жеңілдету үшін, қошқардың шәуетін 20-30 есе, бұқанікін 10-15 есе хлорлы натрий ерітіндісімен сұйылтады. Айғырдың, қабанның шәуетін 2-3 есе сұйылтып немесе жағындыны сұйылтпай-ақ дайындайды.

Спермийлердің патологиялық түрлерін төмендегі формуламен анықтайды.

$$\Pi\% = \frac{\Pi - 100}{\Pi + H}$$

Мұндағы:  $\Pi$  – саналған спермийлердің патологиялық түрлері;  $H$  – спермийлердің қалыпты түрлері. Мысалы, барлығы 510 спермий саналды, оның ішінде 112 патологиялық 398 қалыпты түрлері.

$$\Pi\% = \frac{112 - 100}{112 + 398} = 21,9\%$$

Қошқардың шәуетінде патологиялық түрлері 14% аспауы керек, бұқаның шәуетінде 18%, айғырдың және қабанның шәуетінде 20 %-дан аспауы керек.

### **2.2.7. Шәуеттегі спермийлердің концентрациясын анықтау**

Шәуеттің басқа да көрсеткіштері сияқты спермийлердің концентрациясы көптеген өзгерістерге ұшырайды. Олар өндірушінің өзіндік ерекшеліктеріне, пайдалану тәртібіне, азықтандыруына және күтіп-бағу жағдайына байланысты өзгеріп түрады.


Шәуеттегі спермийлердің концентрациясын анықтау, жаңадан алынған шәуеттің сүйылту дәрежесін, шәуетті мөлшерлеуді және ұрықтандыруға арналған шәует мөлшерінің санын дәл тауып есептеуді көздейді. Шәуеттің спермийлермен қанықтылығын Горяевтың санау камерасы, фотоэлектроколориметр (ФЭК), фотометриялық және арнайы стандартты әдістер арқылы анықтайды.

Бұл жұмысты тәмендегі ретпен жүргізеді: санау камерасын дайындау; шәуетті араластырғышта сүйылту; санау камерасына сүйылтылған шәуетті енгізу; санау камерасындағы спермийлерді санау; зерттелетін шәуеттегі спермийлер концентрациясын есептеу.

Қою, сүйытылмаған шәуетте тірі спермийлерді санау оңай болмағандықтан, зерттейтін шәуетті алдын-ала 3% хлорлы натрий ерітіндісімен сүйылтып, спермийлерді өлтіреді.

Санау камерасын және жапқыш шыныларды жуып, таза майлықпен құрғатып сүртеді. Жапқыш шыныны Горяев камерасы аланына салып қойып, қолдың үлкен бармақтарымен екі жағынан басып тұрып, кемпірқосақ тәрізді (Ньютон сақиналары) шеңберлер пайда болғанша үйкелейді. Саусақты қысып басуға болмайды. Тек қана шынының шет жағынан жаймен басып тұрады. Өйткені шыны сынып кетуі мүмкін. Егер беті тегістелген жапқыш шыны болмаса, онда жай жапқыш шыныны пайдаланады, бірақ олар нашар жабысады және жиі сынып қалады.

Шәуетті арнайы араластырғыштарда (меланжер) - ұлғайған жері бар шыны тамызғышта сүйылтады. Қошқардың және бұқаның шәуетін сүйылту үшін эритроцитарлық араластырғышты (оның ұлғайған жерінде қызыл моншағы бар) қолданады, тамызғышта ұлғайған жеріне дейін 0,5 және 1 сандары жазылған, ал одан жоғары 101 деген белгісі бар. Егер араластырғышқа шәуетті 1 деген белгіге дейін сорып, одан кейін 3% натрий хлор ерітіндісін 101 деген санға дейін сорып алса, онда шәует 100 есе сүйылады. Шәуетті 0,5-ке дейін, ал ерітіндін 101-ге дейін сорып алса, шәует 200 есе сүйылады. Айғырдың және қабанның шәуетін сүйылту үшін лейкоцитарлық араластырғышты (оның ұлғайған жерінде-ақ моншағы бар) қолданады. Онда 0,5, 1 және 11 санымен белгіленген. Шәуетті 0,5-ке дейін сорып және ерітіндін 11 -ге дейін толтырса, сүйылту дәрежесі 20 есе болады.



**Сурет 8. Горяев камерасы**

Шәует араластырғыштар таза және құрғақ болу үшін оларды санау өткізгеннен соң тазартылған немесе қайнатылған сумен шайып (майы мен суын кетіру үшін) спиртпен, эфирмен сұртеді. Резенке баллонмен араластырғыш арқылы жел үрлейді (аталған баллонмен араластырғышқа сұйықты сорып алған қайтадан жуып-шаяды). Меланжерлердегі (ұлғайған жеріндегі) моншақтар еркін қозғалса араластырғыш құрғақ және таза деп есептеледі.

Араластырғыш тамызғыштың үшын шәуетке салып, екінші жағындағы резенке тұтігі арқылы сорып, шәуетті тиісті белгіге дейін толтырады да, тамызғыштың үшын мақтамен жылдам сұртіп алған (мақтаға шәуетті сіндірмей), оған қосымша 3 % хлорлы натрий ерітіндісін 101 немесе 11 белгіге дейін сорып алады. Осыдан кейін тамызғыштың екі жағын саусақтармен (бармақ және сұқ саусак) қысып алған, ерітіндімен шәует біркелкі араласуы үшін жылдам-жылдам 2-3 минут шайқайды.

Санау камерасына сұйылтылған шәуетті араластырганнан кейін енгізген дұрыс, өйткені кешіктірсе спермийлер тұна бастайды да, олардың концентрациясын анықтау кезінде дұрыс нәтиже бермейді. Шәует араластырғыш меланжерін алғашқы 3-4 тамшысын төгіп тастанап, келесі тамшысын санақ камерасының жапқыш шынысының астына жаймен жібереді. Жіберілген тамшы санақ камерасының орталық алаңымен жапқыш шынының астын ауа көпіршіктеріз толтырганы дұрыс болады.

Егер шәует тамшысы шыны астына енбей қалса, оны жапқыш шыныға тигізбей мақтамен сұртіп алады.

Горяев санақ камерасын шәуетпен толтырып дайындаған соң, алдын ала дайындалған микроскоп үстеліне орналастырады. Сөйтіп алғашқы рет санақ камерасының торын 120-200 есе ұлғайған объективте тауып алған, одан кейін 300-400 есе ұлғайтуда қарап, спермийлерді санайды.

Спермийлердің санын Горяев шынысының 80 кіші квадраттарында немесе 5 ұлкен квадратында санайды. Спермийлерді санағанда олардың құйрығының орналасуына көзіл аудармайды. Спермийлердің тек квадрат ішінде сол жақ және жоғарғы шекарасында жатқан бастарын санайды, ал квадраттың оң жақ және төменгі шекарасында жатқан спермийлерді көрші квадратта санайды.

Кейбір спермийлер етпетінен түсіп жатпай қырынан жатады. Бұл кезде басының формасы сопақ болмай спермийлердің алдыңғы жағы қара жуан болып көрінеді, оларды да санайды.

Әрбір ұлкен квадратта саналған спермийлер санын жеке-жеке жазып қосады да, спермийлер қанықтылығын мына формуламен анықтайады:

$$C = \frac{N - D - 400 - 1000}{n - p};$$

Мұндағы: N – саналған спермийлер саны;

D – шәуетті араластырғышта сұйылту дәрежесі (20, 100, 200 есе);

n – санау жүргізілген кіші квадраттар саны (одетте 80);

p – санау камерасының терендігі (0,1 мм);

400 - 1 мм<sup>2</sup> ауданға есептеу үшін керекті көбейткіш;

1000 - I мл көлемге есептеу үшін керекті көбейткіш.

Спермийлер коцентрациясын қысқартылған формуламен есептеуге болады. Егер камераның терендігі 0,1 мм болса, спермийлер 80 кіші квадратта саналса, сұйылту дәрежесі жоғарғыдай көрсетілгендей болса, онда қошқар шәуетіндегі спермийлердің саналған санын 100-ге; бұқаның спермийлерінің саналған санын 200-ге; айғыр мен қабандікін 1000-ға бөлу керек. Сондағы шыққан сан 1 мл шәуеттегі спермийлер қанықтылығын көрсетеді. Сонымен қошқардың шәуеті 200 есе сұйытылып, санағанда 250 спермийлер саналса, онда

$$C = \frac{252}{100} = 2,52 \text{ млрд / мл.}$$

Қысқаша санау жолы алдыңғы формуладан шығарылады. Ол төмендегідей болады.

$$C = \frac{N - 200 - 400 - 1000}{80 - 0,1 - 1000000000} = 100 \text{ млрд / мл};$$

### 2.2.8. Спермийлердің абсолюттік өміршендігін анықтау

Зерттеу объекттері және құрал жабдықтар: воск қарындаштары, 11 шыны тұтік, штативтер, жапқыш шыны, сілтіленген глюкоза тұзды ерітінді, 3 % лимонқышқылды натрий ерітіндісі, шәует, жасанды орталар, термостат, мұз салынған термос, шыны таяқшалар немесе тамызғыштар.

Әр шыны тұтікке воск қарандашымен 1-11-ге дейін реттік нөмір жазып штативке орналастырады. Барлық шыны тұтікке 1-шіден басқа 0,5 мл-ден сұйылтқыш құяды. Одан кейін 1-ші бос шыны тұтікке және 2-шіге 0,5 мл сұйытылыған шәуеттен құяды. 1-ші шыны тұтіктегі шәуетті бақылау ретінде пайдаланады. Екінші шыны тұтіктегі шәуетті сұйылтқышпен араластырып 0,5 мл тамызғышпен алып, 3-ші шыны тұтікке құяды. Осыдан араластырған соң, 0,5 мл 4- ші шыны тұтікке құяды т.с.с. 11 -ші шыны тұтіктен 0,5 мл сұйықты алып, легенге төгіп тастайды. Шәуеттің бірнеше сұйылттылған қатары шығады: 2, 4, 8, 16, 32, 64, 128, 256, 512, 1024 есе.

Сұйылттылғаннан кейін дереу әрбір шыны тұтіктен 1 тамшы сұйылттылған шәует алып, 38-40°C бөлме температурасында микроскоппен қарап, спермийлердің белсенделілігін анықтайды және оны журналға жазып қояды. Содан кейін барлық шыны тұтіктерді құрғақ заарсыздандырылған тығындармен тығындалап, (+2-4°C) температурасында тоқазытқышқа сақтауға қояды (бұқа, қошқар және айғыр шәуеттері үшін). Шәуетті жартылай мұз салынған термоста да сақтауға болады, бұл кезде шыны тұтіктерді шеңберлі штативке орналастырып, термосқа сыйдырып салады.

Бағалауды жоғары температурада жүргізеді (40-42°). Спермийлер 3-5 минуттан кейін қозғала бастайды. Сақталған шәуеттің спермийлер белсенділігін аталған шыны тұтікте 1 балдан төмен болғанша тексереді.

Спермийлер өміршендігінің абсолюттік көрсеткішін төменгі формуламен анықтайды:

$$1) S = 2 >;$$

Мұндағы: S - спермийлер өміршендігінің абсолюттік көрсеткіші;

Z - қосынды белгісі;

$t_n$  - (2) формула бойынша есептеп шығарылған уақыт кесіндісі;

$T_p + 1$  – тәжірибе басталудан келесі белсенділікті анықтағанға дейінгі уақыт (сағат);

$T_{p-1}$  – тәжірибе басталғаннан оның алдындағы белсенділікті анықтағанға дейінгі уақыт. Шәуеттің сүйылтқаннан кейінгі тез арада жүргізілген бірінші анықтау үшін  $t$ -есептеу формуласы қарапайым болады.

Мұндағы,  $T_2$  - бірінші және екінші бақылаудың арасындағы уақыт.

Мысалы:  $t_n$  анықтау  $n=4$ . n — көрсеткіші бұл кезде 4-ші анықтау; тәжірибе басталғалы белсенділікті анықтау 4 рет 3 күн өткен соң жүргізілген. Егер әр бір келесі анықтауды 24 сағат сайын жүргізсе

$p+1=5$  ке,  $p-1=3$ ,  $T_p+1=96$  сағат, ал  $T_{p-1}=48$  сағат.

## 2.2.9. Шәуеттің pH ортасын анықтау

Шәуеттегі сутегі иондарының концентрациясы, басқаша айтқанда шәуеттің ортасы, спермийлердің биологиялық қасиетіне және олардың ағзадан тыс өміршендігіне, құмылышына әсерін тигізеді. Сутегі иондарының концентрациясын pH көрсеткішімен көрсеткен ыңғайлыш (иондар концентрациясының теріс логарифмі).

Қалыпты жағдайда жаңадан алынған бұқаның және қошқардың шәуеті бейтарапты ортада (pH-7,0) немесе әлсіз сілтілі ортада (pH-6,7-6,9) болады. pH ортасын сілтілі жаққа жылжуы (pH-7,1 және одан жоғары) шәуеттің сапасының төмендеуіне әкеп соқтырады.

pH сілтілі жаққа ауысуы үлкейген сайын спермийлердің өміршендігі төмендейді, егер pH 6,5-тен төмендесе шәуеттес сүт қышқылы жиналады.

Айғырдың және қабанның шәуетінің pH 7,3-7,6 болады. Ортасын қышқылды жаққа өзгеруі, (pH 6,9-7,0) шәуеттің сапасының жақсы болуын көрсетеді; сілтілі жағына өзгеруі pH 7,8-8,0 спермийлердің өміршендігінің төмендеуін көрсетеді.

Шәуеттің pH ортасын дәлдеп анықтау үшін арнайы pH-метрлердің қолданады. Шаруашылыкта pH ортасы әмбебап индикатормен тексереді, олар өзінің бояуын pH ортасын өзгеруімен бірдей өзгертереді. Бұл әдіс аса толық болмайды. Әмбебап индикаторы - бірнеше қарапайым индикаторлардың қоспасы (көк бромтимол, қызыш метилоранж, фенолфталеин және т.б.).

Тамызғышпен немесе шыны таяқшамен фарфор табақшаса немесе төсөніш шыныға бір тамшы шәуетті тамызып, оған бір тамшы әмбебап

индикаторын қосып араластырып рН-ты анықтайды. рН-тың ондық бөлімдерін көріп анықтауға болады.

## **2.3. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ МАЛДАРЫН ЖАСАНДЫ ҰРЫҚТАНДЫРУ**

### **2.3.1. Сиырдың жыныс мүшесінің анатомиясы**

Жануарларды жасанды ұрықтандырудың жемісті өтуі ауылшаруашылық малдарының жыныс жүйесінің анатомиясы мен физиологиясын жетік түсініп білуге байланысты. Сиырды ұрықтандырмastaн бұрын аналық малдың жыныстық ағзалардың анатомиялық бөліктегін және олардың орналасқан топографиясын жақсы білген жөн (сурет 9).

Аналық малдың жыныстық жүйесі сыртқы және ішкі жыныстық мүшелер болып екіге бөлінеді. Сыртқы жыныс мүшелерге жататыны: жыныс еріндері, шұртекей, қынаптын кіреберіс бөлігі. Ішкі жыныс мүшелеріне жататыны: қынап, жатыр, жұмыртқа жолдары және аналық без. Ішкі жыныс мүшелері тоқ ішек бөлімінің астында орналасады.

Репродуктивті жолдардың астында қуық орналасады. Ол қуықтың каналы арқылы қынаптың төменгі қабырғасымен байланысады.

**Жыныс еріндері** – репродуктивтік (жыныстық) жүйеге сырттан кіретін жол болып табылып, келесідей қызметтерді атқарады: зәр өту жолы, ұрықтандыру жолы және төлдеу түтігінің бөлігі. Малдың күйі келгенде жыныс еріндері ісініп, ылғалданып, қызарғаны байқалады.

**Қынап** – қуықтан жатыр мойнына дейін ұзына бойы шамамен 20 см-дей орын алады. Жамбас қуысында орналасқан қынап төлдеу кезінде төлдеу түтігінің бір бөлігі болып қызмет атқарады.

**Жатыр 3 бөлімнен тұрады:** жатырдың мойыны, жатырдың денесі және жатырдың мүйіздері. Жас малдардың жатыры жамбас қуысында орналасса, сақа малдардың жатыры құрсақ қуысына қарай түсінкі орналасады.

**Жатырдың мойыны** – қынап пен жатырды байланыстыратын, тығыз дәнекер ұлпа мен бұлшық еттен тұратын, ұзындығы 8-12 см қалың бүйірлі мүше. Жатыр мойыны 3-4 сақинадан немесе қатпардан тұрады.

Жатыр мойынының негізгі міндеті – жатырды сыртқы ортадан қорғау. Жұмысын енді бастап жүрген ұрықтандыруши-техниктер үшін катетермен жатыр мойынында және оның қыртыстарында жұмыс істей білу негізгі қыындық туғызатын жағдай болып саналады.

Жатырдың мойыны жатырдың денесіне ашылады.

**Жатырдың денесі** – 2-4 см жатыр денесі жатыр мойыны мен жатыр мүйіздерін біріктіруші болып саналады. Жатырдың денесі жасанды ұрықтандыру кезінде ұрықтын таралатын орыны болып саналады. Жатырдың денесі бөлініп, ары қарай жатырдың екі мүйізіне ұласады.


**Жатырдың мүйіздері** – ұзындығы 20-30 см жатыр мүйіздері қабатталған бұлшық еттен және көптеген қан тамырларынан тұрады.

**Жатырдың басты міндеті** – ұрықтандыруға және төлдің дұрыс дамуына қажетті ортамен қамтамасыз ету болып, саналады. Жатырдың жиырылуы ұрықтын қозғалысына көмектеседі. Сиыр ұрықтанғаннан кейін жатырдың бұлшық еттері окситоцин гормонының әсерімен ұрықты жұмыртқа жолдарына қарай бағыттаپ ырғақпен, бір қалыпты жиырылады.

**Жұмыртқа жолдары** – үш айқын байқалатын бөліктерден, атап айтқанда, истмус, ампулалар мен воронкалардан тұратын, қатты иреленген тұтік.

Жатырға жақын бөлік – истмус деп аталады. Жатыр мен истмустың арасындағы бірігу жатырлық-тұтіктік бірігу деп аталады. Ол толық жетілмеген шәуіттердің сүзгіден өткізетін фильтр болып саналады, ал истмустың өзі жақсы жетілген шәуіттердің жиналатын орны болып табылады.

Жұмыртқа жолдарының аналық безге жақын орналасқан үстіңгі бөлігі ампула деп аталады. Ампуланың ішкі диаметрі истмустың ішкі диаметрінен үлкенірек болып келеді, ол аналық жасушаның өтуін жеңілдетеді. Жұмыртқа жолдарының осы бөлігінде толық жетілген аналық жасуша шәуітшемен қосылады, яғни ұрықтану.



**Сурет 9. Сиырдың жыныс мүшелері**

- 1 – аналық без; 2 – сары денешік; 3 – жұмыртқа жсолының құысы (воронка); 4 – жұмыртқа жсолы; 5 – жатырдың денесі; 6 – жатырдың денесі; 7 – жатырдың мойыны; 8 – қынаптың құысы; 9 – аналық бездің қосымшасының созылмалы каналы; 10 – уретраның сыртқы саңылауы; 11 – клитор; 12 – жыныс еріндері; 13 – қынаптың кіреберісі.

Жұмыртқа жолының шеті аналық безді қоршайтын орнында кеңейіп, жұмыртқа жолының воронкасы деп аталады, ол аналық жасушасының малдың денесіне түсіп кетуден сақтайты. Оның түкке ұқсайтын құрылымы

аналық жасушаға және оны қоршаган жасушаларға жұмыртқа жолдары бойынша қозғалуға көмектеседі.

**Аналық бездер** – көлемі 2-5 см, сиырдың жыныстық жүйесінің негізгі мүшесі болып саналады.

Аналық бездері жыныстық бездің қызметін атқарады. Онда жыныс жасушалары пайда болып, дамып, жетіледі. Сондай-ақ олар жыныстық айналымның әр түрлі сатысында жыныстық гормондарды, яғни эстроген мен прогестеронды өндіріп шығарады.

Жыныстық айналымның әр түрлі сатыларында, тік ішек арқылы қолмен басып көргенде аналық бездердің үстінен екі түрлі өсінділерді анықтауға болады:

**Фолликулалар** – аналық бездің бетінде орналасқан, дамып келе жатырған аналық жасушалардан тұратын, іші сұйықтыққа толы көпіршікті зат.

Әдетте, тік ішек арқылы қолмен ұстап қарағанда әр аналық бездің бетінен пішіндері әр түрлі көптеген фолликулаларды ұстап байқауға болады (сәлғана байқалатын, диаметрлері 18-20 мм-ге дейінгілерден бастап).

Осы фолликулалардың ішіндегі ең үлкені, сиыр күйге келгенде овуляцияға қажеттісі деп саналады. Уақыт өте келе фолликулдардың 95%-ы кішірейіп, овуляциясыз жоғалып кетіп, олардың орны өсіп келе фолликулалардың жаңа ұрпақтарымен толықтырылады.

**Сары денешік** – алғашқы жыныстық айналым кезінде овуляция болған орын. Сары денешіктің басы аналық бездің үстінде орналасып, тік ішек арқылы зерттегендеге анық байқалады. Сондай-ақ, сары денешікте іші сұйықтыққа толы, жіңішке, бірақ тығыз қабырғалы қуыс болады. Аналық бездің бұл бөлігінің түсі айқын, сары түстен, қызғылт сары түске дейін.

### **2.3.2. Күйге келген сиырды және ұрықтандыру уақытын анықтау**

Сиырлар әдетте 21-ші күні (18-23 ауытқумен) күйге келеді. Күйіті келген сиырларды тәулігіне үш рет, 30 минут аралығында қарап, тандайды: таңертен және түскі уақытта – сиырлар серуендең немесе жайылымда жүргенде, кешкі уақытта – сауым немесе азықтандыру, суару жұмыстарын жүргізіп жатырғанда анықтау қажет, себебі осы уақыттарда ғана күйіті келген сиырлардың 80-90%-ын анықтап алуға болады.

Тәулік уақытының ерекшеліктеріне байланысты күйіті келген сиырлардың белсенделілігі әр түрлі болады.

Күйіті келген сиырлардың ең жақсы белсенделілігі кешке, түнде және таңертен байқалады, яғни бұл уақытта күйіті келген сиырлар мен қашарлардың 60-70% белсенделік байқалады, ал қалған 30-40%-ы белсенделілігін түстен кейін байқалады.

Сиырлардың ұрықтануға дайындығының тұрақты белгісі ретінде және сиырларды ұрықтандыруға ең тиімді уақыты ретінде «**қозғалмай тұру**» рефлексі саналады. Бұл рефлекс байқалғанда сиырлар мен қашарлар оларға басқа малдар секіргенде тыныш, қозғалыссыз тұрады.

Ұрықтандыру уақытын төмендегідей әдістермен анықтайды:

- көзбен қарап – малдың мінез-құлқының өзгеруіне, сыртқы жыныс мүшелерінің өзгерістеріне қарап (ісінуі, қызаруы);

- вагиналды – стерильденген қынап айнасының көмегімен қынаппен жатыр мойның қарап, осы мүшелердің күйі бойынша (ісіну, қызару, шырыштың бөлінуі т.б.) қорытынды жасайды;

- тік ішек арқылы қолмен ұстап зерттеу (ректалды) – фолликулалардың дамуы бойынша. Алдымен оң жақ аналық безді, содан соң сол жақ аналық безді қолмен ұстап зерттейді. Егер олардың ұстінде фолликул байқалса (көлемі 1,5-2,0 см көпіршік пішінді) және ол фолликулаларды абайлап қолмен басқанда фолликула былқылдаса (фолликуланың толығымен дамығандығын білдіреді), онда ол овуляцияға 6-12 сағат қалғандығын білдіреді. Бұл малдарды ұрықтандыру мерзімі (кесте 2).

**Кесте 2. Күйіті келген сиырларды анықтау және сиырларды ұрықтандырудың ең тиімді уақытын тандау**

№ р/р	Малдард ың жынысты қ мінез күлкіні ң сыртқы белгілері	Қынаптан бөлінетін сұйықтық	Көзбен қарап зерттеудің нәтижелері		Тік ішек арқылы зерттеудің нәтижелері			Қорыты нды
			Қынап кілегей қабығы	жатыр мойыны	Аналық бездер	Жаты р	Жаты р мойы ны	
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Қалыпты

1	Козу, басқа малдарға секіру белгілері байқалад ы	Шырышт ы сұйықтық көп бөлінеді, жыныс еріндерін ен созылмал ы сұйықтық бөлінеді немесе аздал шырышта нған	Қызарған , жылтыр, тегіс, сәл ісінген, шырышта лған	Жатыр мойының каналы ашық, одан шырыш бөлінеді, шырыштың түсі ашиқ қызыл, тегіс боялған	Аналық бездің біреуінд е кониссте нциясы тығыз дамып кеle жатырға н фоллику ла бар (0=0,5- 0,8 см)	Көлем і бойын ша қалып ты,	Пішін і қалып ты	Күйітті н басталу ы, 10-12 сағатта н соң ұрықта ндыру қажет
2	Қозғалма й тұру рефлексі байқалад ы және түк жамылғы сы ылғалды	Мөлдір немесе аздал бұлышты ,	Гипере- мия, сәл ісінген, жақсы шырышта лған	Канал ашиқ, жатыр мойында сәл көпірген шырыш болады. Жатыр мойынан консистенци ясы тауық жұмыртқасы ның акуызындей шырыш бөлінеді	Аналық бездің біреуінд ебеті тегіс фоллику ла (0=1,0- 2,0 см) байқала ды	Қалы пты, тонус ты, жиыр ылған да қалың	қалып ты	Толығы иен күйлеу, ұрықта ндыру қажет
3	Қозғалма й тұру рефлексі байқалма йды, құйымша	Түсі қызылт қанды шырыш (метрор- рагии)	Жақсы шырышта лған, қынапты ң түбінде қанды	Канал ашиқ, жатыр мойынан қанды сұйықтық ағады	Аналық бездің біреуінд е қабырға лары	Жаты рдың пішіні қалып ты, жұмса	қалып ты	Күйт аяқталд ы, бірақ овуляци я кідірген

	ғындағы түгі қажалған		шырыш болады		қалың фолликула (0=1,0-2,0 см, сүйиқтық күлбіреген)	к, әлсіз жиыр ылады		, шұғыл ұрықта ндыру қажет
4	Қозғалма й тұру рефлексі байқалма иды, сиырлар күйіті келген сиырлард ың жаңында жүреді	Шырышты сүйиқтық қалыптың күйіттегі дей	Гиперемия сәлғана байқалады, ісінген, шырышталған	Жатыр мойынының каналы ашиқ, шырыштың түйіршіктері жатыр мойынында	Аналық безде толық дамыған фолликула	Жатырдың пішіні қалыпты, жұмсақ, тонусы әлсіз	Қалыпты	«күйіктің тыныш келуі», ұрықта ндыру қажет

#### Ауытқулар

5	Қозғалма й тұру рефлексі байқалма иды	Метро- ррагииле р немесе бөлінетін шырышты сүйиқтық тар әлсіз	қызығылт-көк, шырышталған, қанды сүйиқтық	Жатыр мойынының каналы жабық	Аналық бездер тығыз, кішірейгенді, фоликул анын орнында шұқыр сезіледі	Жатыр қалыпты, жұмсақ, тонусы әлсіз	қалыпты	Овуляция етіп кетті, ұрықта ндыруға кеш
6	Жыныстық қозу, қозғалма й тұру рефлексі	Аздап шырышты сүйиқтықтың бөлінуі байқалады	боз-қызығылт, аздап шырышталған	Жатыр мойынының каналы тығыз жабық, айналасында аздап қоныр түсті шырыш болады	Аналық безде сары денешік	Жатыр үлкейген. Буаздық 3-4 ай	Сәлтығыз	буаз. «жалған күйті», ұрықта ндыруға болмайды
7	Қозғалма й тұру рефлексі және күйіті келудің тағыда басқа айқын	Мөлдір, жабысқақ шырышты сүйиқтық көп көлемде агады	Гиперемия, ісінген, жақсы шырышталған	Жатыр мойыны үлкейген, каналы ашиқ, одан шырыштың сүйиқтық бөлінеді	Аналық безде фолликула дамуда	Жатыр үлкейген, ісінге. Жатырдың бір мүйізі	Қалыпты немесе үлкейген	Күйлеу, бірақ жатырда ың инволюциясы әлі аяқталмagan,

	белгілері					екінші сінен 1,5-2 есе улкен		ұрықтаңдыруға болмайды
8	Қозгалма й тұру рефлексі және күйіті келудің тағыда басқа айқын белгілері	Кілегей қабығы сұйық, әр түрлі қосынды лармен (сәл байқалатын сары, қызыл түсті және ірінді дақтармен)	Боз-қызылт немесе қызыл коңыр-көк түсті, түбінде ірінді шырыштың сұйықтық болуы мүмкін	Жатыр мойының каналы ашық	Аналық бездерде толығым ен дамыған фолликула, сәл байқалатын сары денешік болуы мүмкін	Жатыр ісінге толығым ен дамыған фолликула, сәл байқалатын сары денешік болуы мүмкін	Қалыпты немесе үлкеген, тығыз	Күйлеу, хроникалық эндометрит, (цервицитпен бірге болуы мүмкін). Ұрықтаңдыруға болмайды.
9	Қозгалма й тұру рефлексі және малдың күйіті келудің айқын белгілері байқалады	Кілегей қабығы бұлышыр, әр түрлі қоспалар мен	Ренсіз, құнгірт, қынаптың түбінің кілегей қабығы қызыл түсті, болбыр	Үлкейген, ісінген, қанталаған, каналы ашық	Піскен фолликула	Жатыр ісінге толығым ен дамыған фолликула, сәл байқалатын сары денешік болуы мүмкін	Ісінге толығым ен, тығыз	Күйлеу, бірақ цервичит. Ұрықтаңдыруға болмайды, емдеу қажет, жатыр мойыны каналы өсіп кеткендемалды

							лмайды	бракқашығару қажет
10	Қозғалма й тұру рефлексі және күйіті келудің тағыда басқа айқын белгілері	Мөлдір немесе бұлыңғыр , жабысқақ , кейде қоспалар мен	Ісінген, шырышта лған	Каналы ашық, шырышты сұйықтық бөлінеді, кейде қоспалармен	Аналық безде фоллику л дамуда, жұмырт қа жолдары ның екеуі де немесе біреуі жіп тәрізді сезіледі	Жаты р қалып ты, бірақ үлкей ген және тонус ты, кейде болбы р қабын у белгіл еріме н	Пішін і мен конси стенц иясы бойын ша қалып ты	күйлеу, сальпин -гит. Егер сальпин -гит жұмырт қа жолдарында болса карсыс ында фолликул болады, жатыр қалыпты, ұрықтаңдыруға болады. Жұмыртқа жолын ың екі жағында болса брак
11	Күйлеу күшті әсермен байқаладынемесе қалыпты, жыныстық айналымдардың кезенділігі і бұзылған да жиірек байқалады	Көп көлемде, мөлдір, сұйық, кейде әр түрлі қоспалар мен	Гиперемия, ісінген, шырышты сұйықтық көп болінеді	Каналы ашық, жатыр мойынының клегей қабаты тегіс боялған, шырышталған	Әр түрлі пішінді (шар, жұмыртқа тәрізді), үлкейгендегі, күлбір ейді. Өсінділе р (кисталап) Ø=2 см және одан жоғары, біреу немесе	Қалыпты, эндометрит белгіл ерімен	қалыпты	Фолликулдардың өсінділе рі (кисталары). Ұрықтаңдыруға болмайды, емдеу қажет. Аналық бездің екеуіндеге

					бірнеше у			көптеге н өсінділе р болса малды бракқа шығару қажет
--	--	--	--	--	--------------	--	--	---

Сиырлар мен қашарларды жасанды ұрықтандыруға ең тиімді уақыт болып сиырлар мен қашарлардың күйіті келгеннен 12 сағат өткен соң, ұрықтандыру ең тиімді уақыт болып саналады. Егер сиырдың күйіті таңертен келсе, онда сиырларды кешке – сағат 6-7-де, ал егерде сиырлардың күйіті кешке байқалса, онда сиырларды таңертен ертемен – сағат 6-7-де ұрықтандыру қажет.

Шет елдердің тәжірибесінде сиырларды бір рет ұрықтандырады, ал біздің елімізде сиырлар мен қашарларды, жасанды ұрықтандыру Нұсқауына сәйкес 10-12 сағат жиілікпен екі рет ұрықтандырады.

Күйге келу белгілері байқалған, дені сау сиырлар мен қашарларды жасанды ұрықтандыруға жіберуге болады. Сиырларды бұзаулағаннан кейін екінші рет күйлегенде, ал қашарларды тірідей салмақтары әр түкымға белгіленген стандартқа сәйкес, яғни сол түкымның сақа сиырының тірідей салмағының  $\frac{3}{4}$ -не жеткенде ұрықтандырады. Жасанды ұрықтандыруды сауым сиырларға саумай тұрып жүргізеді, ұрықтандырудан кейін сиырлар мен қашарларды күйлеу белгілері басылғанға дейін ұрықтандыру бекетінің арнағы бөлінген орнында ұстап, тұру қажет (жазда қалқа астында).

Бұзаулағаннан соң 45 тәуліктен кейін күйіге келмеген сиырларды міндетті түрде ветеринарлық зерттеуден өткізу қажет.

Ұрықтандырганнан кейін 60 тәулік өткен соң, қайта күйіге келмеген сиырлардың буаздығын тік ішек арқылы анықтайды.

Ұрықтанбаған сиырлардың барлығын бедеулік себептерін анықтау үшін зерттеуден өткізіп, ауру себебіне байланысты емдеу жүргізеді.

### **2.3.3. Жасанды ұрықтандыруға арналған құрал-саймандар**

Жасанды ұрықтандыруды жүргізуге қажетті құрал-саймандар (сурет 10):

**Дьюар ыдысы** – ауыл шаруашылық малдарының ұрықтарын ұзак уақыт бойы сұйық азотта сақтауға арналған.

**Қысқыш (пинцет)** – пайеттерді ыдыстан алып шығуға арналған.

**Пайеттерді еріткіш** – пайеттердегі ұрықтарды ерітуге арналған.

**Майлыштар** – пайеттерді сұртуғе арналған.

**Пайеттерді кескіш немесе қайшылар** – пайеттің жабық шетін кесуге арналған.

**Шприц - катетер** – пайеттерді ұрықпен толықтыруға және жатырдың денесіне ұрықты енгізуға арналған.

**Чехолдар** – сиырдың жыныс жүйесінің кілегей қабығын темір шприц-катетермен зақымдаудан сақтап қалуға арналған.

**Бір рет пайдаланылатын қолқаптар** – малдарды ұрықтандыру кезінде гигиеналық-қорғауыш құрал ретінде пайдаланылады.

**Майлауыш-гель** – бір рет пайдаланылатын қолқаптарды майлауға арналған.



**Сурет 10. Жасанды ұрықтандыруға арналған құрал-саймандар**

#### **2.3.4. Ұрықтың тіршілік бейімділігіне әсер ететін факторлар**

Өндіруші бұқаның ұрығымен жұмыс істеу кезінде ұрықтың тіршілікке бейімділігіне тәмендегідей факторлар әсер ететіндігін естен шығармау қажет:

- **жарық** – күн сәулелері ұрықтардың тікелей өлуіне әкеп соғады, сол себепті ұрықтарды күн сәулесі түспейтін, қаранғы жерде сақтау қажет, ал ұрықтармен күн сәулесі батқан уақытта немесе электр жарығымен жұмыс істеу керек. Ұрықпен жұмыс істеуге қажетті стөлды жарық тұра түспейтін орынға орналастыру қажет;

- **температура** – ұрықтарды  $42^{\circ}\text{C}$ -ге дейін қыздыру және минус  $1^{\circ}\text{C}$ -ге дейін мұздату қауіпті болып саналады. Сол себепті ұрықтарды температуралың күрт тәмендеуін немесе күрт жоғарлауына жол бермей, белгіленген бір тұрақты температурада сақтау қажет, ал ұрықтармен жұмысты ұрықтандыру пункттерінде, бөлмелік температурада істеу қажет.

- **су** – ұрықтарды бірден өлімге ұшыратады, сол себепті ішінде ұрықтары бар пайеттерді ішіне су кіріп кетпейтіндей етіп салфеткамен әбден құрғатып сұрту қажет;

- **спирт** - ұрықтың өлуіне әкеп соғады, сол себепті құрал-саймандармен ыдысты спиртпен заарсызданырғаннан кейін натрийдің бикарбонатының 1 %-дық стерильді ерітіндісімен немесе натрийдің лимонқышқылды 2,9%-дық ерітіндісімен қайта жуу қажет.

Малдарды жасанды ұрықтандыру бекеттерінде пайдалануға қарастырылмаған дәрі-дәрмектер мен заарсыздандыруға арналған заттарды пайдалануға тыйым салынады.

Ұрықтар сақталатын ғимаратта темекі шегуге тыйым салынады.

### **2.3.5. Пайеттерді еріту және катетерге еңгізу тәртібі**

Ішінде ұрығы бар пайеттерді төмендегідей ретпен еріту қажет: технолог сол қолымен ыдыстын қақпағын ашып, қақпақты ыдыстын жаңына қойып, ішінде ұрығы бар шыны ыдысты ыдыстың мойынының түбіне дейін көтереді. Оң қолымен қысқышты алғып, оның шеттерін сұйық азоттын қайнауы тоқтағанша сұытады.

Сұыттылған қысқышпен бір пайетті алғып шығып, жылдам ерітуші құралға салады. Ішінде қалған пайеттері бар шыны ыдыстын түбіне түсіріп, жылдам қақпақты жауып тастайды.

Пайеттерді, ерітуші құралда судың температурасын 34-36°C-ға жеткізіп, 30 секунд аралығында еріту қажет. Содан соң, пайеттерді ерітуші құралдың ішінен алғып шығып, стерилді майлышпен құрғатып сүртіп, жабық шеттерін пайет кескішпен немесе өткір қайшымен кесіліп тасталады (сурет 11, 12).



**Сурет 11. Пайеттерді еріту режимі пайет**




**Сурет 12. Пайеттің жабық шетін кескішпен немесе өткір қайшымен кесіліп тасталады**

Пайеттерді мақтаның ұшымен шприц-катетердің ішіне кіргізеді, содан соң шприц-катетерге тірелгенше чехол кигізеді (сурет 13, 14). Егерде 10-15 минут аралығында пайеттерді жылдам қолдануға мүмкіндік болса, онда бір уақытта 2 пайетті ерітуге болады. Ұрықтын сапасы жалпы әдіс бойынша анықталады.



**Сурет 13. Пайетті катетерге кіргізеді**



**Сурет 14. Катетерге чехол кигізіледі**

Ұрықпен жұмыс істеу кезінде төмендегі ережелерді сақтау қажет:

- ішінде ұрығы бар пайеттерді алдын-ала ерітуге және қайта қатыруға жол берілмейді. Ішінде ұрығы бар пайеттерді стационарлық сақтау орындарынан Дьюардың тасымалдаушы ыдысына ауыстыру немесе бір ыдыстан екінші ыдысқа ауыстыру кезінде температуралы аз уақытқа ғана жоғарлату ұрықтың сапасына кері әсерін тигізеді. Ішінде ұрықтары бар пайеттерді пайдаланғанға дейін міндettі түрде әрдайым сұйық азотта сақтау қажет;

- ұрықтарды ерітпес бұрын пайеттерді ерітуге және сиырлар мен қашарларды ұрықтандыруға арналған құрал-саймандар мен құрал-жабдықтарды алдын-ала дайында алу қажет етіледі.

### **2.3.6. Еріткен шәуеттің сапасын бағалау**

Ұрықтың сапасын зерттеу үшін жылжытылған заттық және жабынды шыныларды пайдалану қажет, олар жұмыс істеу кезінде микроскоптың жылжытылатын Морозов стөлінің үстінде тұруы қажет. Қатып тұрған ұрықтардың сапасын ерігеннен кейін ғана бағалайды.

Зерттеуге сынама (проба) алу үшін ішінде ұрығы бар шприц-катетерді алып, катетердің поршенине басу арқылы заттық шынының бетіне бір тамшы ұрық тамызады, ұрық тамшысының үстін жабынды шынымен жауып, микроскоптың зат қоятын стөлінің үстіне орналастырады. Содан соң, микроскоптың объективін 80-280 есе үлкейтіп (окулярдың үлкейту еселігін объективті үлкейту еселігіне көбейтеді) ұрықтардың көп қозғалысы байқалған жерге бекітеді. Ұрықтардың сапасын анықтау кезінде микроскоптың УМ-401 П (окулярдың үлкейту еселігі 10;20 бірлікті, ал объективтің үлкейту еселігі 8; 20 бірлікті құрайды) және «Биолам» (окулярдың үлкейту еселігі 7;16 бірлікті, ал объективтің үлкейту еселігі 8; 20; 40 бірлікті құрайды) маркаларын пайдалануға болады.

Шәуеттегі спермийлердің жылжымалығын он балдық жүйемен көзбен қарап бағалайды. Ең жоғарғы бағаны (10 балл) спермийлердің барлығы тұра сызықпен үдемелі ілгері ғана жылжитын шәуітке қойылады. 9 балдық спермийлердің қозғалысы 90%-ды құрайтын шәуітке, 8 балдық спермийлердің қозғалысы 80%-ды құрайтын шәуітке, ал 7 балдық

шәуітшелерінің қозғалысы 70%-ды құрайтын шәуетке қояды. Көзбен қарап бағалаудың туралығы субъективті екендігін ойдан шығармау қажет.

ГОСТ 26030-83 (Өзгерістер № 1) «Бұқалардың қатырылған ұрығы» стандартына сәйкес өндіруші бұқалардың төменде көрсетілген сипаттарға ие шәуеттерді пайдалануға болады:

- спермийлердің жылжымалы болуы, балы (%), 4 (40) балдан кем емес;
- тұра сызықпен үдемелі ілгері ғана жылжитын спермилердің саны бір дозада 15 млн-нан кем болмауы қажет;
  - мөлшерінің көлемі 0,1-1,0 см<sup>3</sup>;
  - спермийлердің 38°C-та өмір сүргіштігі 5 сағаттан кем емес;
  - колититр шамалы теріс;



A

B

C


#### Сурет 15. Өндіруші бұқаның ұрығы

A – қою; B – орташа; C – сұйық.

**Сиырды визоцервикалды әдіспен ұрықтандыру.** Жыныс ернеулерін жылы, сабынды сумен жуып фурацилиннің(1:5000) ерітіндісімен шайып, құрғатып сұртеді. Қынап айнасын жыныс мүшесіне енгізбестен бұрын жыныс ернеулерін натрий бикорбанатының 1 % жылы ерітіндісімен ылғалдаған жөн. Жыныс ернеулерін шұртекейгс (сарпай арқылы) массаж жасай отырып өңдеу, неғұрлым жақсы жүргізілсе, сиырды ұрықтандырудың келесі тәсілдері соғұрлым жақсы және тез жүргізіледі. Алдын ала тазартылған, жылы шприц-катетерге зерттелген бір сиырды ұрықтандыруға қажетті шәует мөлшерін сорып алады. Бос қолмен заарсызданған, натрий бикорбанатының 1%-дық жылы ерітіндісімен ылғалданған қынап айнасын тармақтары жабық күйінде, жайлап айналдыра отырып, төменнен жоғары қарай кішкене бұрышпен малдың қынабына енгізеді. Енгізіп жатқанда қынап айнасының тұтқасы бір жағына бағытталуы керек. Енгізгеннен кейін қынап айнасының тұтқасын

Абайлап төмен қарай бұрады да, жатыр мойны көрінетіндей етіп қынап айнасын қысып ашады (Сурет 16). Қынап айнасын енгізу - маңызды тәсіл, сондықтан әрбір студент мұны жақсы игеруі тиіс. Қынап айнасы дұрыс енгізілсе, сиыр қозғалмай, мазасызданбай, тыныш тұрады. Ал егер қынап айнасы салқын (дене температурасынан төмен) және дөрекі қимылмен енгізілсе, онда сиырдың қынабы тырысып (вагинизм) шәуетті енгізуге

кедергі жасайды немесе енгізілген шәует жатырмойнынан қайта шығарылып тасталады.



**Сурет 16. Сырды визоцервикалді әдіспен ұрықтандыру**

**Шәуетті маноцервикалды әдіспен енгізу.** Бұл әдіс шәуетті жатыр мойнына қолмен (manus-қол) апарып енгізеді. Бұл үшін залалсызданған, бір реттік полимерлік аспаптарды (полистерол катетері бар полиэтилендік ампула және полиэтилендік қолғап) пайдаланады.

Ампула шәуетке зиянсыз полиэтиленнен дайындалған. Ұзындығы 48 мм, денесі, мойны, қалпағы және түбі бар. Ампуланың мойнының кабырғасы қалың, сол себепті катетермен жақсы жалғанады. Ампулаға 1,2 мл шәует сияды.


Катетерлер полистиролдан дайындалады, ұзындығы 75 мм, ал сыртқы диаметрі 4,8 мм. Катетерлерді полиэтилендік қапшықтарға орап салады және олар бактериоцидтік лампалармен залалсыздандырылады.

Қолғаптар қалындығы 35-40 мкм. болатын полиэтилендік пленкадан дайындалған, олардың ұзындығы 800-900 мм.

Полиэтилен аспаптар заарсыздандырылып шығарылады. Егер орауының бүтіндігі бұзылса, оларды пайдаланудың алдында міндетті түрде заарсыздандырады. Бұл үшін ампулаларды, катетерлерді және қолғаптарды жайып қойып, олардың ұстіне 20-40 см. биіктікте орналасқан бактериоцидтік лампаларды (БУВ-15 немесе БУВ-30) 60-80 мин. қосып заарсыздандырады.

Полиэтилендік ампулалар шәуетпен асылдандыру станцияларында толтырылып, термоспен шаруашылыққа жеткізіледі.

Маноцервикалді әдісті қолданғанда айтарлықтай тәжірибе болу керек, сондықтан алдымен ампуладан шәуетті сығып шығаруды үйреніп және 10-15 сырды колғасыз ұрықтандырып, үйренген соң қолғаппен жұмыс істеуге кіріседі.



### **Сурет 17. Сиырды маноцервикалді әдіспен ұрықтандыру**

Шәуєтті енгізбестен бұрын сиырдың сыртқы жыныс мүшелерін белгілі әдіспен тазартады. Ампуланы термостан алғып, спирттің (96%-дық) ерітіндісімен ылғалданған тампонмен сұртеді, одан сол ампуланы жәймен шайқап араластырады да, ампуланың калпағын кесіп жылытылған заттың шыныға бір тамшы шәует тамызып белсенділігін анықтайды. Осыдан кейін ампуланың кесілген ұшына залалсызданған катетерді кигізеді. Қолға жылы физиологиялық ерітіндімен ылғалданған полиэтилен қолғабын киіп, қолды қынапқа енгізіп, жатыр мойнын 1-1,5 минут сипайды. Жатыр мойны жиырыла бастаған соң оның арнасын шырыштан тазартады және қынаптағы қолды сыртқа шығармай катетерді бас бармақ пен сұқ саусақтың арасында ұстап дайындалған ампуланы береді.

Қолды алға қарай жылжытады, сұқ саусақтың бақылауымен катетерді жатыр мойнына 1,5-2 см терендікке енгізеді. Жатыр мойнының қынаптық бөлігін уқалай отырып, ампуланы алақанмен алға қарай, катетер түгел енгенше (7 см) жылжытады. Бұл үдеріс өте сақтықпен жасалады себебі жатыр мойнының кілегейлі қабаты өте сезімтал болады да, зақымдануы мүмкін.

Содан соң ампуланы 2-3 см шамасында жоғары көтеріп, жатыр мойны босаңсыған кезде ампуланы саусақтармен қысып, шәуєтті сығып шығарады.

Шәуєтті ампуладан толық шығару үшін оның түбінен бастап сығады. Шәуєтті енгізіп болған соң, жатыр мойнынан ампуланы қысылған күйінде (шәует ампулаға қайта сорылып кетпес үшін) шығарып алады. Катетерді ампуладан ажыратады да, оны қынаптың түбіне қойып, жатыр мойнын 2-3 минуттай сипап уқалайды (массаж). Қолды (ампула, катетермен бірге) абалап шығарады. Қолды қынаптан жәймен шығару керек, егер дәрекі қимыл жасаса, жатыр мойны тітіркеніп, тырысып, жиырылуы мүмкін және енгізілген шәует жатыр мойнынан қынапқа шығып калады. Маноцервикалді әдіс тек ірі сиырларға колданылады. Бірінші тума құнажындарды немесе қынабы тар сиырларды мұндай әдіспен ұрықтандыруға тиым салынады. Ағзаны микробтар зақымдауынан қорғау сақталмаса (асептика) сиырдың жыныс мүшелерінің микробтармен ластану қауіпі туады.

### **2.3.7. Сиырды ректоцервикальді әдіспен ұрықтандыру**

Ірі қара малды ұдайы өсіру биологиясында аналық малдың жыныс жолдарына ұрықты еңгізудің үш әдісі бар: ректоцервикалды, маноцервикалды және визоцервикалды.

Мал шаруашылығымен айналысадын қазіргі шарттарында бүкіл дүние жүзінде сиырлар мен қашарларды ректоцервикалды әдіспен ұрықтандыру кеңінен пайдаланылады, себебі бұл әдіс бүгінгі таңда ең ұтымды және үдемелі дамып келе жатырған әдіс болып саналады. Бұл әдісті жүргізу үшін алдын ала қынап айнасы арқылы жатыр мойнының ашылу деңгейін анықтап алады.

Зарарсыздандынған, бір рет пайдалануға арналған құрал-саймандардың көмегімен ұрықты сиырдың жатырының денесіне, тік ішек арқылы жатырды қолмен басып тұрып енгізеді. Сиырлар мен қашарлардың жемісті ұрықтанып кетуіне жыныс мүшелеріне уқалай (массаж) жасау өзінің жақсы әсерін тигізеді. Массаждан кейін сиырдың жыныс жолдарына құрал-саймандар женіл әрі жылдам кіреді және сиырдың жатырының моторикасы жақсарып, ол оз тарапынан спермийдің жұмыртқа жолына қозғалуын жақсартып және овуляцияның басталуына септігін тигізеді (сурет 18).

Ұрықтандырушы – техник катетерді енгізу үшін қолына бір рет пайдаланатын қолқап киіп, оны арнайы гельмен майлап, тік ішекке сұғып, жыныс ернінің жоғары бөлігін созып өзіне қарай тартады, сонда жыныстық ерні ашылынқырағанда екінші қолмен катетерді қынапқа енгізеді. (сурет 19, 20).



**Сурет 18. Ұрықтандырудың алдында аналық малдың жыныстық мүшелеріне уқалау жасалады**




**Сурет 19. Ұрықтандырушы-техник катетерді енгізу үшін жыныс ернінің жоғары бөлігін созып тартады**




**Сурет 20. Ұрықтандырушы-техник катетерді қынапқа енгізеді**

Күйктың саңылауына түсіп кетпеу үшін, катетерді бірінші қынап кіреберісінің төменгі жағынан 10-15 см-ге жылжытып, содан соң  $45^{\circ}$ -қа жоғары қаратып әрі қарай жылжытады, содан соң катетерді туралап жатырдың мойынына толығымен кіргенше жылжытады. Содан кейін ұрықтандыруши-техник қолымен жатырдың мойынын ұстап тұрып, катетерді жатыр мойынының каналына жақындастып, кішкене саусақтың көмегімен катетерді алдыға қарай бағыттайты (сурет 21, 22, 23).



**Сурет 21. Катетерді төменинен жоғары қарай  $45^{\circ}$ -қа жоғары қаратып жылжытады**



**Сурет 22. Ұрықтандыруши-техник қолымен жатырдың мойының ұстап тұрып, қынаптың қыртыстарын жазады.**



**Сурет 23. Ұрықтандыруши-техник катетерді жатыр мойынының каналына жақындастып, кішкене саусақтың көмегімен катетерді алдыға қарай бағыттайты**

Катетер жатыр мойынының түтігіне кіргеніне көз жеткізгеннен кейін, жатыр мойының алақанмен қысып ұстап аздап көтеріп, абайлап айналмалы қозғалыс жасап катетерге қарай жылжытады. Катетер жатыр мойынына кірген соң сұқ саусақпен бақылап тұрып катетерді жатырдың денесіне 0,5-1 см-ге жылжытып, катетердің поршенніне қысым жасау арқылы катетердің ішіндегі ұрықты ағызады. (сурет 24, 25, 26). Содан кейін, катетерді жыныс жолдарынан, ал қолды малдың тік ішегінен абайлап алып шығу қажет.



**Сурет 24. Ұрықтандырушы-техник  
абайлап айналмалы қозғалыс  
жасай отырып жатырдың  
мойынын катетерге қарай  
жылжытады**




**Сурет 25. Сұқ саусақтын  
бақылауымен ұрықтандырушы-  
техник катетерді жатырдың  
денесіне 0,5-1 см-ге жылжытады**



**A**

**Сурет 26. Катетердің поршенине қысым жасау арқылы катетердің  
ішіндегі ұрықты жатырдың денесіне (а, б)**



**B**


Сырлар мен қашарлардың аналық жұмыртқасын ұрықтандыру жұмысы нәтижелі болу үшін, оларды екі рет ұрықтандырады: бірінші рет – күйге келген малды анықтағаннан соң 12 сағаттан кейін екінші рет – 10-12 сағатт өткеннен кейін.

### **2.3.8. Ұрықтандыру барысында жіберілетін қателіктер**

Ұрықтандыру кезінде жиі жіберілетін қателіктер:

1. Катетерді жатырға көлденең немесе аздал жоғарырақ қаратып енгізгенде катетердің ұшы соқыр қуысқа кіріп кетуі мүмкін (сурет 27), мұндай жағдайда жатыр мойынын қолмен құрсақ қуысына көтеріп, катетердің ұшын аздал төмен түсіріп, содан соң ғана катетерді жатыр мойынына жылжытуды қажет етеді.

2. Қынапқа катетерді төмен қаратып енгізгенде, ол қуықтың саңылауына кіріп кетуі мүмкін (сурет 28), ондай жағдайды болдырмау үшін катетерді қынапқа 45°-қа жоғары қаратып сұғып, содан соң ғана алдыға қарай итеру икемдеу қажет.



## **Сурет 27. Катетердің соқыр ішекке кіріп кетуі**




## **Сурет 28. Катетерді қуықтың санылауына кіргізу**

3. Жатыр мойынын қынап жағынан немесе жатыр денесінің артынан өте алыс ұстаған жағдайда, жатыр мойынының артқы бөлігі төмен түсіп тұрады, мұндай жағдайда жатыр мойынына катетерді еңгізуге мүмкіндік болмайды, катетерді еңгізу үшін жатыр мойының алақанмен толығымен қысып ұстап, кішкене саусақтың көмегімен катетерді жатыр мойынына бағыттау қажет (сурет 29).



A




Б

**Сурет 29. Жатыр мойынын қынап жағынан немесе жатыр мойынының артқы жағынан ұсташау (а, б)**

4. Буаз сиырды ұрықтандыру (сурет 30). Сиырларда буаздығының 4 – 4,5 айлығында кейбір физиологиялық қасиеттеріне байланысты жыныстық күй белгілеріне ұқсас белгілер байқалады (жалған күйге келу). Егер сиырлардың буаздығын анықтау бойынша зерттеу уақытылы жүргізілмесе, онда жалған күйді табиғи күйүге келгенмен шатастырып, буаз сиырды қайта ұрықтандырып, қоюға болады, бұндай жағдайда сиыр түсік тастайды.

**Сурет 30. Буаз сиырды ұрықтандыру**



### **2.3.9. Биені жасанды ұрықтандыру**

**Биені жасанды ұрықтандыру техникасы.** Биені арнайы бекемдеу құрылғысына (станок) кіргізіп артқы аяқтарына тұсап, шідер салады. Жасанды ұрықтандыра尔 алдын сыртқы жыныс мүшесін жылы сумен жуады, қүйрығын дәкемен орайды. Резенке катетерді және шыны шприцтерді (немесе ампулаларды) таза сумен шайып, дистилденген суда қайнатады немесе 70%-дық спиртпен тазалап, натрий хлоридінің изотоникалық ерітіндісімен, ал шәуетті сорып аларда жасанды ортамен шаяды.

Резенке катетерді жатыр мойнына кынап айнасын пайдаланбай-ақ қолмен енгізеді. Бұл әдісті маңацервикалді әдіс деп атайды.

Биені жасанды ұрықтандыру үшін шәуеттегі спермийлердің белсенділігі 5 баллдан төмен болмауы керек, оны микроскоптың астында жылытқыш үстелшені немесе термостатты пайдалана отырып тексереді. Соң соң шәуетті бөлме температурасында 30 минуттай жылытып, тез арада ұрықтандыруға пайдаланады. Ал мұздатып-қатырылған шәуетті су моншасында 40°C бір минуттай жіберіп, пакеттің сыртын дәке сұрткішпен құрғатып сұртіп, бір ұшын кесіп шәуетті шприцке сорып алады.

Алдын ала заарсыздандырылған резенке катетерді жатыр мойнына 8-10 см тереңдікке қолдың көмегімен енгізеді де, оған шприцті жалғап, жатырға 25-30 мл. мөлшерде шәует жібереді. Ауыр жүк тасымалдайтын тұқымды биелерге және жаңадан құлындаған биелерге шәуетті 35-40 мл мөлшерде жібереді. Жалпы айтқанда биелерді ұрықтандыру үшін шәуеттің ең төменгі мөлшері 20 мл-ден кем болмағаны дұрыс. Шәует мөлшерінде 300-400 млн. белсенді спермийлер болуы керек. Егер сүйытылған шәуетті қолданатын болсақ, оның мөлшерін 2 есеге көбейтеді (70-80 мл). Жасанды ұрықтандырып болғаннан соң катетерді спиртпен ылғалданған тампонмен сұртіп заарсыздандырады. Шприцке шәует мөлшерін сорып, келесі биені ұрықтандырады.


Жасанды ұрықтандыру нәтижесін 8-9 күннен бастап 30 күнге дейін күнделікті күйіттеуші айғырмен күйлегенін анықтап, бақылап отырады. Биелерді ұрықтандырғаннан 40 күн өткенде буаздықка немесе бедеулікке тік ішек арқылы немесе ультрадыбыстық зерттеу құралдары, тесттер арқылы да зерттеулер жүргізеді.

### 2.3.10. Мегежінді жасанды ұрықтандыру

Ірітеп алынған күйлеген мегежіндерді жасанды ұрықтандыру манежіне жинаиды. Шошқа шаруашылығында күнделікті 50 бас күйге келген мегежінді ұрықтандыру үшін 500 бас мегежінді зерттеуден өткізеді. Қабандардың жыныстық белсенделілігін сактау үшін, оларды екі күннен кейін, үшінші күні табынға жібереді, соңдықтан бір табынға 2-3 топ қүйіттеуші-қабандар, яғни барлығы 18 бас дайындаиды. Маусымдық ұрықтандыру кезінде 150 мегежінге 1 күйіттеуші қабан бекітіледі.

Өнеркәсіптік шаруашылықтарда жас мегежіндерді алғаш рет 9-10 айлығында, тірі салмағы 110 кг салмаққа, асылтуқымды шаруашылықтарда 10-11 айлығында және тірі салмағы 130 кг салмаққа жеткенде жасанды ұрықтандырады, ал жасы ұлken мегежіндерді торайларынан айырған соң ұрықтандырады.

Егер мегежіндердің қондылығы жақсы болса оларды торайларынан ажыратпастан-ақ ұрықтандыруға болады. Ересек мегежіндерді күйлегеннен кейін 24 сағаттан соң, ал жас мегежіндерді 30 сағаттан кейін ұрықтандырады. Егер мегежіннің күйге келгенін таңертең анықтаса оны кешке ұрықтандырады, ал кешкісін анықтаса, онда таңертең ұрықтандырады.



Сурет 31. Мегежінді ұрықтандыруға арналған әмбебап катетер (ЭЗК-5)

**Мегежіндерді жасанды ұрықтандыру технологиясы.** Мегежінді көбінесе сұйылтылған шәуетпен ұрықтандырады.

Сұйылтылған шәуетпен ұрықтандыру. Бұл әдіс бойынша шәуетті жатырға мегежіннің 1 кг. салмағына 1 мл. болатын есеппен жібереді, бірақ жалпы мөлшері 150 мл аспағаны дұрыс. Шәуетті жасанды ортамен сұйылтқан кезде бір ұрықтандыруға кететін шәует мөлшерінде белсенделі спермийлердің саны 3 млрд-тан кем болмауы керек. Шәуетті енгізу үшін полиэтилендік құрал (ПОС-5) қолданылады, ол қабырғасы жұқа, 100-150 мл флақоннан, оған бұралып жабылатын қақпақтан және *муфта* арқылы

жалғанатын катетерден тұрады. Полиэтилендік құралды (МУПК) шәуетті құймастан бұрын, натрий карбонатының 2-3 %- ыстық судағы ерітіндісімен шаяды да дистилденген сумен жуып, заарсыздандырышта қайнатып заарсыздандырады. Қайнатып заарсыздандыру кезінде олар судың бетіне қалқып шықпас үшін сумен толтырады. Катетерлерді қақпағымен бірге флокондардан бөлек заарсыздандырады. Заарсыздандырып болғаннан кейін флокондарды және катетерлерді хирургиялық қысқыш (корнцанг) немесе пинцетпен алып, ішіндегі сұын төгіп, шәуетті сұйылтуға арналған жасанды ортамен шаяды.

**Флакон** - сұйықтарды сақтауға арналған арнайы ыдыс.

**Муфта** - бөліктерді жалғастыруға арналған құрылғы.

Шәуетті енгізу алдында міндетті түрде су моншасын 38- 40°C температураға дейін 8-10 минуттай қыздырып алған жөн, өйткені сұық шәует жатырдың жиырылуына байланысты сыртқа ағып кетеді. Жасанды ұрықтандыру алдында шәуеттегі спермийлердің белсендерлігін зерттеп алады. Термостатта жылтылған шәуетпен толтырылған флокондарды мегежіндерді ұрықтандыратын орынға апарады.

Мегежінді ұрықтандыру алдында олардың сыртқы жыныс мүшелерін фурациллиннің (1:5000) қатынасындағы ерітіндісімен жуып-шаяды. Одан соң флоконның қақпағын бұрап ашып, оның орнына заарсызданған катетер жалғанған қақпақты бұрап бекітеді. Соナン соң шәуетке толы құралды (приборды) алып, катетерін мегежіннің кынабына тірелгенше енгізеді. Флаконды төңкере ұстап мегежіннің деңгейінен жоғары көтереді, егер мегежіннің жатыры ашық болса құралдан жатырға шәует өз бетімен ағады, оны тездету үшін флаконды жаймен кысуға болады. Егер шәует сыртқа төгілсе, шәует енгізуді жатыр мойны босаңсып, қайта ашылғанша тоқтата туру қажет. Шәуетті жатырға асықпай 5-6 минутай енгізген жөн. Ұрықтандырып болған соң катетерді жайлап мегежіннің кынабынан шығарып алады және әр бір мегежінге жеке құрал қолданылады.

Мегежінді фракциялық әдіспен ұрықтандыру алдымен сұйылтылған шәуетті, одан соң ол шәуетті әрі қарай жатыр түтіктеріне түсіру мақсатында сұйылтқышты енгізумен сипатталады. Шәует пен сұйылтқышты жылы күйінде қолданады.

Аздап сұйылтылған шәуетті 40-50 мл мөлшерінде пайдаланады. Бұл шәует мөлшерінде ересек мегежіндер үшін: белсенді спермийлер саны 3 млрд., ал жас мегежіндер үшін 2 млрд. талап етіледі. Жатырға шәуетті енгізеді де артынан глюкоза-тұзды ерітіндін ересек мегежіндерге 100 мл, ал жас мегежіндерге 70-80 мл. есеппен енгізеді.

Мегежінді фракциялық, әдіспен ұрықтандыру үшін әмбебап зонд катетері (УЖ-5) колданады.

Алдымен мегежіннің жыныс ернеулерін ашып, жәймен катетерді жатырдың мойнына тірелгенше енгізеді, одан кейін шәует құйылған флоконның қысқышын ашып, оның ішіне ауа толтырады. Флакондағы шәуеттің мөлшері жартысына түскенде қысқышты қайтадан жабады (флоконның жартысының көлемі 50 мл.) және глюкоза-тұзды ерітінді

қүйылған флаконның кысқышын ашады. Ерітіндіні жіберіп болған соң кысқышты кысып жауып, 25-30 секундтан соң жайлап катетерді жыныс мүшесінен шығарып алады. Басқа мегежінді ұрықтандыру үшін заарсызданған жаңа катетерді қолданады. Бос флаконның орнына ерітінді қүйылған жаңа флакон койып, келесі мегежінді ұрықтандырады.

Ұрықтандырып мегежіндерді жеке тұрақта 1-2 күнге дейін жеке ұсталады, өйткені күйі қайтпаған мегежіндер бір-біріне секіріп, жіберілген шәуетті жыныс мүшелерінен сыртқа қайта ағызып жіберулері мүмкін.

Ұрықтандырып болғаннан кейін пайдаланылған құралдарды және аспаптарды сұық сумен, соңынан ыстық сумен, натрий карбонатының 2-3% ыстық судағы ерітіндісімен жуып, ағын сумен немесе тазартылған сумен шайып заарсызданырады.

Барлық ұрықтандыран мегежіндерді бақылауға алып, оларға 10 күннен 30 күн аралығында қүйіттеуші қабандарды косып, қайтадан қүйге келгендерін анықтап, оларды дер кезінде қайта ұрықтандырады.

### **2.3.11. Қойды жасанды ұрықтандыру**

Жеке шаруашылықтарда ұрықтандыру пункті ұйымдастырылып, онда өздеріндегі сол аймақтағы ең таңдаулы асыл тұқымдық қошқардың ұрығын пайдаланады. Қой өсіретін жеке шаруашылықтарда ұжымдарда саулықтың үлес салмағы басым болған жағдайда, әр екі саулық отарына есептеп бір пункттен салады. Қойды жасанды ұрықтандыруды, осы жөнінде арнайы дайындық курсынан өткен техник ұрықтандырушы жүргізеді.

Мал тұқымын асылданыру және жасанды ұрықтандыру жөніндегі мемлекеттік бекет, сол өзі қамтитын аймақта мал тұқымын асылданырудың әдістемелік орталығы болып саналады.

Қойды жасанды ұрықтандыру жөніндегі мемлекеттік бекеттерді Қазақстан республикасының ауыл шаруашылығы министрлігі немесе облыстық ауыл шаруашылық басқармалары белгілейді.

Қойды жасанды ұрықтандыру жөніндегі мемлекеттік бекетте үрпағының сапасы тексерілген элиталық сапалық көрсеткіштері жоғары қошқарлар ұсталады; бекеттерде қанша қошқар ұстасу қажеттілігі, сол аймақтағы жеке шаруашылықтар мен ұжымдардағы саулықтардың санына қарай белгіленеді.

Мемлекеттік бекет қой шаруашылығы шалғай орналасқан аудандарда саулық отарының жаңынан қажет болған жағдайда қойды жасанды ұрықтандыратын пункттер ашады.

Тұқымдық кошқарларды іріктеу, оны күтіп-бағу және емдеу жұмыстары «Малды жасанды ұрықтандыру бекеттері мен пункттеріндегі жұмыстардың мал дәрігерлік-санитарлық ережелері» деген нұсқауда көрсетілген тәртіппен орындалады.

Мал арасында жұқпалы ауру (брүцеллез, кампилобактериоз, т.б.) бар шаруашылықтарда қойды жасанды ұрықтандыру, тек аудандық бас мал дәрігерінің рұқсатымен ғана жүргізіледі.

### **ІІІ БӨЛІМ. МАЛ ДӘРІГЕРЛІК АКУШЕРЛІК ІСІ**

#### **3.1. Буаздық физиологиясы және диагностикасы**

Малдың буаздығын дер кезінде анықтау, тауарлы-сүт фермасының жұмысын дұрыс ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, төл алуудың, өндірілетін сұттің жоспарын жасайды. Мал төлдету мерзімі алдын ала белгіленіп, қора-жайды, жем-шөпті дайындау уақытын белгілейді, ұрықтанбай қалған мал болса оның себебін анықтап, ұрықтандырып қысыр қалмауын қадағалайды.

Сөйтіп, малдың буаздығын немесе бедеулігін анықтау әрбір шаруашылықта міндетті түрде, жоспарлы түрде жүргізілуі қажет.

Иә, буаздық кезінде қанның, зәрдің, сұттің, жұннің, сүйектің құрамында талай өзгерістер болады. Ол өзгерістердің біліну, көріну дәрежесі көптеген ішкі-сыртқы факторларға байланысты болғандықтан буаздыққа зерттеу нәтижесі де әртүрлі бола береді.

Малдың буаздығын анықтау үшін оны мынандай тәртіппен зерттейді:

1. Анамнез мәліметтерін жинау;
2. Жеке кітапшадағы мәліметтерімен танысу;
3. Малды сырттай клиникалық ұстап тексеру, қынап және тік ішек арқылы зерттеу;

4 Ультрадыбыстық және зертханалық зерттеулер жүргізу.

**Анамнез мәліметтері:** Ұрықтандырылған күннен бастап 30 күн өткен соң мал қайтып күйлемесе, жем-шөпке тәбеті жақсарып, оңала бастаса, сұті кемі бастаса, асықпай, салмақты жүріп тас-кесекті жалауға құмар болса, терлегіш, тез шаршайтын болып, зэр шығаруы жиілеп, артқы аяқтарында, құрсағының астыңғы жағында ісік байқалса, мал мүмкін буаз болар деп жорамалдаймыз. Ол үшін малдың соңғы рет қашан туғанын, қашан ұрықтандырылғанын, неше рет күйлегенін, неше рет ұрықтандырылғанын, қандай шәуетпен ұрықтандырғанын білуге тырысамыз.

Анамнез мәліметтерін клиникалық зерттеу нәтижелермен толықтыру керек. Эйтпесе, ондай белгілер қысыр, ауру малда да кездесе береді.

**Клиникалық зерттеу:** рефлексологиялық әдістерден, сырттай қарап, ұстап көру, қынап және тік ішек арқылы зерттеу әдістерін түрады.

**Рефлексологиялық зерттеу** жүргізу үшін арнайы ауланың іші ұрықтандырылған малды күйіттеуші аталық малмен қосып 1-2 сағат бірге ұстайды. Мұндай зерттеуді малды ұрықтандырғаннан кей 10-30 күндердің арасында жүргізеді. Осы уақыттың ішінде қайтып күйлемесе, бәлкім ол буаз болғаны, ал қүйлегендері қысыр. Зерттеу нәтижесі 95-100 % жағдайда дұрыс болып шығады.

Буаздықты сыртқы белгілеріне қарап анықтау сирек қолданылады. Себебі, бұл әдіспен буаздықты тек екінші жартысынан ғана анықтай аламыз. Буаздық мерзімін дәл айта алмаймыз.

Сырттай қарағанда сиырды тегіс жерде, далада немесе жарық бөлмеде артқы жағынан 1-2 метр қашықтықтан қараймыз. Сонда көңіл аударатынымыз: сиырдың он жақ бүйірі салбырап ұлкейіп кейде босап

тускен, желіні ұлкейген, артқы аяқтары мен құрсағының астыңғы жағында домбыққан жерлері болуы мүмкін. Биелердің сол жақ бүйірі шығынқы болады.

Дегенмен, бұл белгілердің бәрі де буаздықты дәл басып көре алмайды. Буаздықты сыртынан қолмен ұстап-сипап анықтау қын емес. Ол үшін сиырдың оң жағынан келіп сол қолыңызды оның беліне қойып, оң қолыңыздың алақанымен сиырдың бүйірін өзектен төмен, шаптан жоғары тұстан бірнеше рет ішке қарай итеріп көріледі. Сол кезде қолыңызға қатты дene білінсе, ол буаздықтың ақиқат белгісі.

Биені сол жақ бүйірінен құрсағының төменгі жағын түртіп көреді. Ол үшін биенің сол жағынан келіп, артқы жағына қарап тұрып, сол қолыңызды оның беліне салып тұрасыз. Кой, ешкілердің сол жақ бүйірінің астынан тіземен итеріп, оң бүйірінен қолмен сипалайды (32-сурет).

Мегежіннің буаздығын сыртынан ұстап анықтау өте қын, бір жақ бүйіріне жатқызып қойып, ең соңғы екі емшегінің тұсы құрсағын сипалағанда, төл қатты дene болып кейде ғана қолға білінуі мүмкін. Кай малды болмасын сырттай ұстап қарағанда төлді таба алмаса, мал қысыр екен деп қорытынды жасауға болмайды.

Буаздықты құрсағының сыртынан тындал анықтау, тек ірі малға қолданылады. Онда да зерттеу нәтижесі барлық уақытта дұрыс бола бермейді.



**Сурет 32. Ешкінің буаздығын сырттай анықтау әдісі**

Буаздықтың бірінші жартысындағы кезенде малдың сыртқы белгілеріне қарап анықтау мүмкін емес. Сондықтан ерте буаз малды анықтау үшін қынап арқылы және тік ішек арқылы зерттеулер жүргізіледі. Бұл әдіспен тек ірі малды (сиыр, бие, түйе, есек) зерттеуге болады.

Қынап арқылы зерттегендеге малдың сарпайын жуып, тазалап сұртеді. Сырты вазелинмен майланған, заарсыздандырылған қынап айнасын ақырындал малдың қынабына салып, ашып, жарық түсіріп қарайды. Мал буаз болса жатыр мойыны жабық, қою кілегейлі тығынмен бітелген, өзінің қалыпты орынынан бір жақ бүйіріне қарай немесе теренде алға қарай

ығысқаны байқалады. Буаздықтың соңғы айларында тік ішек арқылы жатыр мойынының айналасынан қынапты итеріп тұрған төлдің дene мүшелерін қол салып қарағанда айқын білеміз. Бірақ қынап арқылы зерттеу буаздықты анықтау үшін көп қолданыла бермейді.

### **3.1.1. Буаздықты тік ішек арқылы анықтау**

Бұл әдіс малды ұрықтандырған күннен бастап 1,5-2 айдан кейін қолданылады, одан бұрын зерттегендеге мал іш тастап кетуі мүмкін.

Қолдың тырнағын алып, сыртын сабындал, саусақтарды біріктіріп ақырындал ыргай отырып тік ішекте енгізеді. Ішіндегі жиналған нәжісті алдың тастап, қолды ілгері жылжыта береміз. Тік ішектің кеңейген жерінен өтіп, оның жіңішке тар жеріне жеткенде ғана малды біраз тыныштандырып зерттейді.

Мұндағы көңіл аударатын жағдай: жатырдың, жатыр мойынының, тармақтарының, жұмыртқалықтың орналасқан жері, жиырылуы, төлдің білінуі, көлемі, жатыр артерияларының дірілі, күші.

Тік ішек арқылы зерттеуді негізінен таңертенгілікте жүргізген дұрыс. Зерттеу жүргізетін кісінің үстінде арнайы киім болады, атап айтқанда резенке етік, алжапқыш, акушерлік-гинекологиялық қолғап.

Зерттеуді жатыр мойынын табудан бастайды. Дені сау, қысыр сиырдың жатыры (мойыны, тармақтары) жұмыртқалықтары жамбас қуысында жатады. Жатыр мойыны 8-12 см. доғал тәрізді өте тығыз мүше. Одан ары қарай жұмсақ, ұзындығы 2-3 см. жатыр денесінде екі жаққа бөлініп, астына қарай бүктеліп, ұзындығы 20-25 см. жатыр тармақтары жатады. Тек сақа, көп бузаулаған сиырлардың жатыр тармақтары құрсақ қуысына азырақ салбырап тұрады. Тармақаралық өзек жақсы білінеді. Екі тармағының ұзындығы, жуандығы, серпімділігі тығыздығы да бірдей. Қолмен жайлап сипай бастағанда-ақ, жатыр тармақтары қошқар мүйізі тәрізді жиырылып, тығызданып дөңгелене қалады.

#### *Bіr айлық буаздық белгілері*

Жатыр мойыны жамбас қуысында, бір тармағы үлкендеу, құрсақ қуысына қарай ығысқан, сипағанда жиырылмайды, ішіне шарана сұзы жиналғаны байқалады. Буаз тармағы жағындағы жұмыртқалығы үлкендеу, бұлтиып сары дene білінеді. Жатыр алақанға түгелдей симайды.

#### *Eki айлық буаздық белгілері*

Жатыр мойыны жамбас қуысында алдыңғы жағына қарай ығысқан. Жатырдың буаз тармағы екіншісімен салыстырғанда екі есе үлкен, былқылдаған дорба тәрізді, жиырылмайды, құрсақ қуысына салбырап тұрады. Тармақаралық өзек анық білінбейді.

#### *Yи айлық буаздық белгілері*

Жатырдың буаз тармағының көлемі ересек кісінің басындағы. Ішіне су толған дорба тәрізді. Оны зәр толған қыықпен шатастырмай үшін жатыр мойынымен және тармағымен байланысын анықтау керек. Тармақаралық өзек мұлдем білінбейді. Жатыр қабырғасы жұқарған, сыртынан сипағанда

ұлкендігі бүршақтай карункулдар байқалады және ұлкендігі сіріңке қорабындай болып, саусактың үшінан төл білінеді.

#### *Төрт айлық буаздық белгілері*

Жатыр мойыны құрсақ қуысына түсे бастаған. Жатыр ішіне сұйықтық толған ұлken қапшық тәрізді. Карункулдарының ұлкендігі орман жанғағында (1-2 см). Төлдің дене мүшелерін ажыратуға болады. Жатырдың буаз тармағы жағынан ортаншы жатыр артериясының дірілдеп соққаны байқалады.

#### *Бес айлық буаздық белгілері*

Ортаншы жатыр артериясының дірілдеп соғуы, шуылы өте күшті білінеді. Төлдің көлемі 30-40 см шамасында болса, карункулдары көгершін жұмыртқасындаидай.

#### *Алты айлық буаздық белгілері*

Жатыр мойыны да, тармақтары да құрсақ қуысына терең түсіп кеткендіктен, төлді үстап көруге мүмкіндік бола бермейді. Тек, карункулдардың тауық жұмыртқасында болып ұлкейуіне байланысты, жатыр қабырғасынан бұжырланып білінеді. Ортаншы жатыр артериясы екі жағынан да, дірілдеп соғып тұрады.

#### *Жемі айлық буаздық белгілері*


Төлдің көлемі, салмағы ұлкейгендіктен жоғары көтеріледі де, қолға оңай табылады. Жатыр мойыны қайтадан жамбас қуысына оралады. Екі ортаншы жатыр артериясы қосылып, буаз тармағы жағының артқы артериясы дірілдеп соға бастайды.

#### *Сегіз айлық буаздық белгілері*

Төлдің кейбір дене мүшелері жамбас қуысына кіріп тұрады. Артқы жатыр артериясының буаз тармағы жағынан жақсы білінеді, ал қарсы жағының артқы артериясы әлсіз ғана дірілдеп соға бастайды.

#### *Тогызы айлық буаздық белгілері*

Екі ортаншы және екі артқы жатыр артериясының тамыр соғысы қолға өте жақсы білінеді. Төлдің кейбір дене мүшелері жамбас қуысына кіріп тұрады. Сырырдың сарпайы ісінген, жыныс саңылауынан кілегейлі шырыш ағып құйрығына, жыныс ернеулеріне қатып қалады. Екі бүйірі түсіп, желінінде уыз пайда бола бастайды. Құйрық түбі мен жамбас сіңірлері босаңсиды. Желінінде, құрсағының астыңғы жағында ісіктер пайда болады.



**Сурет 33. Сырдың буаздығын тік ішек арқылы анықтау**

*A- кәрі қысыр сырдың жатырын сипап көру; Б-буаз емес жатырдың жиырылуы; В-екі айлық буаздық;*


*Г-төрт айлық буаздық; Д-төрт айлық буаздықтагы жатыр қан айналымы; Е-7-8-айлық буаздық:*

- 1- жатыр бифуркациясы;
- 2- жатырдың оң жақ тармағы;
- 3- жұмыртқалық;
- 4- тік ішек;
- 5- жатырдың кең шарбысы;
- 6- жатырдың сол жақ тармағы;
- 7- тармақ аралық өзек;
- 8- күйкі;
- 9- сербек сүйегі;
- 10- құймышақ;
- 11- қынап;
- 12- жатыр денесі;
- 13- жамбас қуысының түбі;
- 14- жатыр мойыны;
- 15- артқы жатыр артериясы;
- 16- аортада;
- 17- ортаңғы жатыр артериясы;
- 18- алдыңғы жатыр артериясы;
- 19- алдыңғы жатыр артериясының жұмыртқалық бөлігі;
- 20- алдыңғы жатыр артериясының тармакқа келетін бөлігі;

### Сурет 34. Биенің әр буаздық кезеңдерінде жатырдың көрінісі

*A- 20 күндік; Б-екінші айдың басы; В-төрт айлық; Г- тоғызынышы ай;*

*1-буаз жатырдың көлденең кесіндісі; 2-буаз емес жатырдың көлденең кесіндісі; 3-құрсақ қабыргасы; 4-жатырдың оң жақ бос тармагы; 5-жатырдың кең шарбысы; 6- жұмыртқалық; 7-сербек сүйегі; 8-тік ішек; 9-жатырдың төл орналасқан сол жақ тармагы; 10-жатыр денесі; 11-жатыр мойыны; 12-қынап; 13-жамбас құысының тубі; 14-құық; 15-бос сол жақ тармақ; 16- төл орналасқан оң жақ тармақ; 17-диафрагма.*



#### 3.1.2. Ірі қара мал буаздығын зерттеу әдістері

Қазак ұлттық аграрлық университетінің профессоры, ветеринария ғылымдарының докторы М.Н.Джуланов және ветеринария ғылымдарының кандидаты К.У.Койбагаров бие буаздығын анықтауда ультрадыбыстық зерттеу әдісін қолданып, биелердің тоқтағаннан кейін 2 аптадан соң буаз немесе қысыр екенін зерттеп, бие буаздығын анықтауда ультрадыбыстық зерттеу әдісінің тиімділігін анықтады.

Буаздық ол - ұрғашы жануарлардың аналық торшаларында ұрықтың дамып жетілгенге дейінгі физиологиялық күйі.

#### *Буаздықты сырттай бақылап зерттеу әдісі*

Буаздықты сырттай бақылап зерттеу әдісі арқылы мал буаздығының екінші жартысында, мал денесінің симметриясының өзгеруіне, оң жақ бүйірінің ұлғаюына, ішінің түсіңкі болуына, құйрығынан шылым ағуына қарай анықтайды.



**Сурет 35. Буаздықты сырттай бақылап білу**

*Тест, зертханалық зерттеу арқылы буаздықты анықтау*

Әр түрлі тесттер арқылы буаздықты анықтау жылдам жүргізіледі, бірақта төлдің қанша айлығы және жануарлардың гинекологиялық ауруларын уақтылы анықтауға мүмкіндік бермейді.

Зертханалық зерттеу буаз малдың қандағы, сүттегі прогестерон гормонының мөлшерінің өзгеруіне байланысты, бірақта төлдің қанша айлығы және жануарлардың гинекологиялық ауруларын уақтылы анықтауға мүмкіндік бермейді.



**Сурет 36. Буаздықты зертханада анықтау**

*IҚМ буаздығын тік ішек арқылы (ректальди) зерттеу әдісі*

Буаздықты тік ішек арқылы қол салып зерттегендеге көп уақыт жоғалтады және жаңадан дамып келе жатқан төлге сипалау арқылы ұлпаларына зиян келтіріп, әр түрлі ісіктердің, жарақаттардың және сиыр буаздығының ерте тоқтауына соқтыруы мүмкін.

Сиырлардың буаздығын анықтауда польшалық “DRAMINSKI” компаниясының ультрадыбыстық зерттеу құралын пайдаланып IҚМ буаздығын зерттеу тиімді. Сиырлардың буаздығын ультрадыбыспен зерттеу нәтижесінде 28-30 күнде эмбрион көлемі (1 см) түрінде кішкентай эхогенді нысан ретінде, 35-40 күндік төл немесе эмбрион 4 (см) көлеміндегі, 60-65 күндік төл тышқан баласында болып сипатталады.

– Ультрадыбыстық зерттеу құралдары арқылы буаздықтың 65-ші күнінен бастап іштегі төлдің жынысын анықтауға мүмкіндік береді.

– Сырларда З айлық буаздықтан бастап амнион сұйықтығының түсінің өзгеруі байқалғандықтан төлдің сұлбесі айқын байқалмайды.

– Буаздықтың 4-ші айынан кателедондар байқалып айна 1 см. өсіп отырады.

УДЗ сканері арқылы ауылшаруашылығы малдарының жыныс ағзаларындағы патологиялық ауруларды, фолиулдардың, сары дененің дамуыларын, сирлардың күйлеу кезеңін және де мал буаздығын 1-3 минуттың ішінде анықтауға мүмкіндік береді. Егерде осында құрал тәжірибелі маманның қолында болса, ауылшаруашылық малдарының буаздығын З аптадан кейін буаз немесе қысыр екендігі анықталады.

*Әр түрлі жануарлардың буаздықтың ұзақтығы (тәуілікпен):*

- Сырларда – 285
- Қой мен ешкі – 150
- Шошқаларда – 114
- Биelerde – 336
- Түйелерде – 365
- Иттерде (қанышық) – 63
- Мысықтарда – 58
- Қояндарда – 31

Буаздықты клиникалық, зертханалық және ультрадыбыстық зерттеу әдістері арқылы анықтайды. Клиникалық әдістерге:

- Тік ішек арқылы (Ректальды)
- Рефлекстері арқылы (Рефлексологиялық)
- Сырттай (Сыртқы белгілері) арқылы

Зертханалық: олардың тәжірибелік мәні жоқ.

Ультрадыбыстық: қазіргі таңдағы тиімді әдіс болып саналады.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Жыныстық айналым дегеніміз не?
2. Сырды ректоцервикалды ұрықтандыру әдісі қалай жүргізіледі?
3. Мегежінді жасанды ұрықтандыруда қандай құралдар пайдаланылады?
4. Буаздықты анықтаудың рефлексологиялық әдісі неге сүйенеді?
5. Қойларды жасанды ұрықтандыру пункттерін кімдер ұйымдастырады?
6. Биelerді ұрықтандыру әдістерін атанаңыз?
7. ИКМ буаздыққа зерттеу әдістерін атанаңыз?

### **3.2. Түу және түу сатылары**

**Мақсаты:** Жануарлардың туар алдындағы белгілері мен кезеңдерін және түу сатыларын оқып біледі.

**Материал және жабдықтар:** Суреттер, плакаттар, муляждар, (табиғи) буаз малдар (сиырлар, қойлар, ешкілер және т.б.). стетофонендоскоптар, термометрлер, акушерлік қолғаптар, алжапқыш, бекемдеу құрылғысы (станок), сабын, залалсыздандырғыш ерітінділер және т.б заттар.

**Тапсырма:** оқу құралдары мен материалдарды пайдалана отырып, буаз малдардың буаз жануарлардың таур алдындағы белгілерін, туу сатыларын анықтау және төл кіндігін өндіру.

1 Төлдеу физиологиясы.

2 Түрлік ерекшеліктер, төлдеуден кейінгі кезең

*Төлдеу басталу себептерінің уш тобы бар:*

*Біріншінде топ:* бас ми қабатының қозуының төмендеуі, релаксин құрамының көбеюі және т.б.

*Екіншінде топ:* жоғары белсенді экстрагендердің жиналуы, ацетилхолиннің және окситоцинның көбеюі және т.б.

*Үшіншінде топ:* ацетилхолин затының әсері. Ол төлдеу құбылысының ырғағын сүйемелдей, содан соң парацервикальды және паравагинальды ганглиозды және т.б.

*Буаз жануарлардың туар алдындағы маңызды белгілері:*

1. Буаз жануардың әдеттегі жамбасы «туу жеріне» айналуы оның байланыс аппаратының әлсіреуімен көрінеді. Жамбас сінірлері борпылдақ күйге түседі: олардың ұзындықтары 1/3-ге немесе 1/4-ге ұзарады. Әдетте, жамбас «туу жеріне» ұрықты шығарардан 12-36 сағат бұрын айналады.

2. Жыныс ернеулерінің ісінуі және ұлғаюы: тері қыртысы жылтырап, қатпарлары жазылады.

3. Буаз жануарлардың туу алдында қынаптың қою шырышы сүйылады. тууына 1-2 тәулік қалғанда қынап шырышының сүйілу үдерісі байқалады.

4. Ұыздың бөлінуі әдетте 2-3 тәулік бұрын басталады, кейде ол осы уақыттан ерте немесе түғаннан кейін бөлінеді.

5. Туар алдында 12-50 сағат бұрын буаз жануардың дене температурасы 0,4-1,2 °C-қа төмендейді.

6. Тік ішек арқылы зерттегендеге жатыр мойының ұзындығының қысқаруы байқалады. Бұл оның ашылуын және биеде 10-24 сағаттан кейін, ал сиырда 2-3 сағат ішінде төлдің туатының көрсетеді.

7. Ұсақ малдың аналықтарының «туатын орын дайындауы».

Төлдеу - жетілген тірі ұрықты анасы ағзасынан шығарудан және қағанақ қабығы мен оның сүйін қуудан тұратын физиологиялық үдеріс. Төлдеу – жетілген төлдің және аналық ағзасының қатынасуымен жатыр мен бұлшық еттің белсенді жиырылуы әсерінен өтетін үдеріс.

*Туу сатылары.* Туу сатысының үш түрін ажыратады: ашылу сатысы, туу сатысы және түғаннан кейінгі саты.

1. *Ашылу сатысында ішкі жыныс ағзаларының бұлшық еттері жиырылады.* Жиырылу жетілген төлге және қағанақ суларына қысым

жасайды, соның нәтижесінде олар қысымы аз жаққа, басқаша айтқанда, жатыр мойнына қарай ығысып, ұрық жолының ашылуына ықпал жасайды. Ашылған ұрық жолына қағанақ қабықтары, оның ішіндегі қағанақ сулары еніп, жол қабырғасына біркелкі қысым жасайды. Осының әсерінен жатыр мойны ашылып, қынап және жатыр қабырғасымен бірігеді. Қағанақ қабығының бөлімдері жатыр мойны арқылы өтіп, қынапқа түседі, кейде сарпайдың сыртына жартылай шар тәрізді борпылдақ қапшық сияқты шығып тұрады. Осы уақытта қағанақ қабықтары жарылады, пайда болған тесіктен қағанақ сұнының жартысы сыртқа төгіледі. Қағанақ қабығының жыртылуы мен ашылу сатысы аяқталады.

2 *Туу сатысы*. Жатыр мойнынан қағанақ қабықтарының жарылуынан кейін төл сүйиқпен бірге жамбас жолына еніп, туу жолдарының жүйке ұштарын (рецепторларын) тітіркендіреді де бұлшық еттің жиырылуын тудырады. Осы кезде жатырдағы қысым жоғарғы денгейге жетеді. Төл туу жолдарына енеді, жақын жатқан ағзалары сарпай саңылауына жақындайды. Келесі бұлшық еттің және жатырдың жиырылуының әсерінен төлді сарпай саңылауына итереді. Осыдан кейін төлдің шығуы аяқталады, оның кіндігі үзіледі. Жатыр қуысында қағанақ қабықтары қалады. Төлді шығару кезінде аналық мал мазасызданады, ыңқылдайды, жатады және тез арада тұрады.

3. *Туудан кейінгі саты*. Төл туғаннан кейін мал тынышталады, шамалы үзілістен кейін жатыр қайтадан жиырыла бастайды, бірақ оның жиырылуы ондай күшті емес. Жиырылу үдерісі қағанақ қабықтары жатырдан құылғанға дейін созылады. Егер ол көрсетілген мерзімнен ұзап кетсе, онда бұрыс (патологиялық) төлдеу деп есептейді.

Төлдейтін малдың толғағы басталғанда оның сыртқы жыныс мүшелерін тазартады. Әдеттегі туу кезінде акушерлік көмек көрсету. Акушер өз қолын жуып, таза сұлгімен сұртіп, йодталған спиртпен зарарсыздандырады және резенке қолғап киеді немесе зарарсыздандырылған вазелин жағады. Жыныс саңылауынан төлдің алдыңғы аяқтары табанымен төмен (баспен келуі) немесе артқы аяқтарымен табаны шалқасынан (жамбаспен келуі) көрінгенде, аяқтарынан ұстап сиырдың толғағы қайталанғанда тарту керек. Жаңа туған құлынның, бұзаудың, қозының, торайдың, ең алдымен танауын, ауыз қуысын таза сұлгі шырыштан тазартады. Жаңа туылған төлдің өкпесіне ауа бару үшін жасайды. Содан кейін жаңа туылған төлдің кіндігін өндейді. Егер де кіндік өзі үзілмесе, онда оны ұрықтың күрсақ қабырғасынан (құлын мен бұзауда 10-15 см, қозы, торайда 5-8 см) жерінен жіппен байлайды да, байланған жерден 2-3 см төмен қайшымен кеседі. Егер де қол астында қайши болмаса, онда бір қолмен жоғарыда көрсетілген қашықтықта ұстап, екінші қолмен кіндікті 2-3 см бұрап, үзеді. Кіндіктің қалдығын бірнеше секундқа залалсыздандыратын ерітінділер батырып, алады. Ең жақсысы - аналарына төлдерін жалату. Бұл жағдайда олардың ағзасының температурасы төмендемейді. Құрғату мен уқалау төлдердің қан айналу үдерісін жақсартады, құрғатады және тоңғактың (меконийінің) тез арада шығуна ықтимал етеді.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Туу дегеніміз не?
2. Буаз жануарлардың туар алдындағы маңызды белгілерін атаңыз?
3. Буаз жануарлардың туу сатылары?
4. Ашылу сатысындағы өзгерістер қандай?
5. Туу сатысының басталуы қандай үдерістерді қамтиды?
6. Гуудан кейінгі саты белгілері қандай?
7. Туга буаз малдарды қалай дайындауды?

### **3.3. Буаздық, туу және туғаннан кейінгі патологиялар**

**Мақсаты:** Буаздық, туу және туғаннан кейінгі кезеңдегі патологияларды дауалауды және акушерлік құрал саймандарды пайдалануды үйрену.

**Материал және жабдықтар:** Суреттер, плакаттар, муляждар, (табиғи) буаз малдар (сиырлар, қойлар, ешкілер және т.б.). акушерлік қолғаптар, алжапқыш, сабын, залалсыздандырығыш ерітінділер, ауру тарихы, жануарларды тіркеу парақшасы, дәрілік заттар, акушерлік құрал-саймандар, шприцтер, Эверс құралы, акушерлік ілмектер, арқандар, фетотомдар және т.б заттар.

**Тапсырма:** оқу құралдары мен материалдарды пайдалана отырып, буаз малдардың акушерлік ауруларына диагностика жасауды, саралауды және балау қоюды, туалмай жатқан малдарға акушерлік көмек беру және акушерлік құралдарды дұрыс пайдалануды үйрену.

**Буаз мал аурулары.** Тақырыпта малдәрігерлік тәжірибеде жиі кездесетін буаз мал аурулары қарастырылады: буаздық ісігі, буаз-көтерем, невропатия, гепатопатия, эклампсия, сүйектердің сынуы (остеомоляция), қынаптың түсі, жатырдан қан кетуі, мезгілсіз толғақ, жатыр жарығы, жатырдың бұралуы, іш тастау, жатырдан тыс буаздық т.с.с.

Буаздық үрғашы мал ағзасында құрделі өзгерістер туғызады. Әрбір мүшениң қызметі ауырлап, оған күш түсे бастайды, бұрынғы ескі аурулар қозады. Бағу-күтімі, азықтануы нашар болса, мал буаздықты көтере алмай ауруға шалдығады. Кейде мұндай өзгерісті буаздық *токсикозы* деп атайды.

Үргашы малдың ағзасында буаздық, туу және туғаннан кейінгі кезеңдерде пайда болған ауруларды *акушерлік аурулар* деп атайды.

*Буаз малдың ісінуі* деп буаз малдың туар алдында бір ай шамасы бұрын артқы аяқтарында, құрсағының астыңғы жағында пайда болған ісіктердің айтады. Аурудың себептері біршама көп. Ең алдымен жем-шөптің құнарсыздығы, жетіспеуі, буаз малдың күнделікті серуенге шықпауы, жүрек, бүйрек аурулары (миокардит, нефриттер). Соның салдарынан қан айналу жүйесі әлсіреп, тамырларының ішкі қысымы артып, қанның сұйық бөлігі қан

тамырларының сыртына сүзіліп шығады. Көбінese тері астылық ұлпаға сіңіп жинала береді де, үлкен болып жайылған ісіктерге айналады Бұл ісіктер ауырмайды, бармақпен басып көргенде терең шұңқырлар қалады. Мұндай мал тез шаршайды, ентігеді. Мұндай ісіктер көбінese мал туғаннан кейін 5-10 күннің ішінде өздігінен жойылып кетеді.

Буаздықтың ісігін туғанға дейін күнделікті уқалап сипайды, малды серуенге шығарады, сұйық азықты азайтып, сапалы пішеммен азықтандырады. Кейде күре тамырға хлорлы кальцийдің 100-150 мл 10%-дық ерітіндісін құяды.

**Буаз-көтерем.** Буаз мал тууга 1,5-2 ай қалғанда аяғына тұра алмай жатып қалады. Ауру көбінese сиырларда қыс мезгілінде кездеседі. Аурудың нақтылы себептері толық анықталмаған. Дегенмен малдың жем-шөптен қысылуы, серуенге шықпауы, сұыққа шалдығуы әсер етуі мүмкін.

Алғашқы кезеңінде сиырлардың жүрісі өзгереді, теңселіп жүреді, кейіннен жатып-тұруы қындалап, бір жерден екінші жерге сүйретіліп жылжиды. Жем-шөпке тәбеті сақталады, дene қызуы да қалыпты жағдайда. Аналық мал туғанға кей жағдайда туғаннан кейін 1-2 аптанын ішінде тұрып кетуі ықтимал. Ал енді көп жатып қалса ас қорыту ағзаларында атониясы, дамып, малдың жатқан тұсы тесіліп, аналық мал уланудан немесе септицемиядан өледі.

Емі: аналық малды рационына оңай қорытылатын, дәруменді, минералды заттар мен байытылған, акуызды азықтарды енгізеді, яғни балық майын, сәбіз, құрғақ пішен. Малдың жатқан жері құрғақ болғаны дұрыс, үстібасын, жанбасын уқалап сүртіп 2-3 рет аударып тұрады. Күре тамырға 100-150 мл хлорлы кальцийдің 10 %-дық, 200-300 мл глюкозаның 20 %-дық ерітінділерін және кофеинді қосып жібереді.


**Жатыр жарығы.** Буаз малдың құрсақ көк еті соққы әсерінен жыртылып, жатыр пайда болған тесік арқылы тері астына шығып кетеді. Бұл ауру көбінese сиырда, биеде, ешкіде кездеседі. Бір бүйірі немесе құрсағының астыңғы жағы бұлтиып шығып тұрады. Ұстап, тұртіп көргенде ішіндегі жиналған шарана сүйін, кейде төлдің дene мүшелерін сезуге болады. Уақыт өткен сайын жатыр тері астына ығысып, сыртынан қарағанда ісіктің көлемі ұлғая береді. Бірақ бұл патология төлдің өсіп, дамуына аса әсерін тигізе коймайды. Малдың жалпы жағдайы да өзгермейді, тек туу кезінде мал өздігінен тау алмай көп қиналып, төл тұншығып өліп кетуі мүмкін.

Ауруды емдеу әдісі табылған жоқ, тек төлді туған кезінде тартып шығару қажет, қажет болса кесарь тілігін жасайды.

Жатырдың бұралуы көбінese сиырда кездеседі (сурет 37). Бұл патологиялық үдерістің мәні жатыр өз өсінен 180-360 °-қа айналып кетеді. Буаздықтың мерзімі асқан сайын жатыр ұзара түседі де, оны бекітіп ұстап тұрған шарбының (брыжейка) әлі жетпей, мал құлағанда, арықтан карғып өткенде жатыр оп-онай оз өсінен айналып кетеді. Сондықтан да буаздықтың екінші жартысына ауған малды қуалап айдауға, биік төбеден ылдиға төмен карай түсіруге, тар есіктен сығылыстырып шығаруға болмайды.

Жатыр толық бұралмаған жағдайда, оның қан тамырлары қысылмай, буаздық аяғына дейін дұрыс жүре береді. Жатыр толығымен айналғанда жатырдағы төл тұншығып өледі.

Жатыры бұралған малдың алғашқы кезде жалпы жағдайы өзгермейді, кейіннен әр түрлі түйнектер (коликтер) пайда болып мал мазасызданады, қүшенеді, бірақ ешқандай кағанақ қабықтары шықпайды. Қынаптың кілегейлі қабығының катпарлары жатырдың бұралған жағына қарай тартылып тұрады.



**Сурет 37. Жатырдың бұралуы (нобайы)** А-қалыпты, Б-бұралған, В-бұралу нобайы ИКМ

Тік ішек арқылы қол салып зерттегендеге бұралған жатырды оңай анықтауға мүмкіндік береді. Жатырдың бір жақ шарбысы тартылып, екінші жағы бос жатады. Жатыр  $360^{\circ}$ -қа бұралса көп кешікпей-ақ оның қабырғасында өлі еттену байқалып, жатыр қынаптан бөлініп түседі.

Бұралған жатырды калпына келтіру үшін, тік ішек арқылы жатырды кері бұрау қажет, ол мүмкін болмаса малды тегіс жерге жығып оны арқасынан жатырдың бұралған жағына жылдам аудару, қажет (сурет 38. Шефер әдісі). Егер аталған әдіс нәтиже бермесе малдың артқы аяқтарын байлап, 0,5-1 м биіктікке көтеріп іліп қояды. Мал әрі-бері бұлқынғанда жатыр орынына келуі мүмкін. Осы жоғарыда айтылған әдістер нәтиже бермесе, кесарь тілігі жасалады.

Қынаптың айналып тұсуі буаздықтың соңына қарай, көбінесе сиыр мен ешкіде қыс айларында немесе ерте көктемде кездеседі. Жем-шөптің жетіспеуінен, малды серуенге шығармау, күрсақ қуысындағы қынап босаңсып сыртқа карай ығысып шығады.



**Сурет 38. Бұралған жатырды Шефер әдісі бойынша қалпына келтіру.**

Алғашқы кезде қынап жартылай ғана түседі, тек үстіңгі қабырғасы ғана айналып жұдырықтай болып қызырып шығады. Сиыр орнынан түрегелгенде түскен қынабы кайтып орнына барып көрінбей қалады. Бірақ уақыт өткен сайын ауру одан әрі асқына береді де, қынаптың толық түсуі байқалады, тіпті жатыр мойыны да көрініп тұрады.


Қынаптың түскен бөлігі күнге кеуіп, жарылып, топырак, зәр-нәжіспен ластанып қабынады, ісінеді, мал қүйзеліске түседі. Қынаптың кілегейлі кабығы карайып шіріп өлі еттенеді. Мал нәжіс, зәр шығарғанда қиналады. Ауруға уақтылы ем көрсетілмесе мал сепсистен немесе басқа да асқынулардан өледі.

Емдеудің негізгі мақсаты: түскен қынапты емдеудің екі түрі кездеседі:  
1. орнына салынған қынапты концервативті емдеу, сарпайға арқаннан, теріден жасалған бандаждар салу арқылы; 2. орнына салынған қынапты сарпайға кисеттік тігістер салу арқылы бекіту.



**Сурет 39. Қынаптың түсуі**

Хирургиялық ота барысында сарпайдың жыныс ернеулеріне 2-3 жерден тігіп бекітіп қояды (40-сурет).



**Сурет 40. Қынапты орнына салып бекіту әдістері**  
 1; 2- үзілмелі тігінді салу; 3- айналдыра үзіліссіз тігін салу;  
 4- қынапты сым темірмен бекіту; 5- сымен бекітуге арналған  
 құралдар



**Сурет 41. Жыныс ернеулеріне тігіс салу әдісі**

Қынап түскенде төменгі сакральдық-эпидуральдық жансыздандыру тосқауылын пайдалану жақсы нәтиже береді.

*Тосқауыл техникасы:* инені бірінші және екінші құйрық омыртқалары денесінің арасына енгізеді. Инені енгізу орнын табу үшін, ИКМ құйрығын қолмен қимылдатады және жоғары көтеріп түсіреді соның арқасында 1 және 2 омыртқа арасында ойыс пайда болады. диаметрі 1мм болатын инені мандрені мен тігінен қуысқа бағыттап 2-4 см енгізеді, егерде инеден қан шықпаған жағдайда шприцті жалғап 1,5%-новокайнның 10-15 мл жылытылған ерітіндісін эпидуральдық қуысқа жібереді. Ерітінді мөлшері сербек сүйегінің шетінен шонданай дөңесіне дейінгі аралықты өлшеп үшке бөледі қандай сан шықса сонша мөлшерде новокайн ерітіндісі жіберіледі.

Ергерде шамадан тыс артық новокайн мөлшері шамадан тыс артық жіберілсе онда малдың артқы аяқтарының салдануы байқалып мал құлап түсін мүмкін.

**Шудың түспей қалуы.** Туу үдерісі шудың бөлініп түсуімен аяқталады. Сиырлардың шуы 5-6 сағаттың ішінде бөлініп түседі, биенің шуы 0,5 сағатта, қой мен ешкі, мегежін, қоян, қаншық, мысықтың шуы 2-3 сағаттың ішінде бөлініп түседі. Шудың түспей қалуы көбінесе ерте көктемде сиырларда кездеседі (42-сурет).

Шудың түспей қалуының негізгі екі себебі бар. Олар жатырдың атониясы және хорионмен жатыр кілегейлі қабатының кейбір тұстарының (плаценталары) жабысып қалуы. Жатыр атониясы малдың рационында минералды заттардың, витаминдердің жетіспеушілігі және серуеннің болмауы, аналық малдың шамадан тыс семіріп немесе арықтап кетуі.

Сиырдың тұрған жері тегіс болмай, артқы аяқтарына салмақ түсіп қисайып тұрса да, осындай жағдай кездеседі. Ал енді плаценталардың жабысып қалуы, көбінесе індettік аурулардың нәтижесі деп білеміз. Атап айтқанда бруцеллез, вибриоз, трихомонозбен ауырған сиырлардың бәрінің де шуы уақытында өздігінен бөлініп түспейді.

Малды жасанды ұрықтандыруда маноцервикалді және ректоцервикалді әдістермен ұрықтандырғанда, жатыр мойын өзегіндегі шырыштың тосқауылдық қасиеті бұзылып, шәуетпен бірге патологиялық микрорганизмдердің енуінен, плацентаның қабынуына келіп соғады.

Клиникалық белгілеріне қарай шудың түспеуін толық және жартылай болып екіге бөлінеді. Қағанақ қабықтары түгелдей (амнион, аллантоис, хорион) жатыр ішінде қалып қойса, оны шудың толық түспеуі, ал аллантоис, амнион, тіпті хорионның да біраз плаценталары ажырап сыртқа шықса, ол шудың жартылай түспеуі болып саналады. Сырттай қарағанда сиырдың артқы жағында жыныс саңылауынан тілерсегіне дейін салбырап тұрған қағанақ қабықтарын көреміз.



**Сурет 42. Сиырдың шуының түспей қалуы**

Түспей қалған шу 2-3 күннен кейін іріп-шіріп, аналық малдан жағымсыз иіс байқалады, жатырдың кілегейлі қабаты тітіркеніп қабыну үдерісі дамиды (эндометрит). Малдың дene қызуы көтеріледі, ас қорыту ағзаларының қызметі бұзылады, іші өтеді.

Биенің шуы түспей қалуы өте қауіпті, сиыр малы сияқты көпке шыдамайды. Биелердің шуының түспей қалуы өліммен аяқталады. Сол себепті шуы түспей қалған малға шұғыл тұрде ветеринарлық көмек көрсету талап етіледі.

**Емі.** Тұспей қалған шуды сағат бағытымен бұрап, антисептикалық ерітінділермен жуып-шайып, жатырдың жиырылуын (тонусын) көтеретін препарат қолданылады. Д.Д. Логвинов қүре тамырға 40-50 мл окситоцин немесе питуитрин (8-10 мл) ерітіндісін жібереміз, егерде нәтиже бермесе 6-12 сағаттан кейін қүре тамырға 100 мл новокаиннің 1 %-ерітіндісін жіберген дұрыс, сондай-ақ сиырға 0,5 кг қанттың ерітіндісін ішке береміз.

Н.А. Флегматов сиырға 2-3 л шарана суларын ішкізуді ұсынады. Шуы тұспей тұрған сиырдың қүре тамырына 10 % хлорлы кальцийдің 150 мл, 40% глюкозаның 100-150 мл ерітіндісін құюды ұсынады, тері астына 2-3 мл синэстролдың 1% майлыш ерітіндісін, 2-3 мл 0,5 %-дық прозеринді немесе 2-3 карбохолиннің ерітіндісін енгізу ұсынылады. Жатыр ішіне 500 мл ихтиол 30 %-дық ерітіндісін, ас тұзының 10 %-дық ерітіндісін жібергенде шудың тұсуі жеңілдейді әрі эндометрит ауруының өрбүіне жол бермейді. Осы әдістер нәтиже бермеген жағдайда шуды қол мен алу ұсынылады, ол үшін дәрігер қолын тазалап жуып, ихтиол майымен майлап, әрбір карункуланы котилидоннан ажыратады, шуды алғып болған соң, жатыр ішіне (фуразолидон, экзутер таяқшаларын, септиметрин метромакс, ихитол ерітінділерін) яғни антибактериалды препараттарды енгізу ұсынылады .

**Жатырдың айналып тұсуі.** Бұл ауру көбінесе сиыр мен ешкіде кездеседі. Туу үдерісінен кейін, қиналып туғанда іле-шала 4-5 сағаттың ішінде жатырдың ішкі кілегейлі қабатымен теріс айналып, жамбас қуысынан шығып кетуімен сипатталады.

**Себептері:** Буаз малды серуенге шығармай бір орында байлап ұсташа, тұрған орыны артқа қарай өте көлбеу болуы, рационы құнарсыздығы, төл өте үлкен немесе қағанаң қабықтарының бөсірінен жатырдың созылып кетуі, төлді жатырдан тартып шығару, жатыр атониясы, малдың сақа болуы, тұспеген шуға ауыр зат байлап қою.



**Сурет 43. Сиырдың жатырының толық айналып тұсуі**

кезде оның айналып тұскен жатыры зәрмен, нәжіспен, шөппен ластанып,

**Клиникалық белгілері:**

Алғашқы кезде сиыр құйрығын көтеріп, белін бүкірейтіп, қайта-қайта күшенип, түйнек болған мал сияқты мазасыздынып тұрады. Бұл кезде жатырдың айналып шығып бара жатқанын анықтау қын. Уақыт өте келе жатыр біртіндеп сыртқа қарай айналып шыға береді де, бір кезде толығымен лықсып түсіп кетеді (43-сурет).

Сиырдың сарпайынан тілерсегіне дейін салбырап, сыртында үлкендігі тауық жұмыртқасындай көптеген түйіндері бар, қанталап тұрған кызыл-қоңыр түсті денені көреміз. Сиыр жатқан

ісініп, ұлпасы өлеңтеге бастайды. Қыстың күндері үсікке шалынып, ал жаздың күндері тез іріп-шіри бастайды да, сеписке айналады.

**Емі.** Жатыр ұлпасында терең өзгерістер болмай тұрганда тез арада оны орнына салып. Ол үшін алдымен эпидуральді анестезия жасайды, содан кейін жатырды таниннің, аштастың немесе марганец қышқылы калийдің 1:1000 қатынасындағы ерітінділерімен тазалап жуып, тазалап, өлі еттенген тұстарын алғып тастап, орнын 5% йод ерітіндісімен күйдіреді, содан кейін жатырды түгелдей стрептоцид әмульсиясымен майлап ішіне қарай итеріп орнына салуға әрекет жасайды. Малдың артқы жағын биіктеп көтеріп қойса, жатырды орнына салу оңайлау болады. Жатырдың көлемін кішірейту үшін қынап кабырғасына әр жерінен жалпы көлемі 40-50 мл окситоцин ерітіндісін жібереді және оның сыртынан ұзын үрпімен мықтап орап таңып тастайды. Жатырды жамбас қуысына салған бөлігін құрсақ қуысына түсіріп, оның бүгіліп қалған қатпарларын жазу қажет. Жатыр қайтып шығып кетпеу үшін сарпайды қолмен 0,5-1 сағат ұстап тұрган пайдалы.

**Жатырдың субинволюциясы және атониясы.** Қалыпты жағдайда төлдеген малдың жатыры 1-1,5 аптаның ішінде жамбас қуысына қайтып келуі керек. Бұл үдерісті жатырдың инволюциясы деп атайды. Ал енді, жатырдың қайта қалпына келу үдерісінің созылуы жатыр субинволюция деп аталады.

Бұл ауру көбінесе аналық малдарда қыстан әлсіреп шыққанда байқалады. Субинволюцияның пайда болуына төлдің қағанақ қабықтарының бөсірі, көп төлділік, буаздық кезеңде малдың серуенге шығарылмауы, тұрган жерінің артқа қарай көлбеу болуы. Желін ауруларының себептері, құнарсыз азықтармен азықтандырылуы.

*Клиникалық, белгілері мен патогенезі.* Аурудың ең басты белгісі жатырдың жиырылмауы, лохийдің бөлінуі (лохий мал жатқан кезде сарпайынан қан араласқан, қызыл-күрең түсті жағымсыз істі сұйықтықтың бөлінуі).

Мал жатыр ішіндегі іріп-шіріген лохий сұйықтықпен улануы байқалады. Соны мал ағзасын сеписке әкеліп соқтырады. Жатырда эндометрит ауруы өрбіп, малдың жем-шөпке тәбеті болмай, күйіс қайырмай, ас қорыту қызметі бұзылып, іші өтеді. Тік ішек арқылы қол салып зерттегендеге, жатыр көлемінің ұлғайғандығы, сұйықтық жиналғандығы және жатыр құрсақ қуысында жатады.

Жұмыртқалықта тұрып қалған сары дене. Мал күйге келмейді немесе жыныстық циклі жарамсыз болып аналық мал ұрықтанбайды.

**Емі.** Қолқа тамырға Логвинов Д.Д. әдісімен 4-5 бел омыртқаларының оң жағынан көлденең қабырғалық өсінділер арасына, омыртқаның тік өсіндісінен 7-8 см сыртқа ала отырып №20198 диаметрлі инені мандренімен 25-30° бұрышпен омыртқа денесіне жеткенше енгізеді де қайта артқа тартып, инеге көлбей жағдай беріп 2-4 см және енгізеді де новокаиннің 1%-ерітіндісін 10-150 мл, немесе 10% новокаин ерітіндісінің 10мл окситоцин немесе питуитриннің 60 ӘБ қосып жіберсе жақсы нәтиже береді, сиырды

кешіктірмей сауып тастау керек. Сұттің жиналып тұруы желіннің қызметін бұзады. Қолқаға новокаин ертіндісін құйуды 2-3 тәлікте қайталауға болады.

Сонымен қатар күре тамырға 150-200 мл глюкоза, 100-150 мл хлорлы кальций жіберіп, тік ішек арқылы жатырға массаж жасау, шарана суын ішкізу (өз еркімен ішпесе аузынан құяды) құнделікті серуенге шығару, аутогемотерапия, аутолактотерапия (тері астына өз уызын жіберу), жұмыртқалық безіндегі сары денені сығып тастау, ауру малдың 1-2 ай ішінде емделеді.

**Тұғаннан кейінгі салдану** (парез). Ауру өте жіті өтіп, кенеттен пайда болатын ауру. Көбінесе семіз, сұтті сиырларда кездеседі. Құнажындар, сұті аз жергілікті мал ауырмайды. Ауру алғашқы кезде сиырдың қозғалысы бұзылады, кейіннен сиырдың аяқтарының қызметі баяулайды, іші кебеді, дene температурасы төмендейді. Денесін, мүйізінің, құлағының түбін ұстағанда салқындағанын байқайлайды. Мойын омыртқасы иректеліп, басы бір жақ бүйіріне қисайып, тілі салбырап шығып жатады. Көзі бадырайған, кейде жұмулы, ешқандай айқай-шуға, ұрғанға көніл аудармайды. Тік ішегінде қатып, кеуіп қалған нәжіс байқалады. Қуық зәрге толып кетеді, кейде туып жатқан кезде де болуы мүмкін. Көбінесе тұғаннан кейін 1-2 күннің ішінде байқалады да, дер кезінде көмек көрсетілмесе сол алғашқы 24 сағаттың ішінде-ақ өліммен аяқталады. Өте сирек жағдайда ауру мал өздігінен жазылып кетуі мүмкін. Дене температурасы жоғарылап, тамыр соғуы дұрысталып, басын көтеріп, айналасына қарап, ішек-қарын қызметі қалпына келе бастайды.

Себептері: Аурудың нақтылы себебі белгісіз. Дегенмен көптеген ғалымдар аурудың пайда болуын гипокальцемия, гипогликемия құбылысымен байланыстырады. Тұғаннан кейінгі кезеңде малдың қанында кальцийдің, натрийдің, көмірсуларының күрт төмендеп кететінін растайды. Бұл ауруға көбінесе жоғары өнім беретін қонды, серуенге шықпаған және желдің өтінде тұрған мал шалдағады.

Емі: Қазіргі таңда ең тиімді ем сиырдың желініне ауа үрлеу. Бұл үшін желіннің үрпісін  $70^{\circ}$  спиртке малынған мақтамен сұртіп оған кәдімгі сұт катетерін салып Эверс аппаратымен (45-сурет) немесе велосипед насосымен ауа үрлейді, ауа шығып кетпес үшін емшектерінің ұшын 15-20 минутқа дәкемен байлап қояды.



**Сурет 44. Сиырдың тұғаннан кейінгі салдануы**

Сонымен қатар айтылған емге қосымша тері астына 10 мл кофеин, күре тамырға 200 мл глюкоза немесе хлорлы кальций, глюконат, кофеин ерітінділерін жібереді. Сиырдың ұстін ысқылап, сұртіп, каналдарын жауып қояды, егер жасалған әрекет тиімді әсер етсе жарты сағаттың ішінде жазылып тұрып кетеді.



**Сурет 45. Эверс құралы**

жатырдың ішінде қозғалмай жұмырланған катты дене сезіледі.

*Төлдің мацерациялануы* деп төлдің кағанақ қабықтарымен өзінің жұмсақ тоқымаларының ферментативті үдерістердің әсерінен еріп, қоймалжың сұйыққа айналуын айтады. Жатыр ішінде жиналған қойыртпақ уақыт өткен сайын сіңіп, азая береді де, орнында бөлшек-бөлшек болып бір жерге жиналған сүйектері ғана қалады. Бұл үдерісте мумификация сияқты жатыр мойыны жабық, асептикалық жағдайда өтеді.

Малдың бұрын байқалған буаздық белгілері ары карай дамымайды. Тік ішекке қол салып көргенде жатыр ішінде шарана сұзы емес, ботқа тәрізді қою бір зат былқылдан білінеді. Мал күйлеп, жатыр мойыны ашылған кезде, бұл сұйық ұсақ сүйектерді ілестіре, сыртқа ағып шығады. Кейде мацерация ірінді үдеріске ауысып кетіп, мал сепсистен өлуі де мүмкін.

*Төлдің iріп-шіруі* деп жатыр ішіне ірінді микроорганизмнің түсіп, өлген төлді шірітіп жіберуін айтады. Төл ісіп-кеуіп үлкейіп, тері астына газ жиналады. Төлді ұстап көргенде сыйырлайды. Одан жатыр керіліп, тіпті жарылып кетуі де мүмкін. Малдың жалпы жағдайы нашар, күйзелісте болады. Ас қорыту ағзаларының қызметі баяулайды. Жатыр мойыны ашылып, ішінен жағымсыз иісті сұйық бөлінеді. Қынап іші ысып, кілегейлі қабығы құрғап тұрады. Мал сепсистен өледі.

**Кағанақ қабықтарының бөсірі (водянка)** деп шарана сұларының шамадан тыс жиналуын айтады (гидроамнион, гидроаллантоис). Көбінесе сиыр мен биеде кездеседі. Жиналған судың көлемі 10-20 л дейін жетеді. Малдарда тимпания белгілері байқалады, ентігеді, тамыр соғуы жиілейді, жиі-жіі нәжіс және зәр шығарады. Тік ішекке қол салып зерттегендеге үлкен қысым сезіледі, жатыр көлемі үлгайған, іші сұйықтыққа толған, қабыргасы жүқарып, бүлкылдан жамбас қуысына сезіледі, төл қолға білінбейді.

*Төлдің мумификациялануы* деп төлдің кеуіп, қатып қалуын айтады. Шошқаның дұрыс дамып, жетілген төлдерінің арасында кеуіп қалған төл кездеседі. Төл өлгеннен кейін шарана сұзы, төлдің денесіндегі сұлар, біртіндеп сіңіп жоқ болады да, төлдің денесі кішірейіп, сыйымдалып, тас болып қатып қалады. Сырттай қарағанда буаздықтың біз күткендей белгілері байқалмайды. Тік ішекке қол салып қарағанда

жатырдың ішінде қозғалмай жұмырланған катты дене сезіледі.

Төлдің мацерациялануы

деп төлдің кағанақ қабықтарымен өзінің

жұмсақ тоқымаларының ферментативті үдерістердің әсерінен еріп,

қоймалжың сұйыққа айналуын айтады. Жатыр ішінде жиналған қойыртпақ

уақыт өткен сайын сіңіп, азая береді де, орнында бөлшек-бөлшек болып бір

жерге жиналған сүйектері ғана қалады. Бұл үдерісте мумификация сияқты

жатыр мойыны жабық, асептикалық жағдайда өтеді.

Малдың бұрын байқалған буаздық белгілері ары карай дамымайды. Тік

ішекке қол салып көргенде жатыр ішінде шарана сұзы емес, ботқа тәрізді қою

бір зат былқылдан білінеді. Мал күйлеп, жатыр мойыны ашылған кезде, бұл

сұйық ұсақ сүйектерді ілестіре, сыртқа ағып шығады. Кейде мацерация ірінді

үдеріске ауысып кетіп, мал сепсистен өлуі де мүмкін.

*Төлдің iріп-шіруі* деп жатыр ішіне ірінді микроорганизмнің түсіп, өлген

төлді шірітіп жіберуін айтады. Төл ісіп-кеуіп үлкейіп, тері астына газ

жиналады. Төлді ұстап көргенде сыйырлайды. Одан жатыр керіліп, тіпті

жарылып кетуі де мүмкін. Малдың жалпы жағдайы нашар, күйзелісте

болады. Ас қорыту ағзаларының қызметі баяулайды. Жатыр мойыны

ашылып, ішінен жағымсыз иісті сұйық бөлінеді. Қынап іші ысып, кілегейлі

қабығы құрғап тұрады. Мал сепсистен өледі.

**Кағанақ қабықтарының бөсірі (водянка)** деп шарана сұларының

шамадан тыс жиналуын айтады (гидроамнион, гидроаллантоис). Көбінесе

сиыр мен биеде кездеседі. Жиналған судың көлемі 10-20 л дейін жетеді.

Малдарда тимпания белгілері байқалады, ентігеді, тамыр соғуы жиілейді,

жиі-жіі нәжіс және зәр шығарады. Тік ішекке қол салып зерттегендеге үлкен

қысым сезіледі, жатыр көлемі үлгайған, іші сұйықтыққа толған, қабыргасы

жүқарып, бүлкылдан жамбас қуысына сезіледі, төл қолға білінбейді.

**Төл бөсірі** дегеніміз төлдің денесіне сұйықтықтың шамадан тыс жиналуы. Төлдің басы, кеудесі немесе карыны, тіпті бүкіл денесінің барлығы ісініп, салмағы 70-80 кг дейін жетеді. Көбінесе буаздықтың аяғына жетпей төлдің өлімімен аяқталады.

**Түсіктің алдын алу:** буаз малдың күтіміне аса ұқыпты, ез ісіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын жұмысшы мамандарды тарту қажет; буаз малдың сұы таза, жем-шебі құнарлы, жоғары сапалы болуы керек; тұратын жері құрғақ, таза, жарық болған дұрыс; құнделікті серуенге шығарып, қорадан шығарда және айдан кірерде бірін-бірі сұзбей, сығылыспай, сүрініп құламайтын жағдай жасау керек.

Буаздық кезіндегі аурулар және сол аурулардың себептері туу ұдерісінің өтуіне зиянды әсер етуі мүмкін. Одан баска жыныс ағзалары мен жамбас сүйектерінің анатомиялық-топографиялық ерекшеліктері, төлдің дамып жетілу ерекшелігі, жүйке және эндокринді жүйелері қызметінің нашарлауы да малдың өздігінен туа алмауына себеп болады.

**Түсік.** Буаздықтың мезгілінен бұрын, ерте үзілуі немесе (аборт). Түсік шаруашылық үшін үлкен экономикалық зиян: жоспар бойынша алынатын төл алынбай қалады, өнімділігі төмендейді, малдың жұмысқа жарамдығы төмендейді, мал ұзақ уақытқа бедеу қалуы мүмкін.

Іш тастау деген ұғым (аборт) тың бір түрі ғана, аборттың нәтижесі әртүрлі. Атап айтқанда, төл ыдырап сіңіп жоқ болып кетуі, төл құрғап, кеүіп, қатып қалуы, іріп-шіруі, өлі немесе тірі, бірақ жетілмей тууы мүмкін.

*Іш тастау* деп жетілмеген, қызыл шақа өлі төлдің түсуін айтады. Түсік тастау барлық мал түлігінде кездеседі.

**Түсік** деп үстінде жұні жоқ, өлі туған төлді айтады. Көп жағдайда буаздықтың қай мезгілінде аборт болғанын анықтау қажет болады. Оның негізгі принципі түсіктің ұзындығын (құйрық түбінен желкесіне дейін), салмағын өлшейді, денесінің жұн шыққан жерлерін карайды.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Жатыр бұралуының емдік шаралары қалай жүргізіледі?
2. ИКМ- қолқасына аортопункция жасау техникасын көрсетіңіз?
3. Қынаптың айналып түсуін емдеудің кисетті және консервативті әдістерін көрсетіңіз?
4. Эверс құралы не үшін қолданылады?
5. Төлдің мумификациялануы дегеніміз не?
6. Түсіктің түрлерін атап беріңіз?
7. Түсік дегеніміз....?

### **3.4. Төлдің бұрыс келуінде көрсетілетін акушерлік көмек**

**Мақсаты:** Туу ұдерісінде төлдің бұрыс келу жағдайында көрсетілетін акушерлік көмек беру әдістерін оқып үйрену.

**Материал және жабдықтар:** Суреттер, плакаттар, муляждар, (табиғи) буаз малдар (сиырлар, қойлар, ешкілер және т.б.). акушерлік көмек құралдар, фетотомдар, акушерлік қолғаптар, алжапқыш, сабын, залалсыздандырығыш ерітінділер, акушерлік көмек құрал-саймандар, арқандар, акушерлік ілмектер, фетотомдар және т.б заттар.

**Тапсырма:** оку құралдары мен материалдарды пайдалана отырып, буаз туу үдерісінде төлге алғашқы акушерлік көмек көрсету әдістерін және акушерлік құрал -саймандарды оқып үйрену.

### **3.4.1. Акушерлік құрал-жабдықтар**

Акушерлік құрал-жабдықтарды үш топқа бөледі:

1. *Көмекші аспаптар:* (Цвик, Линдгорст және Афанасьевтің өткізгіштері).

2. *Төлді итеруге және тартуға арналған аспаптар:* акушерлік балдақтар (Гюнтер, Кюн, Беккер), көз ілмектері (Крей-Шоттерл, Афанасьев, Декквердің қос шарнирлі ілмегі), төлдің артқы тесігіне арналған ілмек, ұсақ төлдерге арналған қысқыштар, арнайы акушерлік жіпптер және И. Варганов, А.Д. Қойбағаров Қ.У. ұсынған ДК-1 акушерлік көмек көрсетуге арналған қондырғы.

3. *Фетотомияға арналған аспаптар:* жасырын пышақтар (Афанасьев, Малькмус), сақина тәрізді пышақтар, ілмек пышақтар, іні кесуге арналған пышақ, тізбектік пышақ және ара, фетотомдар (Пфлянц, Тигезен, Афанасьев, Аврутис және Бесхлебнов), № 1, 2 моделді шапқылар, тері өрекштер және т.б. (46-47 суреттер).

А. Юмакин, М. Жолановтың экстракторлары, жатырдағы төлдің орналасуын дұрыстау үшін акушердің қолын ұзарту мақсатында пайдаланылатын акушерлік балдақтардың басында жіп өткізетін тесіктері арқылы төлді итеру және тарту үшінде пайдаланады. Балдақты төлдің иығына, кеудесіне, шатына тіреп тартуға болады.

Көз ілмектерін төлдің басын дұрыстау және тарту үшін қолданады. Афанасьевтің және Крей-Шоттердің қос шарнирлі ілмектерін жабық қүйінде жатыр ішіне енгізіп алғып, төлдің керекті, яғни көздеріне, мойнына, сан етіне салып тартып шығаруға қолданады.

Ұсақ малдың төлін алғып шығуға арналған қысқышты туу жолдарына жабық қалпында енгізіп, төлдің дене мүшелерінен қысып алғып тартуға арналған (47-сурет).


Тұзактар мен ара өткізгіштерді төлдің мойнынан, аяқтарының арасынан, қолтығынан арқан немесе ара өткізуге пайдаланады.

Акушерлік арқандарды төлдің дене мүшелеріне тұзак салуға және басына нокта салуға қолданылады. Олардың жуандығы 5-10 мм (47-сурет).

Фетатомдар төлді кесіп бөлшектеп, алуға бағытталған құралдар (48-сурет) .

## Жатырда төлдің бұрыс орналасуында көрсетілетін акушерлік көмек

Тууга көмек көрсету кезінде жамбас сүйегінің құрылышын және төл мен туу жолдарының қалыпты арақатынасын нақты білу қажет. Сиырдың жамбасы басқа малдарға қарағанда ыңғайсыз. Жамбас қуысына кіреберіс екі жағынан сығылып сопақша тәрізді болып келеді. Жамбас қуысының көлденен диаметрінен жамбас қуысы кіреберісінің орта қөлденен диаметрі едәуір кіши. Шонданай өсінділері жоғары көтеріліп келіп, жамбас қуысының бүйірлік қабырғасын түзеді. Жамбас қуысынан шыға беріс шонданай дөңестерімен шектеледі де, төл шығып келе жатқанда қысылады. Иіліп келген құйымшақ және тегіс емес тереңдеу жамбас қуысының түбі жамбас өсіне сынық қисық-сызық (ломаная кривая) пішін береді. Бұл төлдің жылжитын негізгі бағыты болып табылады.




**Сурет 46. Акушерлік құрал-саймандар**

А- акушерлік тұзактар және ноқталар: Б- тұзак өткізгіштер (1- Цвиктікі, 2- Лингорсттікі): В-балдақтар (1-Гюнтер, 2-Кюн, 3-Беккер). Г- акушерлік ілмектер (1-Крей-Шотлер, 2-көзге арналған): Д- қысқышта (1- micst, 2-Витт).

Тууга көмектесу кезінде, егер төл жамбас қуысына келіп жыныс саңылауынан аяқтары және басы шығып тұрса төл тез жеңіл түшін оны

артқа қарай көтеріңкіреп тартса жеткілікті. Төл мен жамбас қуысының арақатынасын дұрыс анықтау үшін мынадай ұғымдарды пайдаланады: төлдің орналасуы, туу жолдарына келуі төлдің позициясы және дене мүшелерінің орналасуы.



**Сурет 47. Фетотомия жасауға арналған құралдардар**  
Афанасьев фетотомы (1-мандрен, 2-фетотом, 3-ара өткізгіш, 4-  
бекіту құлыштары)


5-сым арасы, 6-тұтқалар): **Б-**Пфлянцтың фетотомы және  
экстракторы (1-жасагасы,

**2-шынжыры, 3-тірегіш сақинасы): **В-**Персен арасы: Г** пышақтар (1,2-  
Малькумустың жасырын пышақтары, 3, 4-Афанасьевтің жасырын  
пышақтары.

**Төлдің орналасуы** – төлдің дене өсінің анасының дене өсіне қатынасы; төлдің ұзынынан орналасуы дұрыс, төлдің омыртқасы анасының омыртқасына паралель болады.

**Төлдің туу жолдарына келуі** - төлдің анатомиялық бөліктерінің жамбастың шыға берісіне қатынасы; қалыпты жағдайда басымен және жамбасымен келеді.

**Төлдің орналасуы** – төлдің арқасының анасының құрсақ қабыргасына қатынасы; дұрысы жоғарғы орналасуы, төлдің арқасы анасының омыртқаларына сәйкес келеді.




**Сурет 48. Сыр мен биенің жамбас сүйектерінің кұрылышы.**

*A-Б - жамбас өсі. 1 - жамбас қуысына кіреберісінің биіктігі; 2 - жамбас қуысының биіктігі; 3 - жамбас қуысынан шыға берісінің биіктігі*

Төлдің дене мүшелерінің орналасуы - басының, аяқтарының және құйрығының оның денесіне қатынасы; басымен келгенде алдыңғы аяқтары жамбас қуысында, оның үстінде басы жатады, ал жамбасымен келгенде артқы аяқтары жазылып жамбас қуысына бағытталғаны дұрыс. Ірі төл немесе жамбастың тарлығы. Төлдің ірі болып түшілуы тұқымаралық будандастырғанда көп кездеседі немесе буаз кезінде құнарлы азықтандырғанда болады, жамбас қуысының тарлығы туа біткен немесе сүйек сиңиғынан кейін дұрыс бітпей, деформацияға ұшырағанда кездесседі.


Төл ірі болғанда оның орналасуы, туу жолдарына келуі дұрыс болғанымен төлдің көлемі жамбас қуысына дәл келмейді. Осындай жағдайда туу жолдарын ылғалдандырады, ол үшін сүйық май, сабынды су, вазелин, ланолин, глицерин және т.б. заттар пайдаланылады. Көмекке қолданатын арқандар қайнатып залалсызданған вазелин немесе шошқа майымен майланаады.

Төлдің аяқтарына тұзақ салып арқанды тартып көреді. Төлді тартып шығару кезінде аяқтарын кезектестіріп тартады, егер төлді белдемесі қысылыштың қалса, төлге бүйірлік позиция береді.




**Сурет 49. Төлдің туу жолдарына келуі. А-басымен, Б-жамбасымен**

**Төлдің дене мүшелерінің бұрыс орналасуы.** Төл басының бір жағына бұрылуы. Көмек көрсету үшін алдынғы екі аяғына жіп тұзак салып бекітеді де, төлді мүмкіндігінше құрсақ қуысына қарай итереді. Қолды туу жолына салып, сұқ саусақ пен басбармақты екі көздің жоғарғы жағына салып ұстап басты түзетеді. Кейде жоғарғы және төменгі жақ сүйектерінен ұстап түзетуге де болады.




**Сурет 50. 1, А- қолмен тарту; 2, Б- астыңғы жағына тұзак салу**  
Төлдің дене мүшелерін түзету үшін басына ноқта немесе астыңғы жақ  
сүйектеріне тұзак салуға болады (34,35,36 суреттер).

Төл басының шалқая қайырылуы. Төлдің аяқтарына тұзак салып алған соң, оны құрсақ қуысына қарай итеріп, мойнына салған тұзак арқылы оның басын жайлап тартады да, иектен немесе тұмсығынан ұстап жоғарыда көрсетілген тәсілдермен түзейді.




**Сурет 51. Төл басының шалқая қайырылу**




**Сурет 52. А – ноқта кигізу; Б – көзге ілмек салып тарту**

Алдыңғы аяқтың тізеден бүгілуі (бір аяғы немесе екі аяғы). Сарпайдан шығып тұрған төлдің аяғына, басына тұзақ салып алып, төлді кейін қарай итереді. Содан кейін қолды салып қайырылған аяқты тауып алады. Оның тұяқтарын алақанға салып ұстап, төлді кейін итереді де, бүгілген аяқты жоғары көтере тартып туу жолдарына шығарып, төлді суырып алады (53-сурет).



38-сурет




**Сурет 53. Алдыңғы аяқтың тізеден бүгілуі**

Алдыңғы аяқтың иық буынынан бүгілу. Екі буынның біреуі немесе екеуі бірдей бүгіліп қалуы мүмкін. Төлдің басына ноқта салып алғып, оны құрсақ қуысына итереді. Қолды салып, бүгілген жағының кәрі жілігінен ұстап төлді кейін итере отырып, аяқты туу жолдарына бағыттайды (54-сурет).



**Сурет 54. Төлдің артқы аяқтарын туу жолына туралау**




**Сурет 55. Төлдің жамбас буынына көмекші құралдар салу**


Аяқтың тірсек буынынан бүгілуі - тірсек буынынан бүгілген аяқты қынапқа қолды салып, оның тұяғына жетіп, алақанға салып ұстап, төлді құрсақ қуысына қарай итеріңкіреп, аяқты көтере тартады. Екінші аяқты да осындай тәртіппен түзеп шығарып алады. Бүгілген аяқтарды түзетпей төлді тартқылауға болмайды, өйткені аяқтары бүгілген күйінде шығару мүмкін емес.

Артқы аяқтың ұршық буынынан бүгілуі. Көмек көрсету үшін бүгілген артқы аяқты асықты жіліктен ұстап, төлді құрсақ қуысына қарай итере

отырып түзетеді. Егер төлді тірсек буынынан бүгілген қалыпқа келтірсе оны жоғарыда айтылған тәсілдермен шығарып алуға болады (54-сурет).



**Сурет 56. А-төлдің арқасымен келуі.**



**Сурет 57. Б-төлдің құрсақ жағымен келуі.**

Төлдің көлденең келуі. Төлдің туу жолдары арқасымен келуін анықтау қыын емес. Қынапқа салынған төлдің арқасына тіреледі, ал оның бас, аяқтары жатырдың алдыңғы жағында жатады. Егер төл туу жолдарына құрсақ жағымен келсе, онда оның төрт аяғын да, басын да қолмен ұстайға болады. Мұндай жағдайда төлдің бас жағы немесе жамбас жағы туу жолдары жақын жатқанын анықтап алыш, оның дене мүшелерін жолдарына ыңғайлайды (56, 57 суреттер).

Төлдің шалқасынан жатуы (төменгі орналасуы). Көмек көрсетудің мәні-төлді жоғарғы позицияға келтіру, төлдің арқасын анасының арқасына сәйкестендіру. Бірақ алдымен туу жолдарын ылғалдандырып алу керек, ол үшін жатыр ішіне 4-5 л. өсімдік майын, вазелин немесе 2-4 л. сабынды су қолдануға болады. Басы мен аяқтарына жіптен тұзак салады төлді құрсақ қуысына қарай итеріп, жатырға салған қолдың күшімен төлді аударуға тырысады. Көмекші адам жәрдем көрсетіп жатқан маманның айтуымен жұмыс істейді. Кейде сарпайдан шығып тұрған төлдің аяқтарын біріктіріп байланып, олардың арасына көлденең мықты ағаш салып, жәйлап бүрай отырып та төлдің жоғарғы орналасуға келтіруге болады.

Егіз төлдердің туу жолдарына қабаттасып келуі. Егіз төлдің біреуі бас жағымен, екіншісі жамбас жағымен келуі мүмкін. Көмек көрсетерде екі төлдің аяқтарын шатастырып алmas үшін олардың аяқтарына әр түсті жіп тағады немесе әр төлдің аяқтарына байланған жіптерді біріктіріп, түйіп қояды. Егер үстіңгі төлдің аяқтары, басы туу жолдарына көбірек шығып тұрса, астыңғы төлді кейін итеріп, алдымен үстіңгі төлді шығарып алады. (57-сурет) Ал егер астыңғы төлдің дене мүшелері жолдарына көбірек шығып тұрса, онда анасын екінші жағына аударады, сонда астыңғы төл үстінде болады да, тартып шығаруға оңай болады.



**Сурет 58. Егіз төлдердің орналасуы**

### 3.4.2. Фетотомия

Фетотомия - бұл жатыр ішіндегі өлген төлді кесіп бөлшектеп, мүшелеп шығару. Бұл операция көбінесе ірі қарада жамбас қуысы төлдің көлеміне сәйкес келмегендеге, төлдің дене мүшелерін түзету мүмкін болмағанда, төлдің позициясы дұрыс болмаған жағдайда жасалады.


Фетотомияны өткізу үшін төменгі ережелерді сактаған дұрыс: Фетотомия тек өлі төлге жасалады, егер төл тірі болса оны кіндігін түзу немесе жасырын пышақпен күре тамырын кесу арқылы өлтіреді.

Төлдің сыртқа жақын жатқан дене мүшелеріне тұзак салып бекітіп байлап алады. Фетотомия жасауға қолданылатын аспаптардың бәрі залалсыздандырылған болу керек, олар жұмыс кезінде залалсыздандырылғыш ерітінділердің ішінде жатады.

Төлді бөлшектеп кесу кезінде құралдарды, аспаптарды қолдану қолдың бақылауымен жүргізіледі

**Өлі төлдің басына жасалатын ота.**

Бұл операцияны төлдің басын орнына келтіре алмаганда, алу әдісі. Бұл әдіс өлі төл ісініп кеткенде жасайды. Фетотомдық араны төлдің басын кеседі. Тоддің басы сыртқа шыққаннан кейін терісі мен етін пышақпен кесіп, басты ажыратып алады.



**Сурет 59. Фетотом құралымен төлдің басын кесіп алу**

мойнынан еткізіп, аралап төлдің басын кеседі. Тоддің басы сыртқа шыққаннан кейін терісі мен етін пышақпен кесіп, басты ажыратып алады.

Төлдің басын бөліп алғаннан кейін бірінші атлант мойын омыртқасына жіп откізіп әрі карай итеріп жіберіп, аяқтарын тартып шығаруға әрекет жасайды.

Төлдін алдыңғы аяғын бүгіліп қалғанда қайта орнына келтіре алмаған кезде кесіп фетотомия жасайды. Ол үшін төлдің алдыңғы аяғының буындарына фетотом арасын өткізіп кесіп алады. Егер иық буыннын кесетін болса, ең алдымен жабық пышақтың көмегімен терісін, тері астындағы фасцияларды кесіп, кесілген жерге фетотом арасын орналастырып, буыннан аралап, алдыңғы аяқты жауырынмен бірге тартып алады. (58-сурет)


### *Артқы аяқтарын кесіп алу.*

Төл жамбасымен келгенде, аяқтары бүгілмей дұрыс орналаспаған кезде артқы аяқтарын буыннын кесіп алуға тұра келеді. Ол үшін жабық пышақтың көмегімен жамбас-ортан жілік буынның тұсынан терісін кесіп-тіліп, тіліктің үстінен фетотом арасын өткізіп алып, аралап, артқы аяғын кесіп, ажыратып алып шығады.



**Сурет 60. Фетотом құралымен алдыңғы аяқтарын кесіп алу**

Кеуде қуысын қоршаған сүйектердің көлемін кішірейту үшін алдымен басын, аяқтарын кесіп алады. Одан кейін жауырынның тұсынан жасырын пышақтың көмегімен терісін, бұлшық еттерін соңғы қабырғаға дейін кесіп, терісін ірегішпен ажыратады, бұлшық еттерімен қоса қабырға арасындағы қуысқа өткір ілмекті өткізіп, ең соңғы қабырғадан бастап омыртқалардан барлық қабырғаларды сөгіп ажыратады.



**Сурет 61. Өлі төлдің артқы аяқтарын Тигезен фетотомының көмегімен Дран әдісі бойынша кесіп алу**

### **3.4.3. Кесарь тілігі**

Бұл ота (операция) құрсақ қабырғасын (лапоратомия) және жатырды тілуден тұрады (гистеротомия). Бұл ота жатыр мойыны жабысып өсіп

кеткенде, жамбас қуысының тарлығында, бұралып кеткен жатырды дұрыстай алмаған кезде және тағы басқа ұқсас жағдайларда жасалады.

Төл жатыр ішінде іріп-шірігенде немесе құрделі қабыну үдерісі болғанда жатырға кесарь тілігін жасауға тиым салынады.

Сиырга кесарь тілігін жасау үшін, малды бекемдеу қондырғысына (станок) кіргізіп бекемдейді немесе оң жағынан жатқызып бекемдейді. Ота алдында 3 %-дық новокаин ерітіндісін И.И.Магде әдісі бойынша немесе Б.А.Башкиров әдісі бойынша омыртқалық жансыздандыру (паравертеbralная) жасайды.


Жансыздандуды күшету үшін операциядан 1-1,5 сағат бұрын бұлшық етке аминазин егеді (1 кг салмағына 1,5 мг құрғақ заттан есепке алып). Екпені жасар алдында 2,5 %-дық аминазин ерітіндісін 0,5 %-дық новокаин ерітіндісімен жартылай сұйылтады.



**Сурет 62. Б.А.Башкиров әдісі бойынша кесарь тілігінде жасалатын омыртқалық жансыздандыру**  
1-соңғы қабырға аралық, 2- мықын тіректі, 3-мықын шап жүйкелері

Құрсақ қабырғасын қабырға ойпатының тұсынан, аш бүйірден төмен тіледі, тіліктің ұзындығы 35-40 см. көлемде. Тілер алдында терінің жұнін қырып, белгілі әдіспен тазартып дайындаиды. Құрсақ қабырғасын тілгеннен кейін жатырды үлкен дөңесіне сәйкес етіп тіледі де, төлді алып шығып, шуын ажыратады, одан кейін жатыр қуысына трициллин немесе басқа антисептикалық ұнтақ себеді. Жатырдағы тілікті кеттут жібімен екі қабатты етіп тігеді. Бірінші қабат шырша (елочка) тәрізді тігіп, екінші қабатына матрастық тігін салады.

Құрсақ қабырғасын үш қабат етіп тігеді: біріншісін - № 4 кеттутпен көк етпен фасцияларын тігеді; екінші үзіліссіз тігін салып, № 8 кеттутпен еттерін бір-біріне біріктіріп тігеді; үшінші қабатты - № 10 жібек жіппен теріп бекітіп, үзілмейтін тігін салады, жараның орынын йод ерітіндісімен залалсыздандырады да, үстіне антибиотик препараттар себеді. Жарадағы тігінді 8-10 күн өткенен кейін алып тастайды.



**Сурет 63. Ірі қара малда кесарь тілігін жүргізетін орындар**

#### **3.4.4. Буаз жатырды кесіп алып тастау (экстирпация)**

Бұл операцияны іштегі төл ыдырағанда, жатыр қабырғасы перфорацияланған және некроздалған, жатыр бұралып некроз дами бастағанда, жаңа түзілімдер пайды болғанда жасалады. Ұсақ малдарда операция жеңілдеу, ал ірі малдарда қын орындалады.

Операция жасалатын малды шалқасынан жатқызып, операция алаңын жалпы белгілі әдістермен дайындайды, тілінетін жерді 0,25-0,5 %-дық новокаин ерітіндісімен нифилтрациялық анестезия арқылы жергілікті жансыздандырады. Ұсақ малдарда артқы жұп емшектер деңгейінде ұзындығы 6 см немесе одан үлкендеу медиалдік, ал ірі малдарда вентролатералдік тілік жасайды. Құрсақ құйсын ашқаннан кейін операция алаңын сұрткіштермен айналдыра жабады да, жәймен жатырды сыртқа шығарады. Осыдан кейін екі лигатурамен алдыңғы және артқы жатыр артерияларын, сондай-ақ жатырдың кең шарбысы және жатыр тармақтары, денесі арқылы өтетін қан тамырларын байлайды. Мегежіндерде лигатуралар жұмыртқалықтардан жоғары орналасуы керек, себебі жатырмен бірге жұмыртқалықтарды да алып тастайды.



**Сурет 64. Буаз жатырды кесіп алып тастау (экстирпация)**

Жатырдың кең шарбысын қан тамырларымен бірге тігіп алғаннан кейін оны екі лигатураның арасынан қайшымен кеседі. Содан кейін жатырды артқа қарай барынша орайды, сонда ол тек жатыр мойнымен ғана жалғасып тұрады. Құрсақ қабырғасы жарасының алдыңғы жағына үш қабатты тігіс салады. Көлденең фасцияны құрсақ етімен бірге, жатырдың серозды қабатын қоса тігеді. Осындай тігінді жатырдың артқы жағынан да салады, сол кезде ол бір-екі түйреумен құрсақ пен көлденең фасцияға тігіледі және тері жарасына салынған тігінмен де қамтылады. Енді жатырдың шығып тұрған бөлігіне екі дәкелік лигатура салады, олардың бірін құрсақ қабырғасына едәуір жақыннатады; одан 2-3 см кейін жерден жатырды кесіп алып тастайды. Кесілген жерді 5%-дық йодтың спиртті ерітіндісімен өндейді, оның айнала сульфаниламид препараттарын себеді және терілік тігісті желім таңғыштармен желімдейді. Жара 7-10 күнде жазылады.

Егер жатыр ішінде іріңді-шіру үдерістері болмаса кесілген жатырды құрсақ қабырғасына жапсырып тікпейді, оны 5%-йодтың спиртті ерітіндісімен шаяды немесе емдік мақсатта ұлпаны құйдіруге арналған құралмен (Пакелен термокаутері) құйдіреді де, құрсақ қуысына қайта салады.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Пакелен темокаутері дегеніміз не?
2. Арқасымен келген төлді туу жолына келтіру әдісі қалай жүргізіледі?
3. Фетотом құралымен төлдің басын кесіп алу әдісін көрсетіңіз?
4. Төлдерді кері итеруге және тартуға арналған құралдарды атаңыз
5. Өлген төлді бөлшектеп алуда қандай құрал-саймандар қолданылады?
6. Б.А.Башкиров әдісі бойынша омыртқалық жансыздандыру қалай жүргізіледі?
7. Экстирпация дегеніміз не?

## **IV БӨЛІМ. ЖАҢА ТУҒАН ТӨЛ ГИГИЕНАСЫ, АУРУЛАРЫ ЖӘНЕ СҮТ БЕЗДЕРІНІҢ АУРУЛАРЫ**

### **4.1. Жаңа туылған төл күтімі**

**Мақсаты:** Ауыл шаруашылық малдарының туу үдерісін ұйымдастыру, туудың алғашқы белгілерін, көмек көрсету әдістерін оқып үйрену.

**Материал және жабдықтар:** Суреттер, плакаттар, муляждар, (табиғи) буаз малдар (сиырлар, қойлар, ешкілер және т.б.). стетофонендоскоптар, термометрлер, акушерлік қолғаптар, алжапқыш, станок, сабын, залалсыздандырғыш ерітінділер, және т.б заттар.

**Тапсырма:** оқу құралдары мен материалдарды пайдалана отырып, буаз малдардың тууына акушерлік көрсету және төлдерді күтіп бағуды оқып үйрену.

Ауыл шаруашылық малдарының туу үдерісіне алғашқы акушерлік көмек көрсету арқылы төлді және аналық малды аман сақтау шаруашылықта мал басын көбейтуді ұйымдастыру қажет.

#### **Жаңа туылған төл гигиенасы**

Дені сау, жақсы төл алу үшін малдың буаздық кезіндегі күтіміне, дұрыс азықтануына, жем-шөптің құнарлығына, уақтылы суалтуына баса назар аудару керек. Олай болмаған күнде іштегі төлдің есіп-дамуы бұзылып, әлсіз төл туады да, сыртқы ортандың әсеріне төзе алмай әртүрлі ауруға шалдырып, көбінесе өліп немесе өспей қалады (инфатилизм).

Төлдің күтімі. Жаңа туған төл ауыз-мұрының кілегейлі-шырыштан тазартып сұртеді, кіндігін 5-7 см қалдырып байлап кеседі де, ұшын қарбол қышқылына немесе йодқа салып күйдіреді. Содан кейін төлді енесімен бірге 1-2 күнге қалдырған дұрыс, бұл кезде анасы оның үстін жалап кептіреді. Бұл төлдің денесін ширықтырады, қан айналу жүйесінің тез қалыптасуына әсер етеді. Бұл кезде төл тез аяқтанып өздігінен анасының емшегіне жармасып еме бастайды.

Кейбір шаруашылықтарда бұзауын енесінің бауырында қалдырмай бөлек қораға (профилакторияға) алып кетеді. Ондай жағдайда бұзаудың үстін құрғатып сұртіп, жылы жерге орналастырып, бір сағаттың ішінде енесінің уызымен ауыздандыру керек. Уыз жылы болғаны дұрыс. Уызды неғұрлым кешіктірмей ертерек ішкізсе, соғұрлым оның төл ағзасына пайдасы көп. Себебі, туғаннан кейінгі алғашқы уыздың сапасы өте жоғары болады да, уақыт өткен сайын ол өзінің қасиеттерін жоя береді. Жаңа туған төлдің ішектарында алғашқы кезде ешқандай сөл болмайды, уыз сол қалпында ешқандай өзгеріске ұшырамай ағзага сіңе береді. Сөйтіп, төл ағзасын дайын гамма-глобулиндермен қамтамасыз етіп, оны әртүрлі індептерге төзімді етеді және жас төлдің ішін жүргізіп тоңғактан ажыратады.

Жас төлге уызды арнайы резина емізікпен ішкізеді. Әрине, емізіктің де, уыз құйылған шөлмектің де таза болуын мүқият қадағалап отыру керек.



**Сурет 65. Жаңа туылған төл гигиенасы**

Бұзауларды үстін құрғатып уызға тойдырыған соң жеке үйшіктеге орналастырады. Астында құрғақ тесеніш салынады (64-сурет).

Құлындар туғаннан кейін 1-2 сағаттан соң ғана аяғына тұруға талпынады, оған енесінің емшегін табуға көмектесу керек. Егер де құлын енесінің уызына (сүтіне) жарымаса, оны су араластырыған сиыр сүтімен бағады ( $0,5$  л сиыр сүті +  $0,5$  л қайнатаған су + 1 тауық жұмыртқасы + 2 ас қасық қант +  $10$  гр тұз).

Боталар өте әлсіз болады, күні бойы аяқтана алмайды, басқа мал сияқты ботаның үстін жаламайды, сондықтан үстін, ауыз-мұрынын құрғатып сұрту керек. Асты жылы, құрғақ болғаны дұрыс. Салқын күндөрі ботаның үстін орап жылы жауып  $15-16$  күн болғанда ботаны енесімен бірге қалдыртуға болады. Егер анасы қайтадан буаз болмаса,  $1,5$  жасқа дейін бірге жүре береді. Буаз түйелердің ботасын  $8-10$  айлық кезінде ажыратып бөледі.

Торайларды алғашқы 1-2 күндей анасынан бөлек жылы жерде ұстайды, тек әрбір  $1,5-2$  сағат сайын әкеліп емізіп тұрады. Торайлары көп болса енесінің бауырында емшек санына қарай  $10-12$ -сін қалдырып, артығын басқа мегежіндерге телиді. Торайларға  $5$  күннен бастап қосымша  $50$  г сиырдың су араластырыған сүтін бере бастайды. Су, қуырылған дән, минералды қоспаларды беріп үйретеді. Торайлар әсіресе темір тұздарына өте мұқтаж келеді. Астауға ұнтақталған бор, ағаш күйіктерін, сүйек ұнын керегінше салып қою керек.

Қозылар туғаннан кейін жарты сағаттың ішінде емшекке ұмтылмаса, оның аузын ашып, емшекті сауып ішкізеді. Қозысын алмаған жас саулықтарды әбден үйренгенше қозысымен бөлек қораға қамап қояды. Қозыны басқа саулыққа телігенде оның үстіне сол саулықтың сүтін жағады.

## **Жаңа туылған төл аурулары мен ауытқулары**

Жаңа туған төлдің өміршендігін анықтау жетілген бұзаудың ұзындығы 80-100 см, тірі салмағы 20-40 кг, онын денесі бірге қалың жүнмен жабылған, бас сүйегі жақсы қатқан, алдыңғы тістері жақсы көрінеді.

Жетіліп туған қозының ұзындығы 30-50 см, тірі салмағы 2-3 кг, денесі бүйраланған жүнмен жабылған, алдыңғы тістері шыққан.

Жетіліп туған құлышының ұзындығы 1-1,5 м. тірі салмағы 26-60 кг, денесі қалың жүнмен жабылған, бас сүйектері қатқан, алдыңғы тістері (асты мен үсті) шыққан.

Жетіліп туған торайдың ұзындығы 20-25 см, тірі салмағы 1 кг аса, денесі қылышықтармен жабылған, бас сүйегі қатқан, алдыңғы және сойдақ тістері шыққан.

Анамнездік мәліметтерді жинап, анасының жасын және онын бірінші рет ұрықтанған жасын, алдыңғы буаздықтары қалай өткенін, жүқпалы, жүқпайтын және инвазиялық аурулармен ауырған, ауырмаганын, азықтандыру және күтіп-бағу жағдайлары туу үрдісі қалай өткенін анықтайды.

Бұзаудың, қозының, құлышының және торайдың өміршендігін анықтау үшін мынадай көрсеткіштерді пайдаланады: төлдің салмағы, дene қызуы, тамыр соғуының және тыныс алу жиілігі, тua біткен реакцияларының байқалу дәрежесі: анасының мекіреніп шақыруы, емшекті сору рефлексінің көріну дәрежесі.

Төлдің дene бітіміне, түрегелу жылдамдығына, ашыққанын сезуіне және анасының желініне жақындауына көніл аударады.

**Жаңа туған төлдің тұншығуы** - деп жаңа туған төлде анасының жатырынан шыққан мезетте тыныс алудың бұзылуын немесе оның болмауын айтады.

*Себептері:* анасы мен төл арасындағы газ алмасудың бұзылуы, яғни төл қанының көмір қышқыл газымен толуы. Бұған буаз малдың ұзак уақыт бойы қажитын қымылдар жасауы немесе аналық плацентаның төлдік плацентадан біршама ажырауы, сондай-ақ анасының өкпе аурулары салдары себеп болады.

Көбінесе жиі кездесетін, төлді жатыр ішінде тыныс алуға мәжбүр ететін, туу кезіндегі қындықтар. Биелерде және сиырларда, төл жамбас жағымен келгенде жамбастың астыңғы қабырғасының шетімен қысылып төлде тұншығу туындалап, плацентарлық қан айналудың бұзылуына әкеліп соғады. Ұсақ малдарда да, төл туу жолдарында ұзак уақыт кідірген кездерде осындай құбылысты байқауға болады.

Кейде бірінен кейін бірі, жиі қайталанатын және ұзак толғақтар мен күшенулер плаценталарды қысады, соның салдарынан онда зат алмасуы бұзылып, төлдің тұншығуына, яғни тұншығуға әкеліп соғады. Тұншығудың жеңіл және ауыр түрлерін ажыратады.

*Клиникалық белгілері.* Жеңіл түрінде төлдің тыныс алуы бір қалыпты емес сырыйлайды, қысқа жетеліп ауыз қуысына шырыш жиналады. Аузынан тілі ісіңкіреп, көкшіл тартып, салбырап шығып кетеді; тамыр соғуы жиі және

әлсіз; көрінетін кілегей қабаттары көгерген; тік ішек көбінесе тоңғақпен ластанады. Жаңа туған төл қымылсыз жатады, кейде кіндіктен қан ағу байқалады.

Ауыр түрінде төлде ешқандай тіршіліктің нышаны байқалмайды. Мұнда тіршіліктің жалғыз белгісі тек төлдің әлсіз ғана жүрек соғысы.

Көмек көрсетуді төлдің мұрын және ауыз қуыстарына жиналған шырыштан дәкелік тампондармен тазартамыз. Бұл кезде төлдің артқы жағын көтеріп, ұстау керек. Қозы, лақ торай және күшіктерді артқы аяқтарынан ұстап, абайлап сілкүге болады.

Егер жаңа туған төлде беткейлік тыныс алу болса, онда оған мұсәтір спиртін қолданып, қеудесін ыскылайды және денесіне салқын су бұркуге болады.

Тыныс алуы мұлдем болмаған жағдайда дереу тыныс алу қимылдарын қалыптастыруға кіріседі. Бұл үшін төлді шалқасынан, басын төмендеу етіп жатқызады. Көмекші төлдің алдыңғы аяқтарынан ұстап, кезектестіре отырып, аяқтарын бір-біріне жақындастып немесе алшақтатады, екінші көмекші төлдің қабырғасынан ұстап аяқтардың жағдайына сәйкес басып немесе көтеріп отырады. Бұдан басқа көкірек қуысы кеңігенде тілін тартып, ал тарылғанда тілді керісінше, босатады. Мұндай әрекеттерді жүрек соғуы бар кезде тоқтатпай жасай береді.

Төлдің тыныс алуы қалыптасқаннан кейін бұл әрекеттерді ерте тоқтатуға болмайды, өйткені тыныс алу қимылдары қайта тоқтап қалуы мүмкін.

**Алғашқы тоңғақтың түспеуі.** Алғашқы тоңғақ (мекони) жаңа туған төлдерде әдетте туғаннан кейін дереу немесе бірер сафаттың ішінде түседі. Бірақ алғашқы тоңғақтың түспеуін жиі байқауға болады, әсіресе құлындарда ағза уланып, көбіне өліммен аяқталады.

***Себептері:*** уыздың жетімсіздігінен немесе сапасының нашарлығынан және төл ағзаның әлсіздігінен. Тоңғақтың каттылығы және ішектің атониясы осы тоңғақтың кідіруіне әкеліп соғады.

***Клиникалық, белгілері.*** Жаңа туған төлде дефекация жоқ. Туғаннан кейін екінші күні төл мазасыздынып, қүшеніп, арқасы бүкірейіп ішіне қарай береді және артқы аяқтарымен тыптырышып, тепкілене береді. Кейде терлеуі мүмкін, сонан соң жалпы әлсіздік белгілері байқалады.

Көмек көрсету үшін алдымен майлы немесе сабынды клизма жасалады. Сонан соң тік ішекте тұрған тоңғақты саусақтың көмегімен алып тастайды. Егер саусақтар жетпейтіндей, әріректе болса, онда сабынды судан клизма жасайды. Ол үшін жұмсақ резиналық түтікті тоңғаққа тірелгенше енгізеді, одан әрі тоңғақтың жібуіне қарай енгізіп, жіберіп отырады. 2-3 сафаттан кейін клизманы қайталау керек.

Бұнымен коса, ішке кастор майын (50 г) немесе глаубер тұзын (50-75 г) береді және ішектің перистальтикасын қоздыру үшін ішке массаж жасауға болады.

**Кіндіктен қан ағу.** Кіндіктен қан ағуды ауылшаруашылық малдарының төлдерінде байқауға болады. Веноздық қан ағу кезінде қан

ақырын, қысымсыз, пульссіз ағады, ал артериалдық қан ағу болса, онда күшті пульспен, қысыммен ағады.

**Себептері.** Кіндіктен қан ағу өкпе ателектазы, әлсіз тыныс алу немесе оның болмауы және жүрек ақаулары салдарынан болады. Кіндік бауды өткір аспаптармен, әсіресе, кіндік артериясындағы пульстің тоқтауына дейінгі мезетте кесу кіндіктен қан ағуға әкеліп соғады.

**Емі.** Кіндікті саусақтармен немесе гемостатикалық (қан тоқтататын) пинцетпен қысып, кіндіктің ұшынан екі елі кейін, залалсызданған жіппен байлайды. Сосын кіндіктің ұшын жоғары қайырып екінші рет байлайды.

Кіндіктің қалдығы өте қысқа болған жағдайда, түйреуішпен кіндік терісінің бір-екі жерінен түйреп алып, ұстінен жібек жіппен айналдыра қысатындағы тігін салады. Төл көп қан жоғалтқан кезде анасының қанын ауыстырып құйып, хлорлы натрийдің изотоникалық ерітіндісін құюға болады.

Урахус фистуласы. Урахус дегеніміз - төл іште жатқанда оның қуығымен (кіндік сақинасы арқылы) зәр қабатын жалғастырып тұратын тұтік. Осы тұтік төл сыртқа шығып, кіндік үзілгеннен кейін жабылуы тиіс, ал осы тұтік кейде жабылмай қалады оны **урахус фистуласы** деп атайды. Көбінесе құлындарда жиі, бұзауларда сирек кездеседі.

**Себептері.** Көбінесе қуық тұтігінің кіндік сақинасына тығыз жанасып өсуі, соның салдарынан урахус кіндік үзілгеннен кейін құрсақ қуысына қарай кірмей, ауызы жабылмай қалады.

**Белгілері.** Кіндіктен үнемі немесе оқтын-оқтын несеп бөлініп, кіндіктің айналасындағы жүні, терісі ылғалданып жүреді. Осының салдарынан бұл жердің терісі тітіркеніп, алдымен дерматит, ал уақыт өте келе сонынан флегмонаға айналуы мүмкін.

**Емі.** Қан тоқтатқандағыдай ем жасалынады, тігін салады. Қуық тұтігі фистуласын кіндіктің қабырғасын термоқаутермен, ляписпен, күйдіргіш майлармен күйдіру арқылы жабуға болады.

**Кіндіктің қабынуы.** Кіндіктің қабынуын барлық ауылшаруашылық малдарының төлдерінде кездестіруге болады, соның ішінде құлын, бұзауда жиі кездеседі.

**Себептері.** Жаңа туған төлдің кіндігінің қалдығы сыртқы ортадан түскен микроорганиздер үшін өте қолайлы орта болып табылады. Микробтар кіндіктің дәнекер ұлпасында да, сондай-ақ қан тамырларында да дами алады. Қабынудың дамуына туу кезінде кіндіктің өте қысқа болып үзілуі ықпалын тигізеді. Кіндіктің айналасындағы пайда болған жаракаттарда, микробтар үшін кіндікке қарай өтуге қолайлы орын болып табылады. Бұдан басқа, аурудың туындауына жаңа туған төлдерді күтіп-бағудың дұрыс болмауы әсерін тигізеді.

**Белгілері.** Кіндіктің қан тамырлары қабынған кезде, ауру туғаннан кейін біраз күннен соң басталады. Төл көп жата береді, азыққа зауқы жоқ. Дене қызуы жоғарылайды, тыныс алуды және тамыр соғуы жиілейді. Кіндік аумағы ауырғандықтан төлдің жүрісі өзгеріп, арқасы қисайып жүреді. Кіндік айналасындағы тері ірінді эксудатпен ластанады. Қолмен ұстап көргенде

кейбір жерлері қалындаған, ауырсынады. Басып көргенде қою, ісі жағымсыз ірің шығады. Кіндік қалдығының гангренозды қабынуы кезінде суланып, сұр-қызыл түсті болуы оның негізгі тәнді белгісі болып табылады. Кіндіктен жағымсыз, шірік іс шығып тұрады.

**Емі.** Кіндіктің қан тамырларының қабынуы кезінде залалсыздандырығыш, қыздырығыш компрестер қолданады (камфорлық немесе сулемалық спирт). Пісіп жетілген абсцесті тіліп, ішін және кіндік артериясының, венасының қабырғаларын калий перманганаты ерітіндісімен немесе басқа залалсыздандырығыш ерітінділермен жуып-шайып, спиртті тампондармен тазалап, антимикробтық препараттар ұнтағын қолданады.

**Буындар контрактурасы.** Тұсамыс, бақай буындарының бүгіліп немесе мойындарының қисайып тууы сияқты контрактуралар жана туған төлдерде жиі кездеседі.

**Себептері.** Контрактуралардың негізгі тікелей себебі, жатыр ішінде шарана сулары аз болғандықтан, төлдің орналасуы және дұрыс болмайды.

**Белгілері.** Төлдің аяқтары тұсамыс буынынан бүгілген болса, туған кезде дұрыс тұра алмайды, жатқанда буындары бұлтиып шығып тұрады.

**Емі.** Төлдің мойыны егер сол жағына қисайған болса, онда оны мойынын бұруға мәжбүр етіп оң жағынан салып емізеді. Аяқтарының буындарын таңып байлайды. Тек кейбір жағдайларда буындарды жазу үшін саусақтың тереңдік бүккіш сіңірлерін тенотомия жасауға тұра келеді.

**Төлдің артқы (анус) тесігінің бітімег болып тууы.** Төлдің артқы тесігінің болмауы, яғни бітеу тууы. Көбінесе торайларда кездеседі, кейде құлындарда да кездеседі. Бұл кезде тік ішектің ұшы тері астында немесе жамбас қуысында тереңіректе орналасады, кейде ұрғашы малдарда қынапқа қарай ашылуы мүмкін.

**Белгілері.** Бұл кемшіліктің негізгі белгісі сол туғаннан кейін бірнеше сағаттан соң, жаңа туған төл мазасызданып, әсіресе, емгеннен кейін іші кебеді. Төл емшек емуден бас тартып, онда жалпы әлсіздік байқалады. Тексеріп қарағанда артқы тесіктің жоқ екенін анықтайды. Саусақпен сипап, басып көргенде тері астында, жамбас қуысында, терең орналасқан тік ішектің ұшын байқауға болады.

**Емі.** Артқы тесікті операциялық жолмен қалыптастыру қажет. Бұл үшін операция алаңын дайындалғанда алып, анус өтетін жерден (+) тәрізді етіп тіліктер жасайды. Содан соң жамбас қуысының дәнекер ұлпасын ажыратады. Тік ішекті тауып, оның ұшын сыртқа қарай тартып әкеліп, теріге бірнеше жерден бекітіп тігеді. Осыдан кейін скальпелмен тік ішекті тіліп, ішіндегі тоңғақтан арылтады да, әлсіз залалсыздандырығыш ерітінділермен шаядь. Әрі қарай жараның жазылуын бақылап, залалсыздандырығыш майлармен майлап тұрады.

## **Желінсау**

Желінсау немесе сүт безінің қабынуы, сиырларда жі бұзаулағаннан кейін бірінші күндері немесе тұғаннан кейінгі уақытта сауын аспабының немесе қолмен сауу ережелерді бұзығанда, сауым реті бұзылғанда, желіннің морфологиялық немесе функциональдық ақауларында, шу түспей қалғанда, жатырдың субинволюциясы мен атониясында, ағзадағы

эндокринді және басқа өзгерістерінде және де жарақаттарда, желін індептермен байқалады (66 сурет). Сүт бездерінің ісуі, қызаруы, жергілікті температураның жоғарлауы болады. Катаральды желінсауда сүт сулы, үлпектермен, айранға ұқсас, ірінді – кейде сары түсті сұйықтық немесе сұр түсті, кейде қанмен аралас қою масса бөлінеді, қабынған желіннің көлемі ұлғаяды. Кейде сүт бездерінде ойық ірінді шақтар (абсцесстер) пайда болады. Ауру белгілеріне тәбеттің болмауы, шөлдеу, тынышсыздану, алдыңғы қарындардың атониясы байқалады. Ауруға балау сүт сынамалары зертханалық зерттелгеннен соң қойылады. Жасырын желінсауды анықтау үшін сауын сиырларын айна бір рет тексереді, мысалы, димастинмен, милтек құралдарымен. Ауру мал рационындағы суға, шырынды азықтарға шектеу қояды. Аурудың бастапқы кезеңінде сұық қолданады кейіннен спирттік жылды (компресс) қолданады, ерітілген парафин, уқалау, жеңіл тітіркендіретін майлар мен линименттерді жағу ұсынылады. Желінге үрпісі арқылы антибиотиктер, сульфаниламидтік, нитрофуранды ерітінділерін ауру ағымына сәйкес ұсынады. Ауру мал сүтін тағамдық ретте пайдалануға тиым салынады.



**Сурет 66. Ірі қара мал желінсауы**

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Желінсау дегеніміз не?
2. Төлдің артқы тесігі болмағанда ота қалай жүргізіледі?
3. Жаңа туылған төлдің тұншуының белгілерін атаңыз?
4. Кіндіктен қан кетуде қолданылатын қан тоқтату әдістерін көрсетіңіз?
5. Жаңа туылған төл ауруларын атап беріңіз?
6. Желінсауды анықтау әдістері?
7. Урахус фистуласы дегеніміз не?

## V БӨЛІМ. ГИНЕКОЛОГИЯЛЫҚ АУРУЛАР

### 5.1. Ұрғашы буаз малдарды гинекологиялық зерттеуден өткізу әдісі

Акушерлік ауруларға буаздық, туу және туудан кейінгі кезеңдердегі кездесетін аурулар, қынаптың айналуы, жатырдан қан кету, жатырдың ісінуі, әлсіз және қарқынды толғақ, туу кезіндегі ұрғашы малдың жамбас қуысы мен төлдің өзара қатынасының сәйкес келмеуі, шудың түспей қалуы, туудан кейінгі сепсис аурулар жатады.

Гинекологиялық ауруларға жыныс ағзаларының буаздық пен тууга қатынасы жоқ аурулар тобы, қынап кіреберісі мен қынаптың індепті қабынулары, эндометриттер, сальпингит, оофорит және аналық жыныс безінің дисфункциялары – кисталар, гиперфункция, атрофия, склероз және тұрып қалған сары дене жатады.

Буаз мал ауруларын зерттеу анамнездік деректерден, жалпы клиникалық, арнайы, қынап арқылы, тік ішек арқылы, зертханалық, бактериологиялық, гистологиялық зерттеулерден, қан сарысуның биохимиялық анализінен, физико-химиялық тәсілдері қолданылады.

Ұрғашы малдардың жыныс ағзаларының ауруларын анықтауда ауру тарихы толтырылып ауру малды тіркеуден өткізеді және курация парагы толтырылады. Оған анамнездік деректер, клиникалық, зертханалық, арнаулы және ультрадыбыстық зерттеулер енеді. Зерттеу барысында малдың тегі, жасы, шаруашылықтағы күтіп бағылуы да ескеріледі.

#### *Анамнездік деректерге*

а) ветеринарға жүгіну себебі;

б) аурудың пайда болу мерзімі, жалпы жағдайының өзгеруі, малдың қондылығы, сауылуы мен сүт сапасы; малдың егесі, қандай дәрілік заттар қолданылғандығы және оның нәтижелері,

в) буаздық пен бұзаулау жиілігі;

г) жыныстық циклы, соңғы ұрықтану мезгілі көрсетіледі.

*Жалпы клиникалық зерттеулер.* Дене қызыын өлшейді, тамыр соғысын анықтайды, жүрек, қан тамыр, тыныс алу, ас қорыту, несеп жыныс жолдарын зерттейді. Малдың жалпы жағдайына, қондылығына, көрінетін кілегей қабықтарының түсіне, теріге жақын орналасқан лимфа түйіндеріне, малдың мінез-құлқына, жүріс-тұрысына назар аударады.

*Арнайы зерттеулер* – сыртқы және тік ішек пен қынап арқылы зерттеуден тұрады.

Сыртқы зерттеулерге малдың сыртқы пішінін қарау, сипау әдістерімен жүргізіледі. Зерттеу ашық кең аланда немесе жарық бөлмелерде жүргізіледі. Малдың құрсақ, жамбас, құйрық және құйымшақ тұсына, жыныс ернеулеріне аударады. Қынаптан ақсан сүйиқтықтың мөлшеріне, түсіне, қоюлығына, мөлдірлігіне, иісіне, фибрин талшықтарына, іріңің, қанның араласуына назар аударады.

*Қынап арқылы зерттеу.* Жыныс ернеулері жылы сумен сабындалып жуылады, залалсыздандырылғыш ерітінділермен шаяды, заарсыздандырылған

тампондармен құрғатылады. Тазаланған қолды 70% спиртті ерітіндімен залалсыздандырады. Жыныс ернеулерін саусақтармен ашып, кілегей қабықтардың түсін, ондағы өзгерістерді, ойық жараларды (эрозияларды), қанталауларды зерттейді. Қынап айнасын жанына қаратып, жабық күйінде қынапқа енгізіп, сабын төмен қаратып, жарық бергіш қосып, қынап кілегей қабығын, ылғалдылығын, жатыр мойнын және бөлініп тұрған сұйықтықтарды зерттейді. Жатыр патологиясында жатыр мойнының қызаруы, ісінуі, ойық жаралардың (эрозия) болуы, әртүрлі сұйықтықтардың бөлінуі, қанның ағуы байқалады.

*Tік ішек арқылы зерттеу.* Тік ішек арқылы зерттеу бір рет қолданылатын поліэтилен қолғап киіп жүргізіледі. Малдың құйрығын екінші қолмен тартып вазелин жағылған қолды саусақтар басын үшкірлеп тік ішекке бұрғылай отырып енгізеді. Қолды тік ішекке енгізгеннен кейін саусақтарды ашып тік ішекке салқын ауа енгізеді. Тік ішектің ампула тәрізді тұсын нәжістен тазалап, қолды тік ішектің тарылған жағына қарай енгізеді. Зерттеу жатыр мойнынан бастап, жатыр денесін, оның тармақтарын, ұрық жолдарын зерттейді. Қалыпты жағдайда жатыр жамбас қуысында, сақа малдарда жатыр құрсақ қуысына салбырап тұрады. Ірі қара малда жатыр мойның диаметрі 2,5-3,5 см, ұзындығы 8-10 см.көлемде болады. Жатыр тармақтары серпімді, қосақталған ұзынша қолға сезілетін аралық ойығы бар тармақ түзеді.

Зертханалық зерттеулер әр түрлі тесттер, бактериологиялық зерттеу көп жағдайда жатырдың жасырын қабыну ауруларын және ондағы патогенді микрофлораның дәрілік заттарға сезімталдығын анықтауда қолданылады. Гистологиялық зерттеулер эндометриттің жасырын түрін анықтауда кеңінен қолданылады. Гистологиялық зерттеуге арнайы кесінді жасайтын құрал биотомның болуы шарт. Қан сарысуының биохимиялық анализінде жануарлардағы зат алмасу үдерістерінің, каротин, кальций, фосфордың және кетон денешіктерінің қан сарысуында бар жоқтығы анықталады. Физико-химиялық әдіс арқылы да жасырын эндометритті анықтаудың қолайлы әдістері.



**Сурет 67. Ірі қара мал буаздығын «Драминский» УДК арқылы зерттеу**

**Жасырын эндометритті анықтау.** Малдың күйлеген кезіндегі цервикальді шылымнан пробиркаға 2 мл алып оған 2 мл күйдіргіш натрийдің ерітіндісін араластырып, спиртовкада қайнатады. Егерде шыны тұтіктегі сұйықтық мөлдір немесе ашық сары түске боялса, ауруға теріс, лимон тәріздес түске боялса эндометрит ауруына оң нәтиже берілгендейін дәлелдейді.

**Жатыр инвалиюциясын физико-химиялық әдіспен анықтау.** Шыны тұтікке 3-5 мл тазартылған су құйып, үстіне жатыр мойнынан алынған сұйықтықтан 2-3 тамшы қосып, 1-2 минут спиртовкада қайнатамыз, егерде жатыр субинвалиюциясына оң нәтиже берсе сұйықтық лайланады, патологиялық ұдеріс болмаса сұйықтық тұннық күйінде қалады.

**И.С.Нагорный әдісі.** Шыны тұтікке 2мл жатыр лохиынан (жатыр ішіндегі сұйықтық туғаннан кейінгі) құйып, үстіне (1:1000) қатынасындағы лактат ерітіндісін қосады, егерде туғаннан кейінгі кезең дұрыс өткен жағдайда шыны тұтіктегі сұйықтық мөлдір болып, шыны тұтікті шайқағанда бұзылмайды. Эндометритте тұнба түзіліп, ыдырап кетеді

## **5.2. Ауыл шаруашылық малдарының бедеулігі мен белсіздігі және әмбрионды қөшіріп қондыру**

**Мақсаты:** ауыл шаруашылық малдарының бедеулік себептерін, ерек малдың белсіздік салдарын зерттеу және әмбриондарды қөшіріп-қодыру техникасын игеру..

**Материал және жабдықтар:** Суреттер, плакаттар, муляждар, (табиғи) бедеу ұрғашы, белсіз аталақ малдар (бұқалар, қошқар, қабан, теке, күйлеп тұрған сиырлар, қойлар, ешкілер және т.б.). қынап айналары, бір рет қолданылатын полиэтилен акушерлік қолғаптар, донорлар, реципиенттер, термостат, микроскоп, Касу катетері, Фоллей катетері, Петри табақшасы, сағат әйнегі, әмбрионды жуып-шайып алуға арналған (№199, Дюльбекко ортасы) орталар, 96% спирт, тамызғыштар, 250 және 500 мл-лік мензуркалар, мақта, дәке сұлгілер және т.б.

**Тапсырма:** оқу құралдары мен материалдарды пайдалана отырып, ауыл шаруашылық малдарының бедеулік себептерін, ерек малдың белсіздік салдарын және төлді трансплатациялау әдістерін оқып үйрену

### **5.2.1. Бедеулік (қысыр қалу, қысырлық) және төл бермеу (бесплодие)**

Бедеулік деген - аналық малдың уақытша, не өмір бойы буаз болмауы, төлдеу қабілетінің жойылуы. Себебіне қарай: туыстықтан болған бедеулік (инфанилизм, фримартинизм, гермафродитизм), кәріліктен болатын бедеулік (жыныс мүшелерінің семуі), симптомдық бедеулік (жыныс мүшелерінің аурулары), алиментарлық бедеулік тағы да басқаларына бөлінеді.

А.Ю. Тарасевич келесі бедеулік себептерін ажыратуды ұсынды.

1) экстрагенитальды - жас, эндокриндік жүйе, жүйке жүйесі, сұт безі, жүқпалы және инвазиалы аурулар.

2) интрагенитальды - аналық жыныс бездерінің қалыпсыздығы (фолликулярлық қуыс, персистентті сары дене, сары дене қуысы), ұрықтану кезеңінің имплантациясы, жатыр және басқа жыныс жолдары компонентерінің қалыпсыздығы, эндокринді анофродизия, нимфомандық.

3) экзогенді - алиментарлық жағдайлар, жарық жетіспеуі, басқа да себептер.

Қазіргі кезде бедеулікті жіктеудің 10-нан аса түрі ұсынылды. Олардың барлығы бедеуліктің пайда болуын және оны жою жолдарын табуға бағытталған. Сондықтан да бедеулік себебін жіктеу сәтсіздікке ұшырап отыр. Арнайы зерттеулер бедеулік себебін табу қын екендігін көрсетті. Бедеуліктің себебі мен пайда болуында, 3 вариациалар кездеседі: 1) бір себептер, біркелкі жағдайда кейбір малдарда ұрпақ қуалауына кері әсерін тигізсе, ал басқа малдарға әсер етпейді. Мысалы: сапасы мен саны жағынан қалыпсыз азықтандыру салдарынан кейбір малдарда бедеулік пайда болады, ал қалған аналықтар әдеттегідей ұрықтанады (көбейеді). 2) бірнеше түрлі себептер, біркелкі сипатталатын бедеулік бейнесін береді. Мысалы, қалыпсыз азықтандырудан туатын бедеулік, қуаңшылық кезеңдерде азықтарды дұрыс дайындағанда, азықтарды дұрыс қолданбағанда т.б. себептердің әсерінен дамиды. 3) белгілі жағдайда бір себеп организмде' бедеулікке тән морфологиялық және функциональдық өзгерістерді тудырады, ал басқа себептер әсерін бермейді.

Аналық пен өндірушілердің жыныс және басқа ағзаларының ауруларына байланысты өндіру қызметінің бұзылуы. Жыныс аппаратында патологиялық ұрдістердің дамуы малдардың төлділігіне ғана емес, сонымен қатар оның барлық өнімділігіне қайшы әсер етеді. Гинекологиялық және басқа аурулар малдың жағдайының нашарлауымен өтуі мүмкін. Бедеуліктің бұл түрі организмнің ауыр ауруға шалдыққанының белгісі болып саналады. Функционалдық бұзылу делінетін аурулар аналық жыныс бездерінің, ағзаның ауру белгісі немесе өмірсүру жағдайының нашарлығын көрсетеді. Көп жағдайда сиыр бедеулігі жүрек-тамыр жүйесі, ас қорыту жүйесіне туғаннан кейінгі аурулар тигізетін кеселдер болып табылады. Г.В.Зверева, Ф.Я.Сизоненко, Е.Ф.Кочетова симптоматикалық бедеулікті аусыл ауруы кезінде байқаған. Биологиялық факторлар, инфекция, инвазия бедеулік тудыруы мүмкін, немесе ағзаға жалпы патогендік әсер етеді немесе жергілікті қабыну ұрдістері жиынтығын тудырады және жыныстық салада вагинит, цервицит, эндометрит, сальпингит сияқты ауруларды көрсетеді.

### **5.2.2. Мал шаруашылығында бедеуліктен болатын экономикалық шығынды есептеу**

Жылқылардың бедеуліктен емдеудің экономикалық тиімділігін есептеу. Жылқы бедеулік ауруы мал шаруашылығына өте үлкен зиян' келтіреді. Әсіреле, ет, сүт өндіретін жылқы шаруашылығының экономикасы айтарлықтай шығынға ұшырайды. Бұл аурудың экономикалық шығынды анықтайтын көптеген тәсілдер ұсынылған. Олардың барлығының өзіндік құндылығы, ерекшеліктері және есептеу әдістері бар, бір-біріне сәйкес келе бермейді. Кейбір әдістер экономикалық шығынды толық қамтымайды. Келесілері өте көп мәліметтер жинауды талап етеді және өте құрделі формулаларды қолданып есептейді. Кей асқынған жағдайларда (жіті сепсис) жылқы малының өлім-жітімінен, оларды лажсыздан союдан болатын экономикалық' шығынды (Ш) – толық қонды малдың орташа сатылу бағасымен алынған түсімі айырмасы ретінде келесі өрнек бойынша есептеуге болады:

$Ш' = M * C * B;$  мұндағы  $M$  - өлген, лажсыздан сойылған не жойылған мал саны;

$C$  – жыныстық-жастық топтарына қарай малдың орташа тірі салмағы, кг;

$B$  - өнім бірлігінің сатылу бағасы, теңге; Мысалы, жылқының метастазды түрімен асқынуынан орташа салмағы 350 кг 1 жылқы өлді деп есептегендегі, ет комбинатында тірідей сатып алу бағасы 450 теңге деп алсақ, онда  $Ш' = 1 * 350 * 450 = 157500.$

Мал өнімділігі төмендеуінен болатын экономикалық шығынды - өнімдердің төмендеу коэффициенттерін пайдаланып немесе сау мал мен ауру мал өнімділігінің айырмасын ескеріп, мына әдіспен анықтаймыз:  $Ш'' = M * (Cc-Ca) * T * B;$  мұндағы

$M$  – ауырған мал саны, бас;

$Cc, Ca$  – дені сау және ауырған мал өнімділігінің орташа мөлшері айырмасы, кг, л, ц;

$T$  – малдардың өнімділігі төмендегенін бақылау мерзімінің ұзақтығы.

$B$  - өнім бірлігінің сатылу бағасы, теңге; Мысалы, ауруға шалдыққан биелерден алынатын сут мөлшері біршама төмендейді. Мысалы, егер ауырып, бедеу қалған 6 биеден алынатын сут мөлшері орта есеппен 23л, олар шамамен 22 тәулік бедеу болған. Ал уақытында ұрықтанған биелердің тәулігіне орташа 45 л сут өндірілген. 1 л сүттің бағасы 150 теңге.  $Ш'' = M * (Cc-Ca) * T * B'$   $Ш'' = 6 * (45-23) * 22 * 150 = 435600$  теңге.

### **5.2.3. Еркек малдың белсіздігі**

Туа біткен белсіздік жыныс мүшелерінің жетілмей қалуынан (аномалия).

Себебі: Еркек мал ұрықтарының жетілмей қалады-инфантализм және крипторхизм (бір еннің құрсақ қуысында қалып қоюы).

Алиментарлық белсіздік азықтандыру салдарынан туындаиды.

Емі: Азықтандыруды реттеу, жетіспеген қоректік заттармен толықтыру, (сүт, майы ажыратылған сүт, жұмыртқа, сүйек ұнын және т.б.).

Жыныс мүшелерінің ауруы салдарынан туындайтын белсіздік.

Себебі: 1) спермогенездің нашар жүруі. 2) спермийге қан араласуы жыныс жолдарының аурулары. 3) эякулятты шығара алмауы-жыныс жолдарының тарылуы. 4) ұрықтандыра алмау жышыс мүшелерінің ауырсынуы.

Емі: Әрбір ауруды белгілеріне қарай емдік шаралар жүргізеді.

Ерекек малды пайдалануды бұзудан туындайтын белсіздік. Емі: Табиғи жағдайда шағылыстырғанда бір бас ерекек малға: бұкаға-50-60 бас ұрғашы мал, қошқарға-50-100 бас саулық, қабанға-12-15 мегежін, айғырға-25-30 бас бие бір жылға бегілеу керек.

## **ҚОРЫТЫНДЫ**

Ветеринариялық мамандарды дайындаудында жануарларға жасанды ұрықтандыру жүргізу ерекше роль атқарады. Оқыту нәтижелеріне сүйеніп жазылған техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының ветеринарлық техник мамандары мен жұмысшы біліктіліктерін дайындауда қажетті оқу құралы. Аталық және аналық малдардың жыныс ағзаларының анатомиясы мен физиологиясын, ауылшаруашылығы малдарын ұрықтандыру әдістерін, төлдеу физиологиясын және жыныс мүшелері мен сүт бездерінің аурулары туралы мәліметтер ТЖКБ берудің ұлгілік бағдарламаларына сәйкес берілді. Жануарларға жасанды ұрықтандыру жүргізу жануарлардың өнімділігіне (сүт, ет, жұн және т.б.) тікелей байланысты. Шаруашылықтарда жыл сайын сиырлардың 20 – 30% акушерлік және гинекологиялық аурулар салдарынан жарамсыз құйге келіп жойылады.

Қазіргі заманың мал дәрігерлік акушерліктің ең негізгі мақсатының бірі –ауылшаруашылығы аналық және аталық малдардың акушерлік және гинекологиялық аурулардан сақтандырып, дені сау төл алып, елімізді сапалы мал өнімдері мен шикізаты мен қамтамасыз ету.

«Жануарларға жасанды ұрықтандыру жүргізу» оқу құралы қалыпты және патологиялық анатомия, физиология, зоогигиена, гистология, эмбриология, микробиология, ішкі аурулар, хирургия, фармакология және басқа пәндермен тығыз байланыста оқытылады.

## **ПАЙДАЛАНЫЛГАН ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Студенцов А.П., Шипилов В.С., Никитин В.Я и др.; Под ред. Никитина В.Я. и Миролюбова М.Г. - 7-е изд.; перераб. и доп. "Ветеринарное акушерство, гинекология и биотехника размножения" - М.: Колос, 2000.
2. Жоланов М.Н., Қойбағаров Қ.У., Төребеков О.Т. «Мал акушерлігі және гинекологиясы». Қаз ҰАУ. Алматы. «АгроУниверситет» баспасы, 2005.
3. Никитин В.Я., Миролюбов М.Г., Гончаров В.П., Храмцов В.В., Преображенский О.Н практикум по акушерству, гинекологии и биотехнологии размножения животных-М.:Колос, 2004.
4. Жоланов М.Н., Қойбағаров Қ.У., Төребеков О.Т. «Мал көбею биотехнологи-ясы». Қаз ҰАУ. Алматы. «АгроУниверситет» баспасы, 2009.
5. Төребеков О.Т. «Сиырдың акушерлік-гинекологиялық аурулары». Қаз ҰАУ. Алматы. «АгроУниверситет» баспасы, 2010.
6. Студенцов А.П., Шипилов В.С., Субботина Л.Г., Преображенский О.Н.под ред. Шипилова В.С. "Ветеринарное акушерство, гинекология" - 5-е изд. испр. М.: Колос,1980.
7. Родин И.И., Тарасов В.Р., Якимчук И.Л. "Практикум по акушерству, гинекологии и искусенному осеменению сельскохозяйственных животных".-2-е изд., перераб и доп. – М.: Колос, 1979
8. Шипилов В.С., Зверева Г.В., Родин И.И., Никитин В.Я. "Практикум по акушерству, гинекологии и искусенному осеменению сельскохозяйственных животных". М.: Агропромиздат, 1988
9. Ветеринарное акушерство и гинекология под ред. проф. Кононова Г.А. Л.: Колос, 1977. 10. Рекомендации по искусенному осеменению крупно рогатого скота и овец. Республиканский племенной центр по животноводству АО «Асыл тұлік» Астана – 2006 г.
10. Полянцев Н.И., Подберезный В.В. Ветеринарное акушерство и биотехника репродукции животных. Ростов-на-Дону.: Феникс 2001.
11. Карпов В.А. Акушерство и гинекология мелких домашних животных М.: Росагропромиздат, 1990.
12. Ермаченко Н.Н. Акушерство и гинекология сельскохозяйственных животных М.: Колос, 1993.

ҚАНЖІГІТОВ Е.Қ., ҚОЙБАҒАРОВ Қ.У.,  
АХАНОВ Д.Д., ДОСПУЛОВ Ж.А.

ЖАНУАРЛАРҒА ЖАСАНДЫ ҰРЫҚТАНДЫРУ ЖҮРГІЗУ

Басуға 10.12.2018 ж. қол қойылды  
Пішімі 60\*84 1/8  
Цифрлық баспа  
Шартты басп.т. 13,5. Тараптұмы 32 экз.

«Профи Полиграф» компаниясында басылған